

# ДҮНИЕ ЖУЗІ ТАРИХЫ



Қайта өнделген және түзетілген 4-басылымы

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі жалпы орта білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған оқулық ретінде баспаға ұсынған*

«О'QITUVCHI» БАСПА-ПОЛИГРАФИЯ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІ  
ТАШКЕНТ — 2019

УЎК: 94(100)(075.3)

КБК 63.3(0)я72

Ж 35

Тарихи әдебиеттерді баспаға дайындау және басып шығару бойынша  
сарапшы тобының қорытындысына орай Республикалық  
білім беру орталығының тарих пәндерінің  
оку-методикалық кеңесі баспаға ұсынған.

*Авторлар:*

**М.Лафасов, У.Жораев,  
Е.Халиков, Д.Қадирова**

*Жауапты редактор:*

**Е. З. Нуридинов** – тарих ғылымдарының докторы, профессор.

*Пікір білдірушілер:*

**Р.Р. Назаров** – философия ғылымдарының кандидаты;  
**Б.Абдуллаев** – жоғары санатты оқытушы.

## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Тақырып бойынша өз бетінше жұмыс істеу.



Есте сакта.



Терминдер мазмұны.



Пікірталас үшін тақырып.



Сұрақтар мен тапсырмалар.

**Республикалық мақсатты кітап қоры есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-22-397-4

© М. Лафасов, т.б.

© «O'qituvchi» БПШУ, 2019 ж.

## КІРІСПЕ

Қадірлі окушылар!

Сен тәуелсіз Өзбекстан перзентісін. Дүние жүзі тарихын оқығанда елбасымыз Шавкат Мирзияевтің «... дүниеде, айналамызыда қоғаммызыдағы тұракты жағдайды ізінен шығару, адамдар арасына жікшілдік салу, дұшпандық тұқымын себу, түрлі қақтығыстарды туғызу және тіптен қан төгілуін тілейтін күштер де, өкінішке орай, жоқ емес» деген сөздерін есте сактауын және оның тұп-тамырлары XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіне барып тірелуін білуің керек.

Сен жалпы орта білім беретін мектептің 9-сыныбына өттің. Сен 8-сыныпта «Дүние жүзі тарихы» бойынша XVI ғасырдың бас кезінен XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі дәуірді біліп алғансың. Бұл дәуірде қоғам өркендеуінде даму күшейді. Өндіріс іріленді. Саяси демократия ресмиленіп, жоғары топтың үстемдік формалары жетілді. Сен дүние жүзі тарихының ең қызық, сонымен бірге, күрделі дәуірін оқисың. Өйткені бұл дәуірде дүниеде үлкен өзгерістер болды. Бұл дәуірдің негізгі белгісі – өндірісте монополистік капитализм орнады. Әр түрлі синдикаттар, картельдер, концерндер жүзеге келді. Өндіріс орталықтанды, шетелге капитал шығару басталды. Көптеген мемлекеттер 100 жылда жете алмаған дамуға қол жеткізді.



Базар экономикасына тән болған мұндай өзгерістерді қа-зір біздің мемлекетіміз басынан кешіріп отыр. Қоғам дамуының тарихи тәжірибелерінен бүгінгі күнде пайдалану, жіберілген қателерді қайталауда мемлекетімізде ұлы қоғам құруды және дүние жүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуымызды жеделдетеді. Сол себепті дамыған мемлекеттер тарихын терең зерттеп, оның жақсы жақтарын республикамыздың өркендеуі үшін пайдалану әрқайсымыздың қасиетті борышымыз болып табылады.

Осы оқулық тарихты жаңаша дәуірлендіру негізінде даярланған, XIX ғасырдың 70-жылдарынан 1918 жылға дейінгі дәуірді өз ішіне қамтиды.

**I  
БӨЛІМ****XIX ФАСЫРДЫҢ СОҚЫ  
XX ФАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ  
ДУНИЕ ЖҰЗІ****ДУНИЕ ЖҰЗІНІЦ ӘЛЕУМЕТТІК-  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ КӨРІНІСІ****1-§.****XIX ғасырдың соны — XX ғасырдың бас кезіндегі капитализмнің дамуында болған түпкілікті өзгерістер****Өндірістің шоғырлануы**

XIX ғасырдың соны — XX ғасырдың бас кезінде капитализм дамуында жаңа саты — монополистік капитализм деп аталған саты орнады.

Монополистік капитализм — капитализмнің экономикалық тіршілігінде монополиялар дамыған, қаржы олигархиясы қалыптасқан, өндіріс шоғырланған және ұлтаралық корпорациялар жүзеге келген, ал саяси өмірде олардың қоғам тіршілігі үстінен үstemдік орнатылған сатысы болып табылады.

Капитализмнің бұл сатысы ерікті капитализм сатысынан төмендегі негізгі белгілерімен өзгешеленіп тұрады:

**1. Өндіріс саласында монополиялардың жүзеге келгені.**

Монополия өндіріс немесе сауданың бір саласында дара басшылықты өз колына алған үлкен кәсіпорын немесе кәсіпорындар бірлестігі болып табылады. Монополиялар индустриялы мемлекеттердің барлығында жүзеге келген еді.

Олар картель, синдикат, трест және концерн түрінде мемлекет шаруашылығының кез қелген саласында үstemдік ететін. Мәселен, 1893 жылы Германияда құрылған Рейн-Вестфалия көмір синдикаты мемлекетте қазып алынатын және сатылатын көмірдің негізгі бөлігін өз колына шоғырландырған.

XIX ғасырдың соңында Германияда 250, ал АҚШ-та 185 монополия қызмет атқарған.

**2. Қаржы олигархиясының жүзеге келгені.**

Бұл жағдай өнеркәсіп және банк капиталының бірігуі нәтижесінде болған. Өндірістің орталықтануы мен өнеркәсіптің монополиялану үдерісі банк қызметінде капиталдың орталықтануына себеп болды. Құшті бәсеке арқылы шағын банктер дағдарысқа ұшырап, ірі банктер

құрамына қосылып кетті. Нәтижеде, өте үлкен қаржы құдіретіне және өз мемлекетінде үлкен саяси ықпалға да болған қаржылық орталық – банк-гиганттар (ірі банктер) жүзеге келді. XX ғасырдың бас кездерінде осындай банктер Францияда үшеу, ал АҚШ-та екеу еді.

Банк капиталы мен өнеркәсіп капиталының бірігіп кетуі капиталдың жаңа түрін – қаржы капиталын жүзеге келтірді. Болат, мұнай, газет, тағы басқа сала «падишахтарының» өте үлкен банк-өнеркәсіп империялары пайда болды.

АҚШ-та мемлекеттің экономикалық тіршілігін бақыладап тұрған 60 отбасының осындай империялары бар еді. XIX ғасырдың сонында бұл отбасылардан «үлкен үштік» – Рокфеллер (мұнай), Морган (қаржы), Карнеги (болат) бөліп тұратын. XX ғасырдың бас кездерінде Карнеги өзінің көп миллионды меншігін сатқаннан соң, американцытардың көзқарасында, іскерліктең табыс пен байлықтың құдіреті екі адамда – Морган мен Рокфеллерде нақты көрінді. Атап айтқанда, Рокфеллердің мұнай тресі мемлекеттегі мұнай өнімдерінің дерлік барлығын өндіретін, ал Морганның болат тресі болаттың 66 пайзызын беретін. Ал Францияда қаржы құдіретінің үлгісі француз банкінің ірі жинақшылары болған «200 отбасы» еді.

### **3. Шет елге капитал шығару маңызды мәнге ие болды.**

Монополиялар, қаржы олигархиясы пайданы көбейтуге әрекет етіп, шетелге енді тауарлар емес, сондай-ақ, капитал шығаруға ерекше мән бере бастады. Өйткені енді тауар шығарудан ғөрі шет мемлекеттерге капитал шығару, яғни оларға жоғары пайыз есесіне кредиттер беру; табиғи байлықтарды арзанға сатып алу, ол жерлерде ең арзан жұмысшы күші есебімен байлық арттыру мүмкіндігін туғызатын кәсіпорындар құру пайдалы болып қалды.

Сөйтіп, монополиялар шетке капитал шығаруды оны өз мемлекеттері экономикасына салудан аbzал қөретін еді, бұл жағдай метрополиялардың дамуына кедегі жасай бастады.

Сондықтан, 1900–1913 жылдарда индустримальы мемлекеттер шетке шығарған капиталдың көлемі екі есеге артқаны текке болмаған еді.

### **4. Халықаралық монополиялардың дүние жүзін экономикалық жағынан бөліп алуы.**

Ең ірі монополиялар, қаржы олигархиясының түрлі топтары базарлар, шикізат қорлары бойынша бақылау орнатуға тырысты.

Солайша, ұлтаралық корпорациялар жүзеге келген. 1910 жылда олардың саны 100-ге жеткен. Нәтижеде, енді жаңа бір жағдай – олар-

дың арасында дүние жүзі шаруашылығы мен байлығына бақылау жасау үшін күрес басталған. Атап айтқанда, екі қаржы тобы – Рокфеллер (АҚШ) мен Ротшильдтер (Ұлы Британия, Франция) тобы дүниенің керосин базарын бөліп алған.

Ал 1907 жылда орасан үлкен монополиялар – «Жалпы электр компаниясы» (АҚШ) мен «Жалпы электр қоғамы» (Германия) арасында да дүние жүзілік электр базарын бөліп алу және өзара ынтымақтастық жасау туралы келісім шарт түзілген.

Осылайша, дерлік барлық өзге нашар, артта қалған мемлекеттер ең ірі индустриялды мемлекеттердің қаржы олигархиясына көбірек бағынышты болып қалған.

### **5. Дүние жүзін индустриялды елдер аумақтық жағынан бөліп алу үшін күрес күшейді.**

Қаржы олигархиясы құдіретінің нығаюымен бірге индустриялы елдердің өз отарларын кеңейтуге ұмтылулары күшіне түсті. Бұл жағдай индустриялы елдер арасында дүние жүзін аумақтық жағынан бөліп алушы жеделдегі.

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басына дейін олардың арасында бүкіл жер жүзінің жартысынан көбі бөліп алғынған еді.

Ұлы Британия, Франция және Ресей өте үлкен отарларға ие болды.

Ал Германия, Италия және Жапония онша үлкен болмаған аумақтармен шекараланып калуға мәжбүр еді.

Экономикалық даму бойынша, дүние жүзінде 2-орынға, ал Еуропада 1-орынға шығып алған Германияны дүние жүзінің бұлайша бөліну жайы мүлде қанағаттандырмады.

АҚШ өте үлкен аумак, бай шикізат қорлары, кең ішкі базарға ие болғаны үшін отарларды басып алуға қызықпады. Оның үстіне, экономикалық жағынан дүние жүзінің жетекші мемлекетіне айналған АҚШ ашық қарулы шабуылдан гөрі басқа мемлекеттерге, бірінші кезекте, Латын Америкасы мемлекеттерінің экономикасына кіріп баруды артық көрді. Бірақ бұл АҚШ-тың жаңа аумақтарды басып алудан мүлдем бас тартқанын білдірмейтін еді. XIX ғасырдың сонында АҚШ Гавай аралдарын аннексия жасады. Филиппинді басып алды, Пуэрто-Рико мен Гуам аралдарын өзінің жартылай отарына айналдырды.

Отаршылдық саясаты нәтижесінде XIX ғасырдың сонында «қолға алынбаған» жерлерді басып алу аяқталды (8–9-беттегі картага кара. Картада кішірейтілген сурет күйінде берілген). Экономикалық жағынан

құдіретті мемлекеттердің Азия, Африка және Латын Америкасындағы нашар дамыған елдерге ықпалы күшіне түсті. Күн тәртібінде отарларды және ықпал жасау шенберлерін қайта бөлу мәселесі пайда болды. Көптеген мемлекеттер ділгірлікті шешудің шарасы ретінде күш көрсетуді кажет деп білді. Соның салдарынан жаппай қару шығару басталып, тұрмысты соғыс ісіне бейімдеу барған сайын үдей түсті.

Жаппай қару шығаруға күшті ықпал жасап жатқан алғышарттардың бірі Еуропа мемлекеттері арасындағы аумақтық келіспеушіліктер еді. Еуропа мемлекеттері арасындағы қатынастарды шиеленістірген себептің бірі олардың бір-бірінен экономикалық және әскери-стратегиялық үстемдікке жету үшін құресуі болды. Сонымен қатар XIX ғасырдың соңында экономикалық көрсеткіштер бойынша, Еуропада бірінші, дүние жүзі бойынша АҚШтан кейінгі екінші орынды тұрақтап алған Германия Ұлы Британия мен Францияның ызасын келтірген еді. Ал Ресей, сондай-ак, Германияның көзделген мақсатын бұзған еді. Сөйтіп, дүние жүзінің дамыған елдер арасында бөліп алынуы, экономикалық және саяси бәсекелестік, әскери-стратегиялық шиеленіс, жаппай қару шығару басталып кетті.

### **Монополистік капитализмің орны**

Монополиялардың жүзеге келуі төмендегі салдарды шығарды, біріншіден, өндіріске жаңа техника мен технологияларды тереңірек енгізуге жағдай туғызды. Ал, бұл еңбек өнімділігінің шұғыл артуын қамтамасыз етті.

Ал екіншіден, қоғамның өте аз тобының қолында үлкен әкімшіліктің жинақталуына себеп болды. Сондықтан да АҚШ монополияшыларын текке «Американың тәжісіз падишахтары» деп атап маган. Олар АҚШ үкіметінің ішкі және сыртқы саясатына үлкен ықпал жасаған. Немесе Германияда «Крупка не жақсы болса, ол Германияға да жақсы», дейтін. Себебі олар үлкен мөлшердегі байлыққа иелік ететін.

Үшіншіден, монополистік капитализм қиян-кескі отаршылдық соғыстарын күштейткендігімен ерекшеленіп тұрады. Мұндай соғыстардың, әсіресе, XIX ғасырдың соңында күшеюі «империализм» атауының кең қолданылуына негіз болды. Бұл атау бастапқыда, индустріалды елдердің отаршылдықты мақсат еткен сыртқы саясаттарына қатысты қолданылды. Кейін «империализм» атауы «монополистік капитализм» атауының синонимі орнына қолданылатын болды. Осылайша бұл екі атау біртүрлі мағынаны білдіре бастады.



АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКАНЫ ДАМЫГАН



ЕЛДЕРДІҢ БӨЛІП АЛУЫ



**Монополия** (грекше моно – жалғыз, полео – сатамын) экономиканың бір саласындағы жеке үстемдік.

**Қаржы** – мақсатты ақша жинағын жүзеге келтіру, кор жинау, бөлү және жұмсаумен байланысты катынастар.

**Олигархия** (грекше – азшылық әкімшілігі) – экономикалық және саяси үстемдіктің шағын топ капитал иелері қолында шоғырлануы.

**Картель** (итальянша – қағаз, құжат) – бір саладағы дербес компаниялар, фирмалардың өндіру және сатудың жалпы көлемдері, бағалары, сататын базарлары, әрбір қатысуышының үлесі, тағы басқалар туралы өзара бітім негізінде жасалған құрылым.

**Концентрация** – өндірістің бір жерге (бір қолға) шоғырлануы.

**Концерн** (катысу, мұдде) мұдделерінің ортақтығының негізінде ұйымдастыран көсіпорындардың ірі бірлестігі.

**Синдикат** (грекше – бірге істеу) – бір түрлі өнімдер өндіретін көсіпорындар бірлестігі.

**Трест** – өндіріс және сауданы өз бетінше емес, орталық басқару қауысы негізінде жүргізетін көсіпорындар бірлестігі.

**Аннексия** (латынша – бірлестіру) – бір мемлекет аумағын түгел немесе жартылай иелеп алу.

**Империализм** – капитализм қоғамының ең жоғарғы және ақырғы дәуірі.



1. Монополистік капитализм деген не?
2. Монополистік капитализмнің негізгі белгілері нелерден құралған?
3. Қаржы олигархиясына мысалдар келтір.
4. Шетелге капитал шығару қалай пайда болды?
5. Дүние жүзін бөліп алу қажеттігі деген не?



1. Картадан пайдаланып Ұлы Британия отарларына түсінік бер.
2. Қазіргі дәүірдегі ұлтаралық корпорациялар мен XX ғасырдың бас кезіндегі монополияларды салыстыры.

## 2-§.

## Даму өркениеті

### Даму өркениеті жайында

Сен 8-сынып «Дүние жүзі тарихы» оқулығынан XIX ғасырдың 50–60 жылдарында Батыс Еуропа мен АҚШ-та өнеркәсіп төңкерісі сонына жеткендігін біліп алған едің. Солайша даму өркениеті түпкілікті орнады. Бұл өркениет – негізгі дәстүрі техника дамуы болған

өркениет еді. Сен бұл туралы 10-сыныпта бұдан да көбірек мәлімет аласын.

«Даму өркениеті» деген атаудың орнына «өркендеу қофамы» деп те қолданылады және олар бірдей мағынаны білдіреді.

Даму өркениетінің белгілерінің бірі – қалалардың өте тез өсуі болды. Бұл, біріншіден, ауыл шаруашылығында техниканы қолдану нәтижесінде ауыл халқының артықша күш болып, жұмыссыз қалуы, олардың жұмыс іздел қалаларға келуінің есебінен болды.

Екіншіден, шағын қалаларда ұсақ саудагерлер мен қолөнершілік өндірісінің төмендеп кетуі және көліктегі өзгерістер, теміржолдар құрылсы, өнеркәсіп орталықтарының ірі қалаларға көшуінің есебінен болды. Адамдар жұмыс табу және күн көру үшін тұрғылықты мекенжайларын өзгертуге мәжбүр болды. Жұз жылдар бойы өз жерлерінде жасап келген халық қозғалысқа түсті. Енді олар өз жерлерін тастап, қалаларға кете бастады. Қыстактан кету иммиграциясын да жүзеге келтірді. Енді адамдар басқа мемлекеттерге де кете бастады. Бірақ көшудің үлкен бөлігін өз мемлекеттері ішіндегі миграция құрады.

### **Қалалардың дамуы**

Өнеркәсіпті даму үдерісінде қалалар ерекше мәнге ие бола бастады. Өнеркәсіп өндірісі дерлік толық қалаларда орналасқан еді. Қофамның негізгі идеялары әрі маңызды саяси жағдайлар қалаларда болып жататын. Қалалар өте үлкен жылдамдықпен өсе бастады. XIX ғасырдың орта кезінде дамыған елдерде халықтың дерлік жартысы қалаларда шоғырланды. Мануфактура өндірісі дәуірінде қалалар онша үлкен емес еді.

Қалалардың қарқынмен өркендеуі дамудың негізін құраған өнеркәсіп төңкерісі, фабрика-зауыт өндірісінің нәтижесі еді. Ұлы Британияда бұл үдеріс ертерек басталды. Басқа жерлерде кештеу, мәселен, Германияда XIX ғасырдың 70-жылдарында өрши бастады. АҚШ-та жедел урбанизация үдерісі осы дәуірге тура келеді. Жалпы алғанда, XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың басында дамыған мемлекеттерде қала халқы өте тез өсті.

Көне қалалардың өсуі, жаңалардың өркендеуі өнеркәсіптің орналасуымен байланысты еді. Көпшілік халық қалаларға жұмыс табу үмітімен келетін еді. Әсіресе, астана, қала, үлкен қалалар тез өсті. Мысалы, Париж халқы 1850 жылы бір миллион болса, 1880 жылда екі миллион адамға жетті.

XIX ғасырдың орта шенінен бастап, қалалар құрылсының да өзгерістер болды. Мәселен, Париж 1853 жылдан бастап 20 жыл бойы құрылым алаңына айналды. Ол заманға сай етіп қайта құрылды: кең көшелер, үлкен алаңдар, даңғыл жолдар және бақтар салынды. XIX ғасырдың соңында ішімдік және ағын су тармақтарына, трамвай мен метроға ие болды. Басқа мемлекеттерде де қалалар халқы тез өсті.

### **Ескі және жаңа аристократия**

XIX ғасырда ақсүйектердің негізгі байлығын бұрынғыдай жер иеліктері құрайтын. Ақсүйектердің тұрмысы өлі де қалалардан гөрі көбірек қыстақпен байланысты еді. Кең және қолайлы ғимараттардағы ондаған жатакханалар, кітапханалар, жеке меншік көркем коллекциялары, қабылдау дәстүрлері, аң аулаулары – бұлардың бәрі өлі де ақсүйектер тіршілігінің құрамдас бөлігі еді. Некелер тәртіп бойынша, «өз шенберінде» құрылғандықтан, ақсүйек жанұялар өзара туысқандық дәнекерлерімен жақын еді. Ұлы Британияда мұндай жанұяларда ұл балаларды жасынан-ақ саяси қызметке өзірлейтін. Алдымен олар женілдетілген жекеменшік мектептерде, ал кейін Оксфорд немесе Кемридже университеттерінде оқитын. Содан кейінгі қызмет аланы парламент болатын.

XIX ғасырдың орта кезінде Ұлы Британия парламенті ұжымдар палатасының 652 мүшесінен 489-ы жер иелері еді. 1906–1916 жылдарда Ұлы Британия үзірлерінің үштен екі бөлігі тандаулы окуорындарының бітірушілері еді. Бірақ даму өркениетінің дамуымен аристократия өзінің ұстемдік сипатын барған сайын жоғалта бастады. Жердің бір бөлігі қалалар құрылымына берілді, орман жерлері де қыскарды.

Жаңа дәуір абыройлы адамдардың алдына жаңа талаптар қоя бастады. Бұрын жер иелері болған ақсүйектер енді банктерде, өнеркәсіп компанияларында, отаршылардың әкімшіліктерінде жетекшілік лауазымдарды қолға ала бастады. Көптеген жерінен айрылған ақсүйектердің жаңа байлармен туыс тұтынуы ақсүйектердің буржуазиямен қосылып кетуіне жол ашып берді.

XIX ғасырда мемлекеттің экономикалық және саяси тіршілігінде буржуазия барған сайын құштірек рөл ойнай бастады. Iрі өнеркәсіп кәсіпорындары мен банктердің басында миллиондал байлық жинаған буржуазия өкілдері тұрды. Буржуазияның ең белгілі өкілдері үлкен саяси беделге де ие бола бастады.

**Орта қоғамдық топ** XIX ғасырда қоғам тіршілігінің маңызды оқиғаларынан бірі «орта топтың» қалыптасуы болды. «Ерікті көсіп» иелері болған инженерлер, өнертапқыштар, дәрігерлер, мұғалімдер, офицерлер, құқықтанушылар және сол сияқтылар қоғамның орта тобын құраған. Бұл топқа жататындардың негізгі белгілері тұрмыс жағдайының қайткенменде жеткілікті болғаны еді.

XIX ғасырдың екінші жартысында орта топ өкілдері арасында, өсіресе, құқықтанушылар санаты өзгешеленіп тұратын. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы, азаматтық қоғамның орнатылуы, экономикалық тіршіліктің дамуының арқасында құқықтанушыларға болған қажеттілік артып отырды. Олар конституциялар, зандар жазу, кодекстер түзу, өсietнамаларды ресмилендіру, банктерге, іскерлерге кеңес беру және сот үдерістерінде қатынасу сияқты жұмыстарды орындаған. Көптеген саяси қайраткерлер де білімі бойынша құқықтанушы еді. Орта топ қоғамфа тұрактылық енгізді. Өйткені, әдетте, орта топ өлеуметтік дағдарыстарды мақұлдамайды, төңкерістерден қайта құруларды артық көреді.

**Жұмысшылар сыныбы** XIX ғасырда тәжірибелі жұмысшылар саныбы қалыптасты. Өнеркәсіп төңкерісі болған үш ірі мемлекет – Ұлы Британияда, Францияда және АҚШ-та 70-жылдарда өнеркәсіп жұмысшылары 12–13 млн адамды, ал ауыл шаруашылығындағы жұмысшылармен бірге 20 млн адамды құрайтын. Жұмысшылардың жағдайы бірдей емес еді. Олардың жартысынан көбі кедейлік босағасында жасаса, ал тәжірибелі маман жұмысшылар көбірек акы алып, «жұмысшы аксүйектерін» құрайтын. XX ғасырдың бас кезінде «жұмысшы аксүйектерін» Ұлы Британияда жалпы жұмысшылар санының үштен бірін құрап, өте жақсы жасайтын.

XX ғасырдың басында АҚШ өнеркәсіп жұмысшыларының саны жағынан бірінші орынды алды. Бұл жерде 10,4 млн. өнеркәсіп жұмысшылары бар еді. Ал Германияда өнеркәсіп жұмысшыларының саны 1907 жылы 8,6 млн адамға жетті. Еуропа мен Солтүстік Америкадағы жұмысшылардың саны 40 млн адамды құрады. Ауыл шаруашылығындағы, қызмет көрсету саласындағы, көлік пен басқа салалардағы жұмысшыларды қосқанда 80 млн. адамға жуықтайды.

Жалданған жұмысшы күшінің тәжірибесінде де елеулі өзгерістер болды. Өнеркәсіптің жаңа салалары тәжірибелі еңбекті талап ететін. Тәжірибелі жұмысшылардың салмағы Ұлы Британия машина жасаушыларында, кеме жасаушыларда негізгі бөлігін құрайтын еді. АҚШ-та жалпы өнеркәсіп жұмысшыларының 2/3 бөлігі, Германияда жартысынан қебірегі тәжірибелі жұмысшылар еді.

XIX ғасырдың 70-жылдарына дейін жұмыс күнінің ұзактығы дамыған мемлекеттерде 10–16 сағат болды.

Әйелдер мен балалар еңбегіне еңбекақы кем төленетін. «Фабрика әйелдері», негізінен, 13–14 жасар қыздардан құралған еді.

10–12 жасар балалар темекі фабрикаларынан тартып, таскөмір шахталарында да еңбек ететін. Олар еңбегі үшін әйелдерден кем ақы алатын.

Бұл дәуірде әйел-қыздар құқық үшін тынымсыз құрес жүргізді. XX ғасырдың бас кезінде әйел-қыздардың бостандығы мен төуелсіздігі идеялары, олардың тең құқық үшін құрестері жаңа өркениет қоғамының белгілерінен бірі болып қалды.

Бұл дәуірде 1889 жылы құрылған II Интернационал қының жағдайда жұмыс жүргізді. Жұмысшылар сыныбы өз партияларын бір сапқа біріктіре алмады. Нәтижеде, төңкерістік және ымырасызық ағымы пайда болды да өзара құресті. Өзара келіспеушілік нәтижесінде II Интернационал құйреуге ұшырады және жаңа типте Интернационал құру үшін әрекет күшейді.



**Иммигрант** (латынша – көшіп келуші) бір елден басқа бір елге тұрақты немесе ұзак мерзім жасауға көшіп келген тұлға.

**Индустрия** (латынша – қызмет) – өнеркәсіп, оның ішінде, ірі өнеркәсіпті білдіретін атау.

**Миграция** (латынша – көшемін) – кез келген мемлекет халқының бір аумақтан басқа аумаққа немесе бір мемлекеттен екінші мемлекетке көшуі.

**Урбанизация** (французша және латынша – қалаға тиісті) – қоғам тіршілігінде қалалар рөлінің және қала халқы салмағының артып баруы.

**II Интернационал** – 1889 жылы құрылған Халықаралық социалистік жұмысшы партияларының бірлестігі.



- Даму өркениеті қалай орнады?
- Даму өркениетінің нәтижесінде қалалар тіршілігінде қандай өзгерістер болды?



3. Сен XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі урбанизация және миграция жағдайларын қалай түсіндіресін?
4. Халықтың орта тобын кімдер құрайды? Орта топтың көбеюі қоғам тіршілігінде қандай маңызға ие?
5. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі Отанымыздың тарихын Батыс Еуропа және АҚШ тарихымен салыстыры.
6. Бүгінгі күнде халықаралық құқықта балалардың еңбегіне неше жастан рұқсат берілуін анықта.



1. Өзбекстанда шағын бизнес пен жеке меншік іскерліктің мемлекет тұрмысында алған орнына тиісті фактілерді жина.
2. Бұл дәуірде мемлекеттер өркендеуіне себеп болған алғышарттарды сипаттап бер.

II  
БӨЛІМ

**ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА  
МЕМЛЕКЕТТЕРІ**



**XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ МЕН XX  
ФАСЫРДЫҢ БАС КЕЗДЕРІНДЕГІ БАТЫС  
ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІ**

3-§.

**Франция — Пруссия соғысы және оның  
қорытындылары**

**Франция — Пруссия соғысының себептері** XIX фасырдың 60-жылдары екінші жартысъянан бастап Франция императоры Наполеон III тің беделі түсіп кетті. Мұның себебі — Францияның экономикалық даму бойынша қөршілері Ұлы Британия мен Германиядан неғұрлым артта қалып бара жатқаны еді.

Сондай-ак, Франция сыртқы саясатта да сәтсіздікке үшірай бастады. Атап өтсек, ол Пруссияның Германияны біріктіруіне кедергі жасай алмай қалды. Германия тұтас мемлекет болып бірігетін болса, Францияның халықаралық аландағы абыройына салмақты зиян келіп, Еуропаның екінші мемлекеті секілді беделі жоққа шығатын еді.

Францияның билеуші топтары 1860 жылдағы Ұлы Британия—Франция сауда шартынан да наразы еді. Себебі, ағылшын тауарларының Францияға көптеп әкелінуі француз тауарларымен бәсекені күшейтіп жатқан еді. Бұдан тыс, мемлекетте жұмыссыздық, қымбатшылық енбекшілердің тұракты серігі болып қалған еді. Бұл жағдай жұмысшылардың катаң наразылығын жүзеге келтірді.

Мұндай жағдайда Наполеон III үшін Пруссияға қарсы жеңіспен аяқталатын соғыс қажет еді. Бұл соғыс Францияның да, Наполеон III тің де беделін қайта көтеретін еді. Ал бұл үшін соғыста жеңіске жету, Германияның бірігуіне жол бермеу және Германияның кейбір аумактарын басып алу қажет еді.

Пруссия да бірнеше жылдардан бері Францияға қарсы соғысқа өзірленіп жатыр еді. Оның мақсаты Германияда Пруссияның үстемдігін нығайтуға кедергі болған Францияны жеңу, Германияны біріктіруді аяқтау еді. Соғыс бастауға екі жаққа да тек сылтау керек еді. Көп өтпей мұндай сылтау да табылды.

**Соғыстың басталуы**

Испания тағына кімді отырғызу мәселесі соғыстың басталуына сылтау болды. Ал, бұл ділгірлік қалай жүзеге келді? Өзінің бір кездердегі құдіретін жоғалтқан Испанияда 1868 жылы төңкеріс болды. Ханымша Изабелла II Францияға қашып кетуге мәжбүр болды. Франция императорының әйелі (ұлты испан еді) Изабеллаға такты қайтарып алуына көмек беруге шешім етті.

Бірақ, көп өтпей, Еуропаның ұлы мемлекеттері арасында Испания тағы үшін басталып кеткен күрес бұған мұрша бермеді. Бұған Германияның да Испания тағына өз үміткерін қоюға әрекет еткен-дігі себеп болды. Франция үкіметі Германиядан өз үміткерінен бас тартуын талап етті. Пруссия падишахы Вильгельм I бұған разы болды. Бірақ бұл разылық Францияны қанағаттандырмады. Енді Франция Германиядан кейінгі кезде де Испан тағы үшін үміткер көрсетпеуін, казір көрсеткен үміткерді таққа отыру талабынан мұлдем бас тартқызыуын талап етті.

Ал соғысқа асыққан Пруссия канцлері Бисмарк газетте король мен Франция елшісі арасындағы әңгіменің мазмұнын әдейілеп бұзып түсінік берді. Газеттегі хабар бойынша, король Франция елшісімен сөйлесуді қаламаған және елшіге теріс карап отырған (Бұл оқиға тарихқа «Эмс депешасы» деген атпен енген).

Бұл хабарды Франция өз абыройы үшін қорлау деп есептеді.

1870 жылы 17 шілдеде Франция Пруссияға қарсы соғыс жариялады. Сөйтіп Франция–Пруссия соғысы басталды. Бірақ, көп өтпей, Франция әскери құштерінің соғысқа дайын еместігі, Францияның Пруссия күшін жеткілікті бағаламағаны аян болып қалды.

**Империяның жойылуы**

1870 жылы 1 қыркүйек күні Франция әскериңін құрамында болған Наполеон III те Седан бекінісі маңында қоршауға алынды. Франция әскері немістердің 140 мындық әскерінің арасынан қоршауды жарып өте алмады. Ылажсыз қалған Наполеон III 2 қыркүйек күні ақ жалау көтеруге бұйрық беруге, ал өзінің қылышын Пруссия падишахына жөнелтуге мәжбүр болды. Сөйтіп бұл жердегі 80 мың кісілік әскер Наполеонның басшылығында тізе бұktі. Наполеон III Седанда өз Ватерлоосын тапты. 100 мың кісілік екінші жасағы да Метс бекінісінде қоршауға алынды. Енді Франция Германияға қауіп төндіре алмайтын еді. Бұл женіліс, сондай-ақ, екінші империя үкіметінің күйреуі де болды.



*Депеша* – асығыс хабар.

*Ватерлоо* – қазіргі Бельгия жеріндегі қыстақтың аты. Бұл қыстақта 1815 жылдың 18 шілдесінде Наполеон I дің әскері қүйретілген соғыс болып өткен.



- Неліктен Франция–Пруссия соғысының болуы анық еді?
- 1868 жылы қандай басқыншылық болған еді? Түсінік бер.
- Франция армиясы не себептен женіліске ұшырады?



- Неліктен адамзат орта ғасырларда да, жана дәүірде де соғыстардан күтыла алмаған?
- Неліктен бүгінгі күнде де Жер жүзінде соғысты толық болдырмаудың ылажы болмай отыр?
- Төмендегі кестені толтыр.

| K/c | Соғыстағы негізгі шайқастардың аты | Соғыстардың салдарлары |
|-----|------------------------------------|------------------------|
| 1   |                                    |                        |
| 2   |                                    |                        |
| 3   |                                    |                        |



Франция тарихында 1 және 2-империялар қалай құрылғанын есіне түсір.

#### 4-§.

### Франциядағы Үшінші Республика және 1871 жылы 18 наурыздағы мемлекет төңкерісі

#### 4 қырқүйек төңкерісі

Женіліс туралы хабарды естіген Париж халқы 3 қырқүйек күні көтеріліске шықты. Олар Республика жариялануын және Отанды қорғауды талап етті. Халық талабымен 4 қырқүйек күні Францияның заң шығарушы Корпузы император үкіметі аударылғанын жариялауға мәжбүр болды. Сондай-ақ Франция Республика деп жарияланды. Бұл мемлекет тарихындағы Үшінші Республика еді. (Францияда 1 және 2-Республикалар қашан болғанын еске түсір.)

Заң шығарушы Корпус генерал Трошю басшылығында Уақытша ұлттық-корғаныс үкіметін құрды.

Пруссия Францияны мүмкіндігінше көбірек әлсіретуді қалайтын. Олар Франциядан үлкен төлем өндіруге және оның пайдалы қазбаларға бай облыстары Эльзас пен Лотарингияны тартып алуға тырысты. Енді соғыс Пруссия үшін басқыншылық соғысына айналды.

19 қыркүйек күні Парижді Пруссия әскерлері қоршап алды. Ұқытша үкімет ылажсыздан берілді.

1871 жылы ақпан айында Францияда Үлттық Мәжіліске асығыс сайлау өткізілді де Тьер басшылығында жаңа үкімет құрылды. Бұл үкімет Франция – Германия бейбітшілік шартын жасады.

### **1871 жылы 18 наурыз оқиғалары**

Пруссияға қарсы соғыстағы женіліс және аянышты шарттар негізінде жасалған жарасу шарты париждіктердің үкіметке қарсы наразылығын қүшетті. Оның үстіне, Парижде мұқтаждық, жұмыссыздық, азық-түлік өнімдері наркының бірден артып кетуі жүзеге келді. Тіпті орта топ өкілдері де күйзеле бастады.

Париждіктерде үкіметке деген сенімсіздік пайда болды. Бұған қоршаудан соң халықтың қарыздары бойынша төлемдерді төлеуге мәжбүр бола бастағаны және үкімет сарайы етіп Версаль қаласы таңдал алынғаны себеп болды.

Сондай-ақ, Бас уәзір Тьер Үлттық гвардияны қарузыздандыруды бұйырды. 18 наурыз күні тұнде үкімет жасағы Үлттық гвардияға шабуыл жасады. Бұл жағдай Париж халқын аяққа тұрғызды. Олар үкімет әскерін шегінуге мәжбүр етті. Тьер үкіметті Версальға көшіруге нұсқау берді. Бұған жауап ретінде Париж енбекшілері көтеріліске шықты. Олар Үлттық гвардиямен бірге қимыл жасап, қаланың маңызды жерлерін қолға алды.

Көп өтпей үкімет фимараты, әскери қазармалар, барлық мемлекет мекемелерін де көтерілісшілер қолға енгізді.

Парижде үстемдік Үлттық гвардия Орталық комитетінің қолына өтті. Бұл комитет ұқытша үкімет міндетін аткарды. Үкімет мекемелеріне жұмысшылар, зиялыштар және көтерілістің барлық қатысуышыларының өкілдері басшылық ете бастады. 26 наурыз күні Париж Коммунасына сайлау өткізілді де Коммуна Кенесі түзілді. Бұл кенес өз мүшелерінен 10 комиссия (уәзірлік) құрды. Солайша, Париж қаласы өзіне тән шағын мемлекетке айналды. Бұл мемлекет Париж енбекшілерінің мемлекеті еді.

Париж Коммунасы бірқатар негізгі әлеуметтік-экономикалық шараларды іске асырды. Атап айтқанда, иелері тастанап кеткен көсіпорындар сол көсіпорын жұмысшыларына тапсырылды. Мәжбүри және

тегін білім беру енгізілді. Шіркеу мемлекеттен, мектеп шіркеуден бөлінді. Еңбекшілердің үй-жай ақысын төлеу мерзімдері кешіктірілді. Жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз ететін мекеме құрылды. Жеке меншікке айналған теміржол мекемелерін Коммуна өз ықтиярына алды және өндіріс үстінен бақылау орнатылды. Бірақ Коммуна өз қызметінде біраз қателер де жіберді.

*Біріншіден*, Парижден қашып кеткен Тьєр үкіметінің ізіне түспеді. Ал бұл Тьерге Коммунаға қарсы қарес үшін қажетті күш топтауға мүмкіндік туғызды. Нәтижеде, үкімет өскери Парижді қоршауға алды.

*Екіншіден*, мемлекеттің қалған бөлігі Коммунаны қолдамады. Бұл үкіметтің коммунашыларды, мемлекетті дүшпан қолға алған кезде бас қөтерген бүлікшілер, деп жүргізген ызалы үгітінің нәтижесі еді. Диқандарды, Коммуна толық жеңіске жетсе, мал-мұлкінен айырылып қалуы мүмкіндігімен қоркытып қойған еді.

*Үшіншіден*, Коммуна үкімет қазынасын, банктерді толық өз қолына алмады.

*Төртіншіден*, Коммуна кенесі ішінде Коммуна ішкі саясаты бойынша бірлікті сақтай алмады.

Коммунаны талқандауда Германия Тьєр үкіметіне көмек берді. Атап өтсек, Бисмарк 40 мың француз өскери мен офицерлерді тұтқындықтан босатып, оларды Тьєр үкіметі ықтиярына жіберді.

**Коммунаның жеңілісі** Үкімет өскери 21 мамыр күні шабуылға өтті өрі сол күні Парижге кіріп келді. Коммунашылар табандылықпен шайқасты. Бірақ күштер тенемес еді.

28 мамыр күні Коммуна толық талқандалды. Тұтқынға алынған 30 мыңға жуық коммунашы атып тасталды. 50 мыңға жуық коммунашылар қамауға алынды. Бұлардың арасында мындаған әйелқыздар мен балалар да бар еді. Осылайша 72 күн өмір сүрген Коммуна жойылды.

Париж Коммунасы аударылуымен Францияда төңкерістер дәуірі аяқталды. Коммуна қүйреуінің салдарлары үкімет пен бұқаралардың өзара мүдделі келісім негізінде жасауы қажеттігін дәлелдеп берді.

**Франкфурт бітім шарты** 1871 жылы 10 мамыр күні Германияның Франкфурт қаласында Франция – Германия бітім-шарты жасалды. Келісім бойынша, Франция Германияға 5 млрд. франк табан төлейтін болды. Бұл табан төленгенше, Германия қарулы күшінің бір бөлігін Франция аумағында сактап тұратын бол-

ды. Бұдан тыс, Францияның Эльзас және Лотарингия облыстары Германияға берілді.



**Париж Коммунасы** – Париж қаласының өзін-өзі басқару органы, ол – заң шығарушы үкіметті амалға асырған, еңбекшілердің 1871 жылы наурызда құрған үкімет басқару мекемесі.



1. Францияда Ушинші Республика қалай орнады?
2. Соғыстың Франция мен Пруссия үшін салдарларын салыстыр.
3. Париж Коммунасы қалай жүзеге келді?
4. Париж Коммунасы неге женілді және оның Франция тарихында алатын орны туралы не айта аласың?



1. Үкімет өзгерістері және төнкерістер неліктен пайда болады?
2. Тъердің қызметі туралы шығарма жаз.

## 5-§.

### XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Франциядағы экономикалық және саяси өмір

#### Экономикалық жағдай

XIX ғасырдың соңы ширегінде Францияның экономикалық дамуы бәсендеді. Атап өтсек, дүние жүзінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі бойынша екінші орыннан төртінші орынға түсіп қалды. Ендеше, Франция экономикасы дамуы бәсендеуінің қандай негізгі себептері болды?

Францияның әлі де ұсақ тауар өндірушілер мемлекеті болып отырғаны экспорт көлемінің импорttан артық болуына себеп болмады. Ал бұл, сондай-ақ, ішкі базардың шектелуіне себеп болған. Франция табиғи байлықтары кем мемлекет еді. Пруссиямен болған соғыс Францияға өте үлкен материалдық шығын келтірді. Соғыста Франция 13 млрд. франк зиян көрді. Сонымен бірге Германияға 5 млрд. франк табан төлеуге мәжбүр еді. Ишкі саяси жағдайдың тұрақсыздығы мемлекеттің экономикалық жағдайдына үлкен көрініс берді. Дикандардың сатып алу қуатының төмендігі өнеркәсіп өндірісінің өсуіне теріс әсер етіп жатқан еді. Франция шетке көп капитал шығарып жіберген еді. Бұл инвесторларға үлкен пайда келтіретін. Сондықтан да инвесторлар (капиталистер) өз қаржыларын (капиталдарын) мемлекет өндірісіне емес, сондай-ақ, шетке (әрине, үлкен пайыз есебіне) шығаруды артық көрген.

## Үкімет үшін күрес

Пруссиямен соғыс аяқталған соң, басшы топтар арасында ұstemдік үшін күрес күшейді. Оларды шартты түрде екі топқа бөлу мүмкін еді. Біріншісі – монархия жақтаушылары, екіншісі – республика жақтаушылары еді.

1873 жылы Германияға табан төлеп болынды. Ақыры, Германия өз әскерлерін Франциядан алып шығып кетті.

Республикашылар мемлекет парламентінде (Ұлттық Мәжіліс) азшылықты құраған. Бірақ Франция халқының ұлken бөлігі монархияға қарсы болғандығы оларға демеу болатын.

Ұлттық Мәжілісте көпшілік болған монархияшылар өз үміткерлерін президенттікке екі рет сайлаған болса да, монархияны қалпына келтіруге үмтүлуги нәтижесіз аяқталды. Қатаң ішкі саяси қуресте ақыр-сонында республикашылар женіске жетті.

**Үшінші Республика Конституциясы** 1875 жылы Үшінші Республика Конституциясы қабылданды. Конституция бойынша, президенттік

лауазым сақталып қалынды. Сонымен қатар екі палаталы (Депутаттар палатасы және Сенат) парламент (Ұлттық Мәжіліс) құрылды. Оның өкілеттік мерзімі 4 жыл етіп белгіленді.

Парламенттің екі палатасының құрама жиналысы 7 жыл мерзімге мемлекет президентін сайлайтын. Атқару өкімшілік президентке және үкіметке тиісті еді. Президент уәзірлерді тағайындау, республика атынан сыртқы саясат жүргізу, сондай-ақ, соғыс жариялау және бітімдер жасау, жалпы кешірім жариялау сияқты өкілеттерге ие еді.

Үкімет мүшелерін президент тағайындаса да, олар парламент алдында жауапты еді.

«Марсельеза» әні мемлекет әнұраны етіп белгіленді. Ұлы француз төңкерісі басталған (1789 жыл) 14 шілде француз халқының Ұлттық мереке күні деп жарияланды.

Сол дәуір үшін маңызы бар бірқатар құқық пен бостандықтар жарияланды. Солардың катарына, баспа және жиналыс өткізу, саяси үгіт-насихатпен айналысу сияқты бостандықтар мен құқықтар жатады. Бірақ әйел-қыздарға сайлау құқықы берілмеді.



**Парламент** (фр. сөйлеу) – сайлау негізінде құрылатын заң шығаруши жоғары мемлекет органды.

**Республика** (лат. қоғам жұмысы) – бұқаралардың жалпы сайлау негізінде басқарылатын мемлекет.

**Монархия** (грекше) – жеке ұstemдік.



- Қай себептермен XIX ғасырдың соңғы ширегінде Франция экономикалық дамуда дүние жүзінде 4-орынға түсіп қалды?
- Неліктен үкімет үшін күресте республикашылар женіске жетті?
- Ушінші Республика Конституциясының мазмұны туралы нелерді біліп алдың?



- Францияда экономикалық жағдайдың ерекшеліктерін ашып бер?
- Үкімет үшін күрес қалай өтті?

## 6-§.

## Францияның ішкі саясаты

### Ушінші Республиканың ішкі саясаты

Республика үкіметі ішкі саясатта бірталай маңызды шараларды іске асырды.

Атап айтқанда, 1881–1882 жылдарда білім беру туралы заң қабылданды. Заң бойынша, мектеп шіркеуден бөлінді. Білім берудің жалпы бұқаралығы қамтамасыз етілді. 13 жасқа дейінгі балалар үшін мәжбүри тегін оқыту енгізілді. Мектептерде оқыту арнаулы мемлекеттік бағдарламалар негізінде жүргізіletін болды.

Жоғары педагогикалық оқу орындарында оқытушы кадрлар дайындалды. Мәжбүри оқыту бағдарламасында ұл балаларға гимнастика пәні мәжбүри деп белгіленді. Бұдан өспірімдерді болашақ әскери қызметке дene жағынан жетілдіріп өзірлеу мақсаты көзделген еді. Қыз балаларға лицейлер ашылды. Арнаулы жоғары оқу орындарында әйел мұғалімдер дайындалды. 1884 жылы көсіподактардың ерікті қызметіне және жұмыс тастауға рұқсат ететін заң қабылданды. Жұмысшылар өздерінің көсіподак ұйымдары мен еңбек биржаларын түзді. Бұл биржалар жұмыссыздар туралы, олардың тұрмысы жайлы қамкорлық жасай бастады.

Жергілікті кеңестерге өз жетекшілерін сайлау құқықы берілді. Бұған дейін оларды орталық әкімшілік тағайындастын еді.



Бай мемлекеттер үшін отаршыл елдер капитал ен колайлы объект болып табылады... Мен айтамын... Франция барлық уақытта артықша капиталға ие болған, үлкен-үлкен экспорт жасап келген. Мырзалар... Ұлы нәсілдер төмен нәсілдерге қатысты бөлек аумақтарға ие, деп ашық айтатын кез келді“. (Франция үкіметінің бастығы Ж.Ферридің 1885 жылы депутаттар палатасында сөйлеген баяндамасынан.)

**Саяси жағдай** Мемлекетте республиканы нығайту барған сайын төрөн орнай бастады. 1876 жылғы Сенатқа өткізілген сайлауларда республикашылар басым келді. Оған дейін мемлекетті басқарған монархия жақтаушысы болған Мак-Магон қызметін дөғаруға (отставкаға) шығуға мәжбүр болды. Мемлекетте ішкі саяси өмірдің өзіне тән бір ерекшелігі – көппартиялықтың орнағаны еді. Олардың ішінде радикалдардың, социалистердің және республикашылардың партиялары жетекші беделге ие болды.

Францияның саяси тіршілігінде, сондай-ақ, демократияға қарсы құштер ықпалы да өсіп отырды. Атап айтқанда, мемлекетте ұлтшылдық, шовинизм идеялары кең тарала бастады. Бұл идеялардың жақтаушылары құдіретті әскери жасақ қана Эльзас пен Лотарингияны қайтара алатындығына сенетін еді. Францияның ішкі саяси тіршілігінде анархистер мен монархистер қызметі де күшейді. Олардың мақсаты – орнаған құрылымды аудару еді. Бұл мақсатқа жету үшін анархистер құрестің террорлық жолын қолданды. Олар парламент үйіне бомба тастады.

1894 жылда, тіпті, мемлекет президенті Сади Карно да өлтірілді. Франция контрразведкасы мемлекеттің әскери құштері туралы тыңшы Германияға құпия мәліметтер беріп тұрғандығын анықтады.

Арнаулы қызмет бұл мәселеде Франция әскерінің Бас штабында қызмет етуші, еврей ұлтына тиісті капитан А. Дрейфустан құдіктене бастады. Көп өтпей ол тыңшы деп айыпталып, қылмыстық жаупкерлікке тартылды. Негізінде, А. Дрейфус тыңшы емес еді. Бірақ жасанды құжаттар және жасанды куәлер көмегімен оның «тыңшылығы» дәлелденді. Әскери сот оны өмірлікке сүргін жазасына үкім етті.

Саяси реакция «Дрейфус ісінен» мемлекетте демократияға қарсы үгіт-насихатты қүшету, ұлтшылдық, шовинистік көзқарастарды ұдете түсу үшін пайдаланды.

Мемлекетте А.Дрейфустің тыңшы еместігіне, әлі нағыз тыңшы анықталмағанына сенушілер де бар еді. Олар шынайы тыңшыны анықтау үшін тексеруді жалғастырды. Ақыры, шынайы тыңшы анықталды. Ол бас штаб майоры Естергазы болып шықты.

Бірақ бас штаб және онымен тығыз байланысқан құштер бұл шындықты жариялауды өздері үшін масқарлық деп есептеді. Бірақ бұл шындық сыр боп қалып кетпеді. 1897 жылда ол баспа бетін көрді.

Францияның барлық демократиялық күштері А. Дрейфус ісін қайта тексеруді талап ете бастады. Масқара болуды қаламаған күштер жасанды куәнін өлтірілуін үйимдастырыды. Ал Естерғазы Франциядан қашып кетуге үлгерді.

«Дрейфус ісі» төнірегіндегі күрес ұзаққа созылды. Ақыр-сонында үкімет оны азаттыққа шығаруға мәжбүр болды. Бірақ ол айыпсыздығы үшін емес, «денсаулығы нашарлағаны» үшін азат етілді. А. Дрейфус тек 1906 жылыға толық ақталды.

### **Экономикалық тіршіліктегі өзгерістер**

XX ғасырдың бас кезінде мемлекетте орташа саяси тұрақтылық қамсыздандырылды. Бұған XIX ғасыр 90-жылдарының орта кезінен басталған экономикалық көтерілудің арқасында жетті. Бұл дәуірде Франция, атап айтқанда, темір рудасын қазып шығару бойынша АҚШ пен Германияны артта қалдырыды.

Өнеркәсіpte жаңа салалар (электротехника, автомобиль және химия) жедел дами бастады. Нәтижеде, өнеркәсіpte қызмет етіп жатқан халықтың саны 36 пайызға жетті. 40 пайыз халық ауыл шаруашылығымен айналысты.

Франция экспортында жұн бірінші, жіп-мата екінші, шәйі мата үшінші, француз винолары төртінші орынды алды. Францияның шетке капитал шығару қуаты арта түсті. Бұл салада ол дүние жүзіндегі Ұлы Британиядан кейінгі екінші орынға шықты. 1914 жылы Ресей, Ұлы Британия, АҚШ және Оңтүстік Америка елдеріне 24 млрд. франк мөлшерінде капитал шығарды.

Бұл капиталдар пайыз есебінде Францияға өте үлкен мөлшерде табыс келтіріп қана қоймай, сонымен бірге саяси одактарды да жүзеге келтірді.

### **Әлеуметтік қозғалыс**

Ал Франция еңбекшілерінің жағдайы ауыр еді. Олар күніне 10–12 сағат, кейде 14–16 сағатқа дейін жұмыс істеуге мәжбүр еді. Еңбекшілер өз құқықтары үшін күресе бастады. Мұндай жағдайда жұмысшылар қозғалысын үйимдастыру үлкен маңызға ие еді. 1880 жылы жұмысшы үйимдарының өкілдері «Франция жұмысшы партиясын» құрды. Сонымен қатар жұмысшылар еңбек биржалары құрылды. Олар жұмыссыздар және жұмыс тастауда қатысатындарға қамкорлық жасай бастады.

Атап айтсақ, еңбек зандарының Кодексі бойынша, жұмыс уақытында алынған жарақат үшін төлем төленетін болды. Аптада бір күн – демалыс күні енгізілді.

Ал 1910 жылы зейнетке шығу туралы заң қабылданды. Онда зейнетке шығу жасы 65 жас деп белгіленді (бұл көрсеткіш Германия мен Ұлы Британияда 70 жас еді). Сондай-ақ әлеуметтік қозгалыста екі негізгі ағым бар еді. Олардың бірі – қоғамды парламент жолымен (қайта құрулар арқылы) қайта құру, ал екіншісі, зансыз жолмен (қарулы көтеріліс) қайта құру жолы еді. Екінші жол біртіндеп өз ықпалын бүтіндей жоғалтты.



**Анархизм** (грекше – үкіметсіздік, бейбастық) – жеке бір тұлғаның тілек-еркін ғана тән алып, кез келген үкімет пен мемлекет жүйесінен бас тартатын үағыз.

**Шовинизм** – нәсілдік айырмашылық пен ұлттық көліспеушілікті үдетеуге әрекет ететін жарамсыз ұлтшылдық.

**Саяси реакция** – дамуға қарсы, ескірген әлеуметтік тәртіптердің сақталып қалудын жактаушысы болған саяси күш.



1. Франция үкіметі ішкі саясатта қандай маңызды шараларды жүзеге асырды?
2. «Дрейфус ісінен» қандай негізгі мақсат көзделген еді?
3. XIX ғасырдың ақыры – XX ғасырдың бас кезінде Францияның экономикалық жағдайында қандай өзгерістер болды?
4. Францияның еңбекшілері өз құқықтары үшін жүргізген күрестерінде нелерге кол жеткізді?



1. Не үшін ақыр-соңында Францияда қоғамды қайта құрулар арқылы қайта құру жолы женіп шықты?
2. Естергазы туралы мәлімет жина және түсіндір.
3. Франция экспортында қайсы салалар жетекші орынға ие болды? НЕ үшін?
4. Франция қайсы мемлекеттерге көбірек капитал шығарды? Түсін-діріп бер.

## 7-§.

**Францияның сыртқы саясаты****Мемлекеттің халықаралық жағдайы**

XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап Францияның халықаралық аландағы жағдайы нашарлады. Пруссиямен болған соғыстағы күйрекен женілістен соң Еуропа құрлығындағы жетекші мемлекеттің бірі болған Францияның беделі жоққа шықты. Енді Франция Германия шабуылынан қауіптеніп жасайтын мемлекетке айналды.

Әсіресе, 1879 жылы Германия мен Австрия-Венгрия арасында түзілген одактық шарты Францияның халықаралық беделін төмендете түсті. Әйткенмен, Франция басқа ұлы мемлекеттер арасындағы шиеленістерден шебер пайдаланып, өзінің отаршылдық империясын кенеите түсу мүмкіндігіне ие болды.

**Отаршылдық империясының жүзеге келуі**

XIX ғасырдың 70-жылдарының акырынан бастап отаршылдық саясатының бағыты бұрын басып алған отар аумақтарын менгеру және жаңа отаршылар басып алуға бағытталды.

1881 жылы Солтүстік Африкада жайғасқан Тунистің басып алынуы жана отаршылар басып алу жолындағы бастапқы адым болды. Германия Францияның Тунисті басып алуына әдейі қарсылық көрсетпеді. Оның мақсаты Франция мен Италия қатынастарын шиеленістіру еді. Өйткені Германия Италияның да Тунисті талап ететінін жаксы біletін.

Франциямен қатынастары шиеленіскең Италия енді Германиямен жақындаса бастады. Ақыры бұл жақындасу 1882 жылы Италияның 1879 жылы Германия мен Австрия-Венгрия империялары арасында жасалған әскери-саяси одаққа қосылуына себеп болды. Сөйтіп, Еуропада дүние жүзі тарихына «Үштер одағы» деген атпен енген әскери-саяси одақ түзілді.

Францияның Африкадағы басқыншылық саясаты Туниспен ғана шектеліп қалмады. Керісінше, 1891–1896 жылдардың ішінде Гвинея, Сенегал, Мадагаскар және Мавританияны да басып алды. Ал 1912 жылы Марокко үстінен өз протекторатын орнатты.

Франция Азияда да өз отаршылдығын көбейте түсті. 1884 жылы Вьетнамды қолға алды. Арадан он жыл өткен соң, Лаостың үстінен протекторат орнатты. Солайша, 20 млн халық жасайтын отаршылдық

империясы құрылды. Бұл отаршылдық империяның арқасында Франция үлкен табыс қорына ие болды.

### **Ұлы Британиямен жақындасу**

Германия Ұлы Британияның Еуропадағы бірінші мемлекет беделіне ең көп дәрежеде қатер төндіріп жатқан мемлекетке айналып бара жатқаны Ұлы Британияның басшы топтарын мазасыздандырыды. Германия бұл дәуірде халықаралық саяси аланда «құннің барлық мемлекеттер желкесіне тендей сөule таратуы қажеттігіне» талап койып жатқан еді. Бұл үлкен үш отаршыл мемлекет – Ұлы Британия, Франция және Ресей империясы отаршыларын қайта бөлуге талап қою, дегені еді. Бұл талап Францияны да қауіптендіріп қойды. Францияға осы уақытқа дейін халықаралық шенберде негізгі дүшпан болып келген Ұлы Британиямен жақындасу жолдарын іздеуден басқа жол жок еді. Сонымен бірге Ұлы Британия үшін де Франциямен жақындасу оның мұдделеріне сай келетін еді. Себебі бұл дәуірде халықаралық аланда Германия оның бірінші дүшпанына айналып қалған еді.

Ақыры, Франция – Ұлы Британия жақындасуы жүзеге келді. Бұл жақындасу 1904 жылда олардың арасында бітім түзумен аяқталды. Бұл бітім олардың отаршылар мәселесі бойынша келісімдерін көрсеткен еді. Атап айтқанда, Франция Ұлы Британияның Мысырдағы әрекеттеріне бұдан былай кедергі жасамайтынын, Мысырдың Ұлы Британия ықпал шенберінде екенін тән алды. Сонымен бірге, Ұлы Британия Францияның Марроккодағы мұдделерін тән алды.

Марокко сұлтаны өз міндетін атқара алмау ықтималы бар екен-дігі және солай болып қалғанда, Марокко жерінің Гибралтар бұғазына тікелей ұштасқан бөлігін Испанияға беруі белгілеп қойылды. Марокконың қалған бөлігін Франция өз қолына алуы көзделді.

Ұлы Британия үшін Гибралтар бұғазы Францияның емес, басқа өзі үшін қауіпсіздеу болған Испания кол астында болғаны ма-құл еді.

1904 жылы екі мемлекет арасындағы бітім негізінде Ұлы Британия мен Франция арасында әскери-саяси одак туралы шарт жасалғанын да білдіретін.

### **Ресеймен жақындасу**

XIX ғасырдың ақыры – XX ғасырдың бас кезінде Ресей мен Австрия-Венгрия қатынастары нашарлай түсті. Бұған екі мемлекет мұдделерінің Балқан түбегінде қатаң қақтығысқаны себеп болды.

1879 жылда Германия мен Австрия-Венгрия әскери-саяси од-

ғының құрылуы және бұл одаққа Италияның қосылуы жағдайды құрделендіре түсті. Сондай жағдайда, Франция мен Ресейдің жақындасты табиғи бір жайт еді. Германияның бұдан да қүшейіп кетуін қаламаған Ресей Германияның Францияға қарсы жаңа соғыс ашу жоспарларына кедергі жасап келді.

1882 жылы «Үштер одағының» құрылғаны Франция мен Ресейді жақындасуға мәжбүр етті.

Ақыры, 1891 жылы бұл екі мемлекет арасында одақ бітімі жасалды. Бітім бойынша, бұл екі мемлекеттен біріне сыртқы шабуыл жасалса, екі жақ та бір уақытта әскери шакыру жариялайтын болды.

Ал 1907 жылы Ресей 1904 жылы Ұлы Британия мен Франция арасында құрылған әскери-саяси одакқа қосылды. Сөйтіп, Антанта жүзеге келді және Еуропаның үлкен мемлекеттері екі әскери-саяси одакқа бөлініп кетті.

1. Еуропа құрлығындағы жетекші мемлекеттің бірі болған Францияның беделі қандай себептер бойынша жокқа шықты?
2. Франция отаршылдық империясы қай түрде құрылды?
3. Францияны Ұлы Британия және Ресей империясымен жақындастына мәжбүр еткен алғышарттардың үқас және өзіне тән жақтарын анықта.

- 
1. Неліктен кешегі құні өзара қатынастары нашар болып келген мемлекеттер уақыт өтуімен бір-біріне одактас немесе, керісінше, өзара қатынастары жақсы болып келген мемлекеттер қарсы мемлекеттерге айналып қалған?
  2. Франция – Германия қатынастары туралы қысқаша шығарма жаз.
  3. Антанта қалай пайда болды? Түсінік бер.

## 8-§.

### XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі Германия. Империяның құрылуы

#### Германияның біріктірудің аяқталуы


Франция – Пруссия соғысы болып жатқан кезде, яғни 1871 жылдың 18 кантарында барлық герман мемлекеттерінің монархтары Версальға жиналышп, Пруссия патшасы Вильгельм I ді Германия императоры деп жариялады. Бұл Германияның екінші рет империя деп жариялануы еді. (Есінде түсір: Германия бірінші рет қашан империя деп жарияланған еді?) Сөйтіп, бүкіл Германия жерінің

2/3 бөлігінде орналасқан, ал халқының 60%-ы жасайтын Пруссия монархиясы жетекшілігінде Германияның бірігуі аяқталды. Бірегей және тұтас Германия империясы орнатылды.

### **1871 жылғы империя конституциясы**

1871 жылды империя рейхстагы жалпыгерман конституциясын қабылдады. Эльзас-Лотарингия империя құрамына өкім (штат-галтер) басқаратын «арнаулы империя облысы» болып енді. Әкімді императордың өзі тағайындастын. Империяға енген кейбір мемлекеттер өз конституциялары мен парламенттерін (ландтагтарын) сақтап қалды.

Конституцияға сәйкес, империяның жоғары өкілетті мекемелері Одақ Кенесі (Бундесрат) мен Рейхстаг еді. Конституцияда біріккен Германияда Пруссия гегемондығы бекітілді. Император соғыс жарайлағанда, бітім түзгенде, халықаралық қатынастарда империя атынан жұмыс жүргізді. Әрі ол империя қарулы күштерінің бас қолбасшысы да еді. Император өз қалауымен Рейхстаг және Одақ Кенесі сессияларын шақыру, ашу, таратып жіберу немесе мерзімін ұзайту, империя канцлерін тағайындау және міндетінен азат ету құқықтарына ие еді.



**Отто фон Бисмарк**

метшілерден басқа, 25 жасқа толған еркектер фана сайлау құқықынан пайдаланатын.

### **Германияның экономикалық дамуы**

базарларына кіріп барды. Олай болса, қандай алғышарттар Германия экономикасының өркендеп дамуына себеп болды?

Император әрі бір кезеңнің өзінде 1871 жылғы конституция бойынша, Пруссия королі болып саналатын.

Германияның бірінші империя канцлері лауазымына Отто фон Бисмарк тағайындалды. Ол мемлекет басқаруында үлкен тәжірибелі ие еді, дерлік 20 жыл бойы (1871–1890) мемлекет үкіметін басқарды. Бисмарк Германия тарихында «Темір канцлер» лақабымен әйгілі болған.

Рейхстаг, конституцияда көрсетілгендей, жалпы сайлау құқықы негізінде бес жыл мерзімге сайланатын. Бірақ іс жүзінде сайлау құқықы тек сөз жүзінде фана жалпы еді. Әскери қызметшілерден басқа, 25 жасқа толған еркектер фана сайлау құқықынан пайдаланатын.

70–80 жылдарда Германия экономикасы өркендеп дами бастады. Оның өнеркәсіп өнімдері барлық құрлық мемлекеттерінің базарларына кіріп барды. Олай болса, қандай алғышарттар Германия экономикасының өркендеп дамуына себеп болды?

Басты алғышарт – Германияның біріктірілгені еді. Бұл бірігудің нәтижесінде бірегей ішкі базар жүзеге келді. Яғни, кеден кедергілері алып тасталды. Бірегей акша, өлшем және салмақ бірліктеп енгізілді.

Екінші алғышарт – Францияның талан-тараж етілуі болды. Франция 3 жыл ішінде 5 млрд. франк табан төлеуге мәжбүр етілді. Одан тартып алынған темір рудасына бай Лотарингия мен Саар тасқемір кені бірігіп Германия ауыр өнеркәсібі дамуында маңызды мәнгі ие болды.

Үшінші алғышарт – Германия іскерлері басқа мемлекеттер тәжірибелерінен сәтті пайдаланды. Өндіріске ең озат технология, сондай-ақ, ғылым мен техника жетістіктерін енгізді. Әсіресе, Томсонның фосфор алу үдерісінің жеңілдетілуі Германия өнеркәсібінің өркедеп дамуы үшін үлкен мүмкіндіктер туғызыды. Өйткені, Германия фосфор рудаларының негізгі мекені еді.

Төртінші алғышарт – өнеркәсіптің жедел қарқынмен соғысқа бейімделуі өндірістің дамуына ықпалын тигізді. Франциядан өндірілген табан төлемінің белгілі бір бөлігі әскери тапсырыстар үшін төленді.

Бұл алғышарттар, сонымен бірге, Германияны аграрлық мемлекеттен дамыған мемлекетке айналдырыды.

Германия химия өнеркәсібінде дүние жүзінде бірінші орынға шығып алды. Ал темір және болат өндіруде АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шықты. Шойын өндіру 1912 жылда 17,6 млн тоннаға артты.

Өнеркәсіптің дамуымен өндіріс ірі өнеркәсіптерде шоғырланып отырды. Өнеркәсіпте өндірістің орталықтануы қүшейді. Мәселен, көмір қазып шығару, шойын мен болат еріту, негізінен 4 монополия қолында шоғырланды.

1914 жылы Германияда өнеркәсіп өндіріci 1871 жылға қарағанда 7 есеге көбейді.


Өнеркәсіп өндіру көлемі жағынан Германия дүние жүзінде АҚШ-тан кейінгі екінші орында болды. Ауыл шаруашылығы да жедел қарқындармен өркендей бастады.



**Бундесрат** (Одак Кеңесі) – Германия парламентінің жоғары палатасы.

**Рейхстаг** – Германия парламентінің төменгі палатасы.

**Канцлер** – бас уәзір.



### Шнайдер зауытында зенбіректерді жинау үдерісі.



1. Германия бірінші рет қашан империя деп жарияланған еді?
2. Германияны біріктіру үдерісі туралы нелерді білесін?
3. Империялық мемлекет үкіметінің жоғары органдарының аттарын атап бер.
4. Қандай алғышарттар Германияның экономикалық жағынан өркен-деп дамуын қамтамасыз етті?



1. Отто фон Бисмарк туралы реферат дайында.
2. Бұғінгі күнде Германия Федеративтік Республикасы мен Өзбекстан Республикасына тиісті мәліметтер жина.



### Империяның ішкі саясаты

**Ішкі саясат** Германия үкіметі ішкі саясатта мемлекетті пруссияландыру мәселесіне ерекше мән берді. Империя конституциясында Пруссия патшалары ғана Германия императоры бола алатыны атап өтілгені мұның айқын дәлелі еді.

Польша мен Францияның Германияға өткен аумақтарында да пруссияландыру саясаты жүргізілді. Поляк тілінде оқытылатын мектептер жабылды. Бұған жауап ретінде 1906 жылы 100 мыңнан астам поляк балалары мектепке барудан бас тартты.

Бисмарк үкіметі католик шіркеуінің ықпалын кемейтуге бағытталған бірқатар шараларды іске асырды. Мектеп шіркеуден бөлінді.

Дін иелерінің саяси үгіт жүргізуіне тиым салынды. Діни кадрлар дайындау, оларды міндеттерге тағайындау жұмыстарын мемлекет өз қолына алды.

Азаматтық жағдай актілерін тіркеуден өткізу жұмыстары да (туылу, неке, қаза табу) мемлекет мекемелері ықтиярына өткізілді. Бисмарктың католик шіркеуі ықпалына қарсы қолданған шаралары «Культуркампф» (Мәдениет үшін күрес) деп аталды.

Бисмарк үкіметі, сонымен қатар, жұмысшылар мен социалистік қозғалысты аяусыз бастыру саясатын жүргізді. Бұл дәуірде 1875 жылда ұйымдастырылған Германия социал-демократиялық партиясының (ГСДП) ықпалы артып бара жатыр еді.

1878 жылы социалистерге қарсы төтенше заң («Социал-демократтардың қауіпті ұмтылыстарына қарсы заң» деп аталған) қабылданды. Оның қабылдануына Император Вильгельм I ге катысты екі рет ұйымдастырылған қастандық сылтау болды. Бұл қастандыкты социалистер ұйымдастырмаған еді. Солай болса да, Бисмарк оларды қоғам тәртібін бұзушылар деп есептейтін. Бұл заң партия қызметіне іс жүзінде тиым салып қойды. Заң 2,5 жыл мерзімге қабылданған болса да, ол 12 жыл бойы қолданылды.

Бисмарк үкіметі тек қысымдармен мемлекетте саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп болмайтынын жақсы түсінетін. Ол жұмысшыларға да тиісті зандар қабылдау қажет деп есептеді де бұған қол жеткізді.

Атап өтсек, жұмысшылар сырқаттанып қалғанда, жарақаттанғанда, қартайған шағында және еңбекке қабілеттілігін жоғалтқанда қамсыздандыру көмегін алу туралы зандар еді.

1888 жылда Вильгельм I қаза тапты. Таққа 28 жастағы Вильгельм II (1888–1918) отырды. Ол билікті ешкіммен де, тіпті, Бисмаркпен де бөлісуді қаламады да дара басшылыққа ұмтылды.

1889 жылы Бисмарк Рейхstag алдына социалистерге қарсы занфа тұрақты сипат беру мәселеін қойды. Бірақ Рейхstag бас тартты. Император да Бисмаркты қолдамады. Бисмарк мұны намысын қорлағандық деп қабылдап, 1890 жылы отставкаға шығып кетті. Жаңа үкімет төтенше занды жойды.

ГСДП ашық күде жұмыс істеу жағдайына өтті. Партия еңбекшілер мұддесін қорғау саясатын жалғастырды. Ол ең күшті және бұқаралық партиялардың біріне айналды. Нәтижеде, 1891 жылдан бастап, жексенбі демалыс күні деп белгіленді. 13 жастан кіші болған балалар енбегіне тыйым салынды. Әйел-қыздар үшін 11 сағаттық жұмыс күні енгізілді.

## Ауыл шаруашылығындағы жағдай

Ауыл шаруашылығында барлық жыртылатын жерлердің 25%-ға жуығы юнкерлер (үлкен жер иелері) қолында шоғырланды. Юнкерлер шаруашылық жүргізуде жалдамалы енбектен пайдаланды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығында қолдану үшін жасалған техникалардан өнімді пайдалануға айрықша мән берілді. Кең шенберде минералдық тынайтқыштардан пайдалана бастады.

Бұлар, сонымен бірге, енбек өнімділігінің өсуін, өнімділіктің артуын қамтамасыз етті.

Ауыл шаруашылығында техниканың кең қолданылуы артықша жұмысшы құштердің жұмыс іздеп қалаға көшуіне себеп болды. Ал бұл өркендердемен дамып келе жатқан өнеркәсіпті жұмысшы құшімен қамтамасыз етуге кең жол ашты.

Германияның қысқа тарихи дәуірде аграр мемлекеттен құдіретті дамыған мемлекетке айналуында бұл алғышарт та маңызды рөл ойнады.

Германия қаншалықты өркендердемен дамығанмен, бұл мемлекеттің жұмысшылары АҚШ пен Ұлы Британия жұмысшыларына қаранды, кем енбекақы алды. 1900–1903 жылдардағы дүние жүзілік экономикалық дағдарыс жұмыссыздықты арттырды, енбекақыны азайтты.

Нәтижеде, жұмысшылардың материалдық жағдайы ауырласты. Осындай жағдайда ГСДП жұмысшылар мүддесін парламент жолымен қорғай бастады. 1912 жылғы парламент сайлауында бұл партия 34,8% дауыс алды. Бұл жетістік үкіметті де бұлармен санасуға мәжбүр етті. Нәтижеде, енбекақы жартылай болса да көбейтілді, жұмыс күнінің қысқартылуы іске асырылды. Бірақ жұмысшылар мұнымен күресті тоқтатпады. Олар енді 8 сағаттық жұмыс күнін талап ете бастады.

ГСДП жұмысшылардың мүддесі үшін күресудің бейбіт, парламент жолын тандады. Бұл Париж Коммунасы сабактарынан шыққан бірегей дұрыс жол еді. ГСДП-ның парламент жолымен күресу тактикасының негізінде қоғамдағы көкейтесті ділгірліктерді қайта құру жолымен шешу мақсаты жатты. Сондай-ақ, бұл жол бұқаралар татулығын да көздеңген еді.

1. «Германияны пруссияландыру» деген сөздің мазмұнын түсіндіріп бер.
2. «Культуркампф» деген не?
3. Бисмарк не үшін отставкаға шықты?

4. ГСДП еңбекшілер мұддесі үшін күрес жолында қандай табыстарға жетті?



1. Мемлекеттің ауыл шаруашылығы қалай дамыды?
2. Жұмысшылар мұддесін кімдер қоргады?
3. Бұғінгі Германияда қайсы партия үкіметті басқарып жатқандығын анықта.

## 10-§.

## Империяның сыртқы саясаты

### Дүние жүзін қайта белуге талап қою

Ұлы Британия мен Франция өте үлкен отаршылдыққа ие болған кезде Германия мұндай отаршыларға ие емес еді. Германияның басшы топтары «күннің баршаның желкесіне бірдей сәуле шашуы» керек деген талап қойды.

Бисмарк Германияның халықаралық майдандағы ықпалын күштейтуді өз алдына міндет етіп қойды. Жаңадан құрылған француз әскерін кек алушы әскер, деп есептей бастады. Сондықтан Франция әлі толық нығайып алмай тұрып, онымен соғысуға асырып жатыр еді. Бірақ Ресей мен Ұлы Британия Германияның күшейіп кетуін тілемейтін еді.

Ал Бисмарк екі фронтта соғысдан қорқатын. Осындай жағдайда ол өзіне одақтас іздеді және көп өтпей оны тапты. Бұл Австрия-Венгрия империясы еді. 1879 жылы Германия Австрия-Венгриямен одак түзді. 1882 жылы Австрия-Венгрия-Германия одагына Италия да қосылды. Бұған Италияның Франциямен қатынасының шиеленісіү себеп болды. Атап айтқанда, Франция Италия талап етіп жүрген Тунисті басып алған еді. Ал Австрия-Венгрия империясы бұл кезде Балқан түбегінде Ресеймен бәсекелесіп жатыр еді. Солайша, үш сыйбайлас күштер бірігіп, 1882 жылы әскери одак – «Үштер одагы» құрды. Сөйтіп, Германия Франция мен Ресейге қарсы бағытталған коалицияға бас болып алды. Бисмарк Ресейді өз саяси жоспарларын іске ассыру жолындағы негізгі кедергі деп біletін.

Бірақ Бисмарк бір мезгілде әрі Францияға, әрі Ресейге қарсы күресу оңай еместігін түсінді.

1891 жылы шовинистік үйым – «Герман одагы» құрылды. «Король Пруссия үстінде, Пруссия Германия үстінде, Германия дүние үстінде» деген ұран алға қойылды.

## **Германияның отаршылдық экспансијасы**

Германия Еуропада соғысқа өзірленумен бірге отаршылар басып алуға да кірісті. 1882 жылы Бремен саудагерлері Африканың оңтүстік-батыс жағалауындағы Ангра-Пекен бухтасына келді. Олар 200 ескі мылтық және 2000 марка төлемінде жері бар тайпа бастығынан біршама аумақты сатып алды. Көп өтпей Германия бұл жерді өз протектораты деп жариялады. Африкаға шенеуніктер мен әскерлер жіберілді. Олардың жаңа жерлерді басып алуға жасаған әрекеті жергілікті халықтың қатты қарсылығына ұшырады.

Германия Африканың орта бөлігіндегі Того мен Камерун жерлерін, Гвинеяның солтүстік бөлігін және онымен жанасатын аралдарды жаулап алды әрі Африканың шығыс бөлігіндегі аумақтарды да Занзибарды басып алды. Бұл аумақ «Германияның Шығыс Африкасы» деп аталды.

Вильгельм II Германия басшы топтарының басқыншылық саясатының «жаршысы» және белсенді іске асырушысы болып шықты. 90-жылдардың ақырында Шандун (Қытай) провинциясының бір бөлігі басып алынды. Сол кезде-ак, Германия Тынық мұхиттағы Каролина, Мардана аралдарын және Самоа аралының бір бөлігін қолға алған еді. Көп өтпей Маршал аралдарын қолға енгізді.

Солтүстік теңізді Балтық теңізімен ұштастырған Киль каналы ашылды. Рейхstag әскери флот құрудың үлкен бағдарламасын қабылдады. Бұл жайт Ұлы Британиямен қатынасты шиеленістіре түсті. Ал Мароккоға деген талабы Франциямен қатынастарды нашарлата түсті.

Африкада «бізді құр қалдырыды» деп есептеген герман басшы топтары «қолдан кеткендердің» орнын Таяу Шығыста толдырмақшы болды. Олар Кіші Азия, Сирия, Месопотамия және Палестинада жайғасып алмақшы еді. Себебі бұл жерлерде дүниедегі ең ірі мұнай кендері, астық және мақта шикізаттары бар еді. Неміс банкирі Сименстің бастауымен Берлинді Парсы шығанағымен байланыстыратын теміржол құру жоспары түзілді.

1889 жылы Вильгельм II «мәртебелі Иса қабірін» зиярат ету сұлтауымен Палестинаға барды. Олар сапар кезінде Түркия сұлтанымен кездесіп, жоспар бойынша Босфордан Кіші Азия арқылы Бағдатқа және одан Парсы шығанағына дейін теміржол құру туралы келісіп алды. Бұл жол «Бағдат теміржолы» деген атпен тарихта қалды.

Немістердің Парсы шығанағына шығуы Ұлы Британияның бұл аумақтағы мұдделеріне зиян келтіретін еді. Сол себепті, Ұлы Британия

«Бағдат теміржолын» Парсы шығанағына шығармау үшін Кувейтте өз протекторатын орнатты. Соған қарамай, Османды мемлекеті мен Германия арасында теміржол мәселесінде қорытындылаушы бітім жасалынды.

Сонымен бірге Германия бар күшін салып қарулануды қүшайте түсті.

Қарулы күштер саны шұғыл көбейтілді. Рейхстаг үлкен әскери кемелер құру мен суасты флотына үлкен-үлкен қаржы бөлді.

Бірақ 1907 жылы түзілген Ұлы Британия, Франция мен Ресей одағы Германияның сыртқы жағдайын күрделендіріп жіберді.

**Германия-Османды мемлекеті қатынастары** XIX ғасырдың акырынан бастап, Германия—Османды мемлекеті қатынастары жақындаса түсті. Османды мемлекеті Германия бейнесінде өз құтқарушысын көргендей еді.

Ендеше, бұған нелер себеп болған? Еуропаның ұлы мемлекеттері Ұлы Британия да, Франция мен Ресей де Османды мемлекеті үшін империяның кез келген аумақтарына көз салып отырған немесе бірінен кейін бірін оларды басып алып жатқан ортақ дүшпан мемлекеттерге айналған еді.

Қара теңізді Жерорта теңізімен байланыстыратын Османды мемлекетіне қарасты Босфор және Дарданелл бұғаздарына, Стамбул қаласына Ресей талаптана бастады. Мұндай жағдайда Германия Османды мемлекеті көз алдында оның империясының аумақтарына талап қоймаян жалғыз мемлекет еді.

Ұлы мемлекеттердің қызымына төзу үшін Османды мемлекетіне Германия сияқты одақтас керек еді. Германия үшін Бағдат теміржолын құра алса, келешекте бүкіл Таяу Шығысқа ие болуы мүмкін секілді еді. Сондықтан да Германия Османды мемлекетін әрі қаржылық, әрі әскери жағынан қолдап-қуаттады.

Бұл екі мемлекет арасындағы жақындық, акырында, Османды мемлекетін өзі сезбеген күде Германияның дерлік вассалына айналдырып қойды. Енді Османды мемлекеті қаласа да, қаламаса да, жақындал келе жатқан Бірінші дүние жүзілік соғысында Германия жағында тұрып соғыста қатысуға мәжбүр еді.

**Соғыстың алғышарттары** XIX ғасырдың 90-жылдарында Германия басып алған отарлар аумағы өзінің аумағынан дерлік бес есе артық еді.

Біріншіден, Германияның Еуропада үstem болуы туралы талаптары күшайді.

Екіншіден, дүние жүзі базарларында Германия Ұлы Британияның негізгі дүшпанына айналды.

Үшіншіден, Африканы қайта бөлуді талап еткені әрі Франциямен, әрі Ұлы Британиямен қатынастарын шиеленістіре түсті.

Төртіншіден, Германияның Балқанға, Таяу, Орта және Қызыр Шығысқа бас сұғып белсенді кіріп баруының дәрежесі тарихта «Шығысқа шабуыл» («Grang nach osten») деген ат қалдырыды.

Енді Германияның басшы топтары бұл әлемнен орын талап ете бастады. Сонымен қатар барлық халықаралық көліспеушіліктерден өз мұддесі жолында пайдалануға тырысты. Ресей империясының Балқан түбегіндегі мұдделерін менсінбей, Австрия-Венгрияның Балқан саясатын қолдады.

Дүние жүзінің барлық нұктелерінде Германия экспанциясы Ұлы Британия мұдделеріне қатысты болды және оның қарсылығына тап болды.

Германия императоры Вильгельм II «Германияның келешегі тенізде» деген ұран таstadtы. Бұл ұран теніз билеушісі – Ұлы Британия әскери флотына тең келетін флот ұйымдастыру қажеттігін білдіретін еді.

Германияның әскери теніз флоты күш-құдіреті жағынан екінші орында еді. Император мақсатын жүзеге асыру үшін жаңа әскери кемелер құру жұмысы жеделдетіп жіберілді.

1905 жылы Германия қарулы құштерінің Бас штабы екі фронтқа, яғни әрі Батыста, әрі Шығыста (Ресейге қарсы) соғыс жүргізу жоспарын жасады.

Германия әрі әскери, әрі экономикалық және әрі идеология жағынан соғысқа дайындалуда өзінің дүшпандарынан озып кетті.



**Коалиция** (латынша – біріккен) – бір немесе бірнеше мемлекеттерге қарсы бірігіп әрекет ету үшін екі немесе одан көп мемлекеттердің құрған уақытшалық әскери-саяси одағы.

**Экспанция** (латынша – кеңейту) – отарлауыш елдердің өзгелер аумактары мен базарларын, шикізат қорларын басып алуға, саяси және экономикалық ықпал шенберлерін кеңейтуге бағытталған саясаттары.

1. Германия сыртқы саясатының негізгі мақсаты не еді?
2. Германия, Австрия-Венгрия және Италия әскери-саяси одағы қай сипатта жүзеге келді?
3. Неліктен Германия Еуропаның ен ұлы мемлекеттері болып са-

налған Ұлы Британия, Франция және Ресейдің, тым болмаса, біреуімен де одак шартын жасай алмады?

4. Германияның I дүние жүзілік соғысына бар күшін салып көрген дайындығын мысалдармен негізде.
5. Бұғінгі Германия Федеративтік Республикасы мен Франция қатынастарына тиісті мәліметтерді жина.



1. «Герман одағының» негізгі мақсаты туралы реферат дайында.
2. Картадан пайдаланып Германия отарларын анықтаң, оларды түсіндір.
3. «Бағдат теміржолы» ұфымын түсіндір.
4. Германия неліктен Османды мемлекетімен жақындасты?

## 11-§.

### XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кездеріндегі Ұлы Британияның саяси және экономикалық жағдайы

#### Мемлекеттің саяси құрылымы

Ұлы Британия бұл дәуірде де шектелген монархия еді. Бірақ Германиядан өзгешелігі мемлекетте король билігі негізгі рөл ойнамайтын.

Ұлы Британия корольдары тек мемлекет бастығы ғана еді. Олар мемлекетті іс жүзінде басқармаған. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын басқару парламент түзетін үкімет қолында еді.

Ұлы Британияда қай партия парламент сайлауында жеңіп шықса, сол партия үкімет құратын еді. Мемлекетте құшті екі партиялық жүйе орнаған еді, олардың бірі Консерваторлар, ал екіншісі Либералдар партиясы деп аталатын. Консерваторлар партиясының негізгі тірегі ірі жер иелері және англикан шіркеуі, ал Либералдар партиясының негізгі тірегі орта сынып өкілдері еді.

Консерваторлар партиясы дәстүрлерге шын берілгендейімен ерекшеленсө, Либералдар партиясы заман рухына сәйкес реформалар өткізу бастаушылығымен өзгешеленетін. Сонымен қатар, оларды біріктіретін бірегей мұдделер де бар еді. Бұл мұдделер ортақтығының негізін Ұлы Британияның әлемде жетекші мемлекет мәртебесін сақтап қалуға ұмтылуы, отаршылдық империяны кенейтеп тұсу, дүние жүзі базарларынан өз бәсекелестерін мүмкіндігінше көбірек сыйып шығаруға ұмтылуы сияқты мақсаттар еді.

XIX ғасырдың орта шенінде Ұлы Британияда демократиялық қоғамның негіздері орнады. Бұлар – сөз, ереуілдер өткізу, баспа бостандығы сияқтыларда көрінді. Сондай-ақ, азаматтық топ жеңілдіктері жойылды. Бірінші орынға адамның қай топқа тиістілігі емес, жеке тұлғаның бас бостандығы, қабілеті, тәуелсіздігі, жеке тұлғалығы койылды.

1867 жылы өткізілген парламент реформасы арқылы сайлауда қатысуышылар үшін мүлік цензасы азайтылды. Нәтижеде ер тұрғындардың 50 пайзы сайлау құқықына ие болды.

Либералдар партиясынан У.Гладстон бас уәзірлік дәуірінде (1864–1874 жылдарда) үкімет бірқатар реформалар өткізді. Атап айтқанда, тред-юонондарға өз мүдделерін сотта қорғау құқықы берілді және жұмыс тастаулар өткізілуіне рұқсат етілді. Парламентке сайлаулардың жасырын дауыс беру жолымен өткізілуі енгізілді. Мектеп реформасы өткізілді.

Б. Дизраэли бас уәзірлігі дәуірінде де бірқатар манызды шаралар іске асырылды. 1875 жылда аптасына 54 сағаттық жұмыс уақыты белгіленді. 10 жастан кіші балаларды жұмысқа қабылдауға тыйым салынды. 1911 жылда тағы бір рет парламент реформасы өткізілді. Бұл реформа Ұлы Британияда демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекетшіліктің даму жолында манызды саты болды.

### **Экономикалық дамуда артта қалу**

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ұлы Британия экономикалық жағынан артта қала бастады. «Әлем шеберханасы» деген атқа

ие болған Ұлы Британияның XIX ғасырдың соны–XX ғасырдың бас кездеріндегі өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2 есеге қысқарды. Өнеркәсіптік өндіріс көлемі бойынша 3-орынға түсіп кетті. Мемлекеттің әлем шеберханасы мәртебесі өткен тарихқа айналып қалды. Мұның негізгі себебі – біріншіден, капиталдың негізінен шетке шығарылуы еді. Ағылшын инвесторлары отаршыл елдерде зауыт, фабрика және басқа кәсіпорындар құруды артық көрген. Өйткені, отаршыл елдер шикізат және арзан жұмысшы күшінің қайнар көзі еді. Оларды метрополияға алып келу қымбатқа түсетін еді.

Шетке капитал шығару өте үлкен табыс келтірген. Оның келтірген пайдасы сыртқы саудадан келген пайдадан 5 есе көп болған. Пайданың артынан қуудың салдарынан Ұлы Британияның өзіндегі өндірістер дер кезінде заманалық техника және технологиялармен қайта жабдықталмай қалды. Соның нәтижесінде Ұлы Британияның

өнеркәсіптік өнімдерінің бәсекеге тәзімділік қуаты төмендеді. Германия мен АҚШ тауарлары дүние жүзінің барлық базарларында Ұлы Британия тауарларын қыспақа ала бастады. Себебі Германия мен АҚШ тауарлары әрі сапалы, әрі арзан еді. Сондыктан 20 жыл бойы, яғни 80-жылдардан XX ғасырдың бас кезіне дейін Германияның Ұлы Британияға экспорты 41 пайызға көбейген, ал АҚШ-тан экспорт жасау екі еседен артығырақ асқан.

Бұдан тыс, жас дамып келе жатқан мемлекеттер ағылшын тауарларына үлкен кеден төлемдерін енгізген еді. Ал Ұлы Британия болса әлі де кеденсіз сауда дәстүріне беріліп қала берді.

Екіншіден, халықаралық аланда бөлінген дүние жүзін қайта бөлу үшін күрес күштеген бір жағдайда Ұлы Британия болса әскери қарражаттарды көбейтуге мәжбүр болды.

Солай болса да, Ұлы Британия экономикалық жағынан әлі де құдіретті еді. Лондон дүние жүзі қаржы орталығы есептелген. Дүние жүзі саудасында есеп-қисап әлі де Ұлы Британия ақша бірлігі (фунт-стерлинг) негізінде іске асырылатын.

Ағылшын капитализмі өнеркәсіп саласындағы бұрынғы біріншілігінен макрұм болған болса да, өте үлкен пайда алу мүмкіндігін сақтап қалды. Бұған көптеген отаршыларындағы өте үлкен базарларды қолында сақтап қалу арқылы ие болды. Бұдан тыс, Ұлы Британияның өнеркәсіптік үстемдігі біртіндеп қолдан кеткенімен, дүние жүзі делдалышылық саудасынан, сақтандыру, банк, кеме жасау саласындағы монополистік үстемдігінен макрұм болмаған еді. Ұлы Британия буржуазиясы бұл монополистік үстемдікті алдымен өзінің отаршылдық империясы арқылы көпке дейін сақтап қала алды.



**Капитал** (латынша – бас, негізгі) – инвестиция; өз иесіне табыс келтіретін барлық құралдар мен қарожаттар. Яғни құн жасайтын, өзін-өзі көбайтетін құн, ақша табатын ақша.



1. «Саяси құрылым» және демократиялық қоғам деген сөздерге құқықтанушылыққа тиісті пәндерден алған білімдеріне негізделіп түсінік бер.
2. «Күшті екі партиялық жүйе» дегенді қалай түсінесін?
3. Конституциялық монархия деген не?
4. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ұлы Британияның экономикалық дамуда жетекшілік беделін жоғалтқандығының себептерін түсіндіріп бер.



1. «Әлем шеберханасы» деген сөзге түсінік бер.
2. Ұлы Британияда өткізілген реформалар бойынша реферат жаз.



## 12-§. Ұлы Британияның ішкі саясаты

### Ирландия ділгірлігі

Ұлы Британия ішкі саясатындағы көкейтесті ділгірліктердің бірі – Ирландия ділгірлігі еді.

Ирландияның жалға жер алып күн көретін диқандары тым мұқтаждықта жасайтын. Себебі жерлерді Британия лендлордтары өздерінікі етіп алған еді. Көпшілік ирландиялықтар тіршілік тауқыметімен Америкаға көшіп кетті. Аштық, өлім, көшіп кету нәтижесінде халық азайып кетті.

1875 жылы Ұлы Британияның парламент депутаты, олстерлик протестант, жер иесі Парнелл Ирландияға өкілдептік құқық берілуі туралы заң қабылдауды (гомруль) талап етті. Сондай-ақ, ол жалға берудің тиянақты болуы, жал ақысының ынсаппен алынуы және жалға алынған жердің қолдан колға еркін өтуін көздеген аграрлық реформаны іске асыруды талап еткен қофамдастық – Ирлан оппозициялық тобын өз айналасына жинады.

Парнелл жетекшілік еткен оппозиция беделді күшке айналды. Ирлан диқандарының «Жер-су лигасы» атты бұқаралық ұйымы сол оппозиция тірегі болды. Жалгерлердің жерден қудалануына жауап ретінде «Жер-су лигасы» Ирландиядағы үлкен жер иелеріне қарсы бұқаралық террор бастап жіберді. Сонымен қатар, Британия тауарларына бойкот күшайді.

Ұлы Британия үкіметі 1881 жылы ирландарға гомруль орнына «Жер-су актісін» ұсынды. Онда 15 жыл мерзімге жалға беру шамасын әділеттілікпен белгілейтін және жалгерге өз жер алаңын басқа бір тұлғаға өткізу құқықын беретін комиссия құрылуы көзделген еді.

Ирлан «Жер-су лигасы» бұл тәртіпке қарсы шықты және бойкотты күшайтіп, британиялық помещиктерді қорқыту компаниясын бастап жіберді де гомрульді талап етті. Бұған жауап ретінде, үкімет қысымды күшайтті. Парнелл қамауға алынды. Ал «Жер-су лигасына» тыйым салынды.

Ұлы Британия үкіметінің бұл іс-әрекеттері жанайын деп тұрған алауга май қуюғана болды. Ирлан диқандары Парнелдің үндеуімен британиялық лендлордтарға жалға беру ақысын төлеуден бас тартты.

Тыйым салынған «Жер-су лигасының» орнына «Эйел-қыздар жер лигасы» құрылды. Онымен бір қатарда «Ай сөүлесі батырлары», «Ақ ұландар», «Женімпаз батырлар» секілді ұлтшыл жауынгер ирлан ұйымдары пайда болды.

Ирландияда ашық түрде азаматтар соғысының қаупі күшейді. Содан кейін Ұлы Британия үкіметі Парнелл мен оның жақтау шыларына келісім жасауды ұсынды. 1881 жылда Парнелмен жасалған бітімге сәйкес, ирлан жалгер диқандары жалға төлеуді жалғастырулары және бойкотты тоқтатулары, ал үлкен жер иелері жалгерлердің қарызын «кешіп жіберулері» керек еді.

Бірақ Парнелл ұстаған келісім жолы Ирландиядағы ұсақ терроршы топтардың белсенділігін арттырып жіберді. Атап өтсек, 1882 жылда Дублинде Ирландия істері бойынша, статс-хатшы және Ирландия лорд-әкімі өлтірілді. Британияның қысымы мен полиция терроры басталды. Бұған жауап ретінде, ирлан қыстағында жаңа терроршылық толқыны көтерілді.

Ақыр-сонында, 1886 жылы үкімет гомруль беруге қаулы етті. Бірақ парламент одан бас тартты.

Сондай жағдайда Ирландия буржуазиясының бір бөлігі Ирландияға өкілеттік берілу талабын қойды. Ал Ирландия буржуазиясының сауда-өнеркәсіп шенберлерінің мүддесін көздейтін бөлігі Ирландияның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірнеше қатандапты ортаға қойды.

Сол топтың жетекшісі А. Гриффит 1905 жылы «Шинфейн» («Біз өзіміз») партиясын тұзді. Ол Ирландия тәуелсіз парламентін құру үгітін жүргізе бастады. Британия тауарларына бойкот жасау күшіне түсті.

Үкімет 1912 жылы парламентке тағы да гомруль туралы заң жобасын ұсынуға мәжбүр болды. Бірақ парламент тағы да оны бекітпеді. Нәтижеде, Ирландияда саяси жағдай өте-мөте шиленісті.

Бірақ басталған дүние жүзілік соғыс парламентті гомруль туралы заңды бекітуге мәжбүр етті. Өйткені соғыс дәуірінде ішкі саяси тұрактылық ауадай қажет еді.

**1911 жылғы  
парламент реформасы** 1911 жылы Ұлы Британияда парламент реформасы туралы заң қабылдады. Бұл заң парламенттің жоғары палатасы – Лордтар палатасының вето құқықтарына шек қойды.

Енді парламенттің төменгі – Қауымдық палатасы бір заң жобасын 3 рет мақұлдаса, оны Лордтар палатасы бекітпесе де заң күшіне

ие болатын болды. Лордтар палатасы қаржы мәселелерін шешуден де шеттетіліп қойылды. Парламенттің өкілеттік мерзімі 5 жыл етіп белгіленді. Депутаттарға жалақы тағайындалды.

Ұлы Британия еңбекшілері өз акы-құқықтары үшін әрдайым күрес жүргізген. Ұлы Британия жұмысшылар қозғалысында тред-юондар (кәсіподак үйымдары) үлken рөл ойнаған. Тред-юондарға мүше болғандардың саны да жылдан жылға арта түскен.

Ұлы Британия тред-юондары күрестің парламент жолын таңдаған.

**Әлеуметтік қозғалыс** Зан жұмысшыларға жұмыс тастау құқықын берген. Бірақ жұмыс тастаған күндердегі өндіріс шығынын тред-юондар есебінен өндірілетін еді.

Бұл тәртіп іс жүзінде жұмыс тастауды күрес тәсілі ретінде жокқа шығаратын еді. Тред-юондар өз партияларын құруға шешім қабылдады. Бұл партия 1900 жылда құрылған және ол 1906 жылдан бастап Лейбористер партиясы деп атала бастады.

Лейбористер партиясы парламент жолымен жұмысшылар мүддесін қорғауды өз мақсаты деп жария етті. Либералдар үкіметінің жетекшісі Д. Ллойд-Жорж «Лейбористер партиясының құрылышы Либералдар үкіметінің қатесі», деп өкінішпен атап өткен еді. Лейбористер партиясы құрылғаннан соң өткізілген бірінші парламент сайлауында-ақ, бұл партия 29 депутаттық орынға ие болды.

Экономикалық даму карқынының төмендеуі қажетті тұтыну өнімдерінің бағасы көтерілуіне себеп болды. Ал бұл жұмысшыларды жұмыс тастауға мәжбүр етті. Ен ірі жұмыс тастау 1911 жылы болып өтті. Көмір қазушылардың 6 аптаға созылған жұмыс тастауы үкіметті қажетті шаралар көруге мәжбүр етті. Соның ішінде, «Жұмыс ақының минимумы туралы» зан қабылданды. Ол бойынша, жұмыс тастаулар кезінде өнеркәсіптер көрген зиянның тред-юондардан өндірілуіне тығым салынды.

Өндіріс үдерісінде бақытсыз жағдайдың арқасында жәбір көргендеге өндіріс иелері есебінен төлемақы төлеу белгіленді. 70 жасқа толған кісілерге зейнетакы белгіленді. Кеншілер үшін 8 сағаттық жұмыс күні белгіленді. Аурудан немесе жұмыссыздықтан сактану төлемі енгізілді.

Бір сөзben айтқанда, Ұлы Британия билеуші топтары Бірінші дүние жүзілік соғысы қарсанында ішкі саяси ділгірліктерді жұмсаартуға және халықты біріктіруге қол жеткізді.



**Гомруль** – өзін-өзі басқару (Ирландияда).

**Бойком** – тән алмау.



1. Ирландия ділгірлігі қалайша жүзеге келген еді?
2. Ирлан халқының тәуелсіздік үшін жүргізген құресі туралы нелерді білесін?
3. Гомруль туралы заң қабылданбауы мүмкін бе еді?
4. 1911 жылда Ұлы Британияда өткізілген парламент реформасы туралы айтып бер.
5. Лейбористер партиясының түзілуі туралы нелерді білдін?
6. Ұлы Британия қашан Ирландияны басып алған еді?



1. Гомрульдің мағынасын түсініп ал.
2. «Жер-су лигасы» үйымының қызыметін зертте.
3. «Шинфейн» үйымы қандай жұмыстарды іске асырды?
4. 1911 жылы қандай реформалар жасалды?

### 13-§.

## Ұлы Британияның сыртқы саясаты

**Ең көп отаршылдарға ие** АҚШ пен Германияға қарағанда төмендеп ба-

**мемлекет**

Ұлы Британияның экономикалық дамуы жатқан болса да, өскери жағынан әлі де дүние жүзіндегі ең күдіретті мемлекет еді. Күшті өскери теңіз флоты Ұлы Британияны теңізде бірегей үстем мемлекетке айналдырған еді. Осы күдіреттің арқасында Ұлы Британия XIX ғасырдан бастап дүние жүзінің барлық құрлықтарында өте үлкен аумақтарды басып алды да оларды өз отарына айналдырыды.

XIX ғасыр сонында отарға айналған аумақтар 33 млн. шаршы. км-ді құрады. Онда дерлік 370 млн. халық жасайтын.

Отарлардан келетін табыс алынып отырған пайданың үлкен бөлігін құрайтын.

Сол дәуірдегі тарихшылар Ұлы Британия үшін отарлардың маңызы туралы бейнелеп былай деп жазған еді: «Үндістан Ұлы Британияны бағатын күтуші. Ал Мысыр – Британия империясының басына кигізілген тәж».

**Отаршылдық империясының құрылуды**

Британияның теңіздеңі жеке үстемдігі тіпті мемлекет әнұранында да өз сипа-

тын тапқан еді. Ұлы Британияның ұлдары мен қыздары әнұрандағы «Британия, теңіздерді басқар, билік жаса!» деген қатарларды мақтанаышпен орындастын.

Экономикалық жағынан Ұлы Британияның ең озық мемлекет ретіндегі беделінің төмендей бастауы оны жаңа-жана отаршылдар басып алуды күшетуге үндеді. Ал, бүгінгі күні, алдыңғы отаршыларда өз беделін нығайта түсуге тырысты.

1875 жылы бастапқыда Мысыр үкіметінен Жерорта теңізінен Үнді мұхитына шығуға мүмкіндік беретін Сувейш каналының 45% акциясын сатып алды. Көп өтпей, каналдың басқа, жеке адамдар қолында жиналған акцияларын да қолға енгізді. Сол арқылы Үндістанға шығатын теңіз жолдарының бақылауы толық Британия қолына өтті.

Ал 1876 жылы Британия өз ханымшасы Викторияны Үндістанның императоры деп жария етті. Сөйтіп, Ұлы Британия империясы құрылды. Енді Ұлы Британия империя деп, ал парламенті империя парламенті деп қолданылатын болды.

### **Ұлы Британия мен Ресей империясы**

Ұлы Британия өз алдына Орта Азияны да қолға алуды мақсат етіп қойған еді.

Сондай-ак, Жер шарының бұл аймағына Ресей империясы да талап қойып жатыр еді. Император үкіметінің мақсаты Орта Азияны қолға алу арқылы Ауғанстанға шығу және сол арқылы Үндістанға тікелей қауіп төндіріп тұру мүмкіндігіне ие болу жолымен халықаралық мәселелерде Ұлы Британияны келісуге мәжбүр ету еді.

Ресей империясы Орта Азия мемлекеттерін басып алу үшін әрекет бастағаны Ұлы Британияны әбігерге салып қойды. Ақыры, екі мемлекет мұдделерінің өзара ортақтасуына қол жеткізді. Яғни Ресей Үндістанға қауіп төндіруден, ал Ұлы Британия Орта Азияны қолға алу ниетінен бас тартты. Ауғанстан бұл екі отаршыл мемлекет мұдделерінің бетін қайтарып тұратын аумақ міндетін орындауы керек еді.

Ұлы Британия мен Ресей мұдделері қактығысатын тағы да бір аумақ Балқан түбегі, сондай-ак, Қара теңізді Жерорта теңізімен байланыстыратын Османды мемлекетіне қарасты Босфор және Дарданелл бұғаздары мен Стамбул қаласы еді. Бұл жерлер XIX ғасырдың сонында Балқан түбегі халықтарының белгілі бір бөлігі Османды қанауы астында еді.

Ресей империясының Балқанда берік орналасып алуына ұмтылуы, ал Османды мемлекетінің Балқандағы славян халықтарын өз қанау-

шылығы астында сактап тұруға тырысусы 1887 жылы Ресей–Османды мемлекеті соғысын жүзеге келтірді. Бұл соғыста басымырақ келген Ресей Османды мемлекетін өзі үшін қолайлы Сан-Стефано бітімшартын жасауға мәжбүр етті. Бірақ Ресейдің күшейіп кетуін қаламаған Ұлы Британия, Ресейді Сан-Стефано шартын ұлы мемлекеттердің Берлин конгресінде қайта талқылауға мәжбүр етті. Османды мемлекеті мұдделері қатты қорғауға алынды. Бұл қызметтің есесіне Османды мемлекеті Ұлы Британия пайдасына Кипр аралынан бас тартты.

Бірақ бара-бара Ұлы Британия патшалық Ресейге қатысты дұшпандық қатынастарын өзгертуге мәжбүр болды. Бұған Германия әс-кери құдіретінің барған сайын артып бара жатқандығы, оның тіпті Ұлы Британия отаршыларын да талап етіп жатқандығы себеп болды. Ең көп отарлары бар мемлекет болған Ұлы Британия мен Ресей өз отаршыларын Германиямен бөлісуді мұлдем қаламайтын еді. Енді бұл екі мемлекет ортақ дүшпан қаупіне қарсы тұру үшін өзара жақындасу жолдарын іздей бастады.

**Африкадағы отарлар** Ұлы Британия табиғи қазбаларға бай Африка құрлығында да үлкен отаршылар басып алуға кірісті. Ал 1882 жылда Мысырды қолға алды. Кейінгі жылдарда Нигерия, Сомали, Кения, Уганданы жаулап алды.

1899 жылы Африкаға Голландия, Франция мен Германиядан көшіп барған адамдар ұрпағы басқарып жатқан Бур Республикасына қарсы соғыс бастады. 1902 жылы Бур Республикасы тізе бүкті (Трансваал мен Оранж Республикалары).

Ұлы Британия Оңтүстік Африкада басып алған барлық аумақтарды тұтас бірлікке – Оңтүстік Африка Одағына бірлестірді.

**Ұлы Британияның халықаралық жағдайы** Базарлар мен отаршылар үшін отаршыл мемлекеттер арасында бәсекелестіктің күшейіп кеткендігі Ұлы Британияның халықаралық жағдайын біраз нашарлатып қойды. Әсіресе, Германия мен Ұлы Британия келіспеушілігі күшейді. Сондай жағдайда Ұлы Британия Германияға қарсы басқа мемлекеттермен тіл табысу жолын іздеуге мәжбүр болды. 1901 жылда Панама каналы құрылышы құқықын АҚШ-қа берді. Жапония, Франция және Ресеймен жақындасты.

Ұлы Британия үкіметі, сондай-ак, өзге мемлекеттердің ішкі істеріне араласуды да жалғастырды. Солардың ішінде, Ирандағы (1905–1911 жылдардағы) төңкерісті бастырды. Қытайда 1911 жылғы төңкеріске қарсы шыққан құштерді қолдады.


Сонымен қатар, Ұлы Британиядан көшіп барған ағылшындар орналасқан отаршыларда тұрақтанып алған ұлттық буржуазияның қысымымен үкімет бұл отаршыларға ресмилік жағынан тәуелсіздік құқықын (доминион) беруге мәжбүр болды. Австралия, Жаңа Зеландия және Оңтүстік Африка Одағы доминиондық құқықын алды (1867 жылы Канада осындай құқықты алған еді).



1. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кездерінде Ұлы Британияның ең үлкен отаршыл мемлекет екендігін дәлелдермен негізде.
2. Ұлы Британия отаршыл империясы қалайша құрылды?
3. Ұлы Британия – Ресей қатынастары туралы не білесін?
4. Ұлы Британия доминондары қандай аумақтарға ие болды?



1. «Үндістан Ұлы Британияны бағатын құтуші, ал Мысыр Британия империясы басына кигізген тәж» деген сөзді түсіндір.
2. Ұлы Британия империясы кашан құрылғанын сипаттап бер.
3. Ресей мен Ұлы Британияның Орта Азия үшін күресі туралы косымша материалдар тауып реферат даярла.



## XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ–XX ФАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

14-§.

### Америка Құрама Штаттары

#### Экономикалық даму

Азамат соғысынан кейін бірегей ішкі базардың жүзеге келуі, құлдықтың жойылуы, құлдық үлкен жер-мұлік жоққа шығарылуы, құнарлы жерлердің, пайдалы қазба байлықтарының көптігі, сусы мол өзендер мен шексіз ормандар, Америка халқының іскерлігі мемлекет экономикалық дамуының тым жеделдеуіне себеп болды. Сондай-ақ, АҚШ-қа көрші елдер (Канада мен Мексика) нашар еді. Бұл жағдай АҚШ-ты артықша әскери қаражаттардан құтқарды. Оның үстіне, АҚШ-қа жасау үшін келгендердің үлкен бөлігі іс жүзінде жоғары тәжірибелі мамандар еді.

1870–1914 жылдарда АҚШ-қа 25 млн адам көшіп келді. Бұл да АҚШ-тың өркендеуінде маңызды рөл ойнады. Сондай-ақ, жұмысшы

күшіне ұдайы мұқтаждық жаңа техника мен технологиялардың өндіріске кең енгізілуіне жол ашты. Бұл алғышарттар да АҚШ-тың өркендер дамуына себеп болды.

XIX ғасырдың соңғы отыз жылы АҚШ тарихында өркендеудің жоғарылығы өте маңызды экономикалық және саяси оқиғалар болғандығымен сипатталады. Егер 1860 жылы АҚШ өнеркәсіп өнімінің көлемі жағынан дүние жүзінде 4-орында тұрған болса, 1894 жылы бірінші орынға шығып алды. Бұл дәуірде АҚШ-тың өнеркәсіп өнімі Батыс Еуропадағы барлық мемлекеттер өнімінің жартысына тең еді.

АҚШ-та кең ішкі базардың жүзеге келтірілуі капитализмнің дамуы үшін өте үлкен маңызға ие болды. Бұған ауыл шаруашылығындағы капитализм дамуының «америкалық жолы» (егін алаңдарын кенейту есебіне өнімді көбейту) жетістікке жеткендігі, батыс аумақтардың жедел менгерілгені, жоғары жылдамдықпен теміржолдардың құрылғандығы мен иммиграция нәтижесінде халықтың жылдам көбеюі де көмек берді.

АҚШ өнеркәсібінің өсуінде Еуропа капиталы да маңызды рөл ойнады. Еуропа мемлекеттерінің АҚШ-ка қойған капиталы 1890 жылы 3 млрд. долларға жетті. Бірақ АҚШ шетке капитал шығару бойынша, Ұлы Британия, Франция және Германиядан артта еді.

**Өндірістің орталықтануы** XX ғасырдың бас кезінде мемлекетте өндірістің орталықтануы және банк капиталы мен өнеркәсіп капиталының қосылып кетуі жалғасты. Өнеркәсіп өнімінің құны 1909 жылы 20 млрд. доллардан асты. И дүние жүзілік соғысы дәуірінде АҚШ-та қазып алғынып жатқан тасқомірдің, өндіріліп жатқан шойын мен болаттың мөлшері Ұлы Британия, Франция және Германия қол жеткізген жалпы мөлшеріне тең еді. Өнеркәсіптің барлық салалары бойынша, АҚШ дүние жүзінде бірінші орынға шықты. Өндірістің дерлік барлық салаларында трестер құрылды. Болат, мұнай, мыс, электр және сол сияқты өнеркәсіп салалары «падишаhtarының» құдіретті өзүлеттері жүзеге келді. Форд автомобиль падишахына айналды.

1901 жыlda Морган 1 миллиард долларлық капиталға ие «Болат корпорациясы» деп аталған үлкен трест ұйымдастырыды.

Рокфеллердің «Стандарт ойл» тресті жалпы мұнай өнімінің 90 пайызын, мұхиттарда қатынайтын жүзденеген кемелерді өз қолына алды.

1914 жылы халықтың 2 пайызын құраган инвесторлар ұлттық байлықтың 60 пайызына иелік ете бастады.

**Ауыл  
шаруашылығындағы  
түпкілікті өзгеріс**

Ауыл шаруашылығындағы түпкілікті өзгерістің мазмұнын қол еңбегі орнын барған сайын көбірек машинаның иемденуі құрады. 1860–1910 жылдар аралығында АҚШ-та фермерлер саны 3 есе көбейді.

АҚШ-та Батыс Еуропаға ұқсас король отбасы да, Шығыс мемлекеттеріндегі сияқты ірі жер иелері де, ұлken-ұлken мұліктеге ие болған шіркеу жер иелері де жоқ еді.

Көп өтпей ауыл шаруашылық техникалары ойлад табылды. Бұлар пішенді пресс жасайтын машина, астық оратын және жаншыйтын машина (комбайн), егетін, қырқатын, қабығын аршитын, жерді жұмсартатын, тыңайтқыш шашатын, картоп егетін, сабан құрғататын, үй құстары инкубаторы сияқтылар еді. Ауыл шаруашылығында ғылым-білім жетістіктері де кен қолдана бастады.

Солтүстік Африкадан мол өнімді жүгери, Ресейден бидай, Түркістаннан беде мен басқа өсімдіктер АҚШ-қа әкеліп жергіліктендірілді және жоғары өнім алынды. Жаңа жерлерді ашудың есесіне өнімдерді көбейту ауыл шаруашылығын дамытудың «америкалық жолы» деп аталды.

**Оңтүстікегі жағдай** Оңтүстікте азамат соғысынан кейін ұлken өзгерістер болды. Құлдық жойылды Халықтың белсенділігі артты. 1870 жылы АҚШ Конституциясына өзгеріс енгізілді. Ол бойынша, «нәсілі, терісінің реңіне немесе бұрынғы құлдық жағдайын сылтау етіп» сайлауларда қатысады шектеулердің бәрі жокқа шығарылды. Оңтүстікегі штаттардың жаңа үкіметтері құрамында қара тәнді халық та қатынаса бастады. Мемлекеттік мектептер жүйесі жүзеге келтірілді. Әділетті салық жүйесі орнатылды. Нәсілдік кемсіту зандары жойылды. Жергілікті әкімшілік органдары демократтандырылды. Қариялар, мүгедектер және жетім-жесірлер үшін қайырымдылық қорлары ұйымдастырылды.

Конгресс 1872 жылы Оңтүстікегі бұрынғы бүлікшілерге жалпы кешірім жасау туралы зан қабылдады. Сонымен қатар бүлік бастықтарынан 500-ге жуық адамның мемлекет қызметтерінде жұмыс істеуіне тыйым салынды. Бұл жағдай плантаторлардың ескі тәртіптерді қайта қалпына келтіру үшін құрес жүргізуіне сылтау болды. Оңтүстікте «Ку-клукс-клан» сияқты нәсілдік-терроршы үйым тағы да бас көтерді. Прогресшіл зиялды адамдардан кек алу және «Линш соттары» тағы да әдеттегі жағдайға айналды. Оңтүстік қара тәнді халық үшін «абакты»

болып қалды. Президент сайлаулары алдынан тек екі онтүстік штат (ОНТҮСТИК Каролина және Луизиана штаттары) қана республикашылар жағында қалды.

### **Екі партиялық жүйе**

АҚШ-та күшті президенттік республика орнады. Әрі күшті екі партиялық жүйе де терең тамыр жайды.

Демократиялық партия азamat соғысы кезіндегі сәтсіздігінен өзін жылдам «ондап алып», ірі жер иелері, бай фермерлер, ОНТҮСТИК буржуазиясы және Солтүстік өнеркәсіпшілері, қаржы қызметкерлері мұддесін қорғайтын партия болып қалды. Республикашылар партиясы ірі өнеркәсіпшілер мен қаржы қызметіндегілердің партиясына айналды.

Америка буржуазиясы екі партиялы жүйеден шебер пайдаланып келді. Егер үкімет басында республикашылар тұрған болса, демократтар үкіметті сынға алатын, ал өздерін халық мұдделерін қорғаушылар етіп көрсетіп, наразы болғандардың үлкен бөлігін өз жақтарына аударып алатын. Демократтар женсе, карсы партия рөлін республикашылар ойнайтын. Бұл шара іс жүзінде басқа үшінші партияның құрылуына қатты кедергі болып келді.



**Корпорация** (латынша – бірлестік) монополистік акционерлер бірлестігі.

**Латифундия** (латынша) – үлкен жер-мұлік.

**Ку-клукс-клан** – нәсілшілдік, терроршы үйым.

**Лини соты** – АҚШ-та қара тәнді адамдар мен демократиялық қозғалыс қатынашыларын сотсыз және сұрапсыз жазалау.



1. Қандай алғышарттар АҚШ-тың өркендер дамуына себеп болды?
2. АҚШ-тың дүние жүзіндегі жетекші мемлекетке айналғандығын дәлелдейтін негіздер келтір.
3. АҚШ ауыл шаруашылығында болған түпкілікті өзгерістердің мазмұны неден құралған еді?
4. Нәсілшілдік қалайша жүзеге келген? Одан туған аянышты салдарларға мысалдар келтір.
5. «Күшті екі партиялық жүйе» дегеннің мағынасын түсіндіріп бер. Бұл нәрсе тағы қайсы мемлекетте бар?
6. Қазір іс жүзіндегі АҚШ президенті қай партия өкілі? Ол туралы білген мәліметтерінді қағазға түсір.



- АҚШ шетке капитал шығару бойынша неге басқа дамыған мемлекеттерден артта қалған еді? Пікір таластыры.
- «Болат корпорациясы» және «Стандарт ойл» трестері неге сонша байып кетті?
- Ку-клукс-клан» және «Линш соттары» дегендер не? Олардың қызметі туралы мысалдар келтір.

## 15-§.

## АҚШ-тың ішкі саясаты

**Әлеуметтік қозғалыс**

АҚШ экономикасының дамуы және дүние жүзінде бірінші мемлекетке айналуы қофамдық тіршіліктегі барлық әлеуметтік ділгірліктердің өзінен-өзі жойылуына себеп болған жоқ. АҚШ-та да жұмысшылар сыныбы өз құқықтары үшін қатты құрес жүргізуге мәжбүр болған. Бұл дәуірдегі жұмысшылар қозғалысының негізгі мақсаты жұмыс күнін қысқартуға қол жеткізу еді.

1886 жылы 1 мамыр күні жалпы жұмыс тастауларда 350 мындан астам жұмысшы қатысты. Соның нәтижесінде 200 мынға жуық жұмысшы 8 сағаттық жұмыс күні енгізілуіне қол жеткізді. Бірақ кейінгі бұл жетістік дерлік жоққа шықты.

8 сағаттық жұмыс күні үшін басталған қозғалыс Чикагода өте қатаң сипатқа ие болды. Қаланың Сенно аланында болған бұқаралық митинг кезінде полиция жұмыс тастағандарға қарай оқ атты. Нәтижеде 6 адам өлтірілді және көптеген жұмысшылар жарақаттанды. Ыза болған Чикаго жұмысшылары бұл қантөгіске қарсы наразылық білдіріп, бұқаралық митинг ұйымдастырды. Қарулы полицияшылар тобы жұмысшыларға қарсы жіберілді. Соттың қаулысы бойынша, бұқаралық қозғалыс жетекшілерінен 4 адам дарға асылды. Олар өлімге тік қарады. Асып өлтіруге үкім етілгендердің бірі – Шпис акырығы сөзінде «Әлі біздің үнсіздігіміз нүктелерімізден де өткірлеу болатын замандар келеді» деген еді.

XIX ғасырдың ақырында әлеуметтік қозғалыска жетекшілік «Құрама Штаттар және Канада ұйымдастын тренд-юнондары мен жұмысшы одағы федерациясына» өтті. 1886 жылда ол Америка Еңбек Федерациясы деп аталды. АЕФ жоғары тәжірибелі жұмысшылар мұддесін қорғайтын еді. Жылдан жылға оның мүшелерінің саны артып отырды.

Үйим жұмысшылар мұддесі жолындағы қуресте Конгресс мүшелері мен кәсіпорын иелеріне ықпал жасауға ерекше мән берді. Үкімет 1894 жылы қыркүектің бірінші дүйсенбісін «Еңбек күні» мерекесі деп жариялауға мәжбүр болды. Бұл мереке қазіргі күнге дейін атап өтіледі.

1913 жылы қыркүекте кен жұмысшылары ауыр еңбек жағдайына қарсы жұмыс тастайды. Олар 8 сағаттық жұмыс күні енгізуін және жұмыс ақысын арттыруын талап етті. Үкімет жұмысшыларға қарсы құш жұмсады. Бүкіл Колорадо штатында әскери жағдай жарияланды. Жұмысшы лагерлеріне оқ жаудырылды. Қөптеген жұмысшылар қаза тапты және жарақаттанды. Ал жұмыс тастаушылардың жетекшілері атып тасталды. Жұмысшылар мәжбүр түрде кенге қайтарылды.

### **Қара тәнділер жағдайы**

Азамат соғысынан кейін қара тәнді құлдар азаттық алды. Бірақ олар тәндікке жете алмады. Мемлекетте сегрегация тәртібі орнады. Қара тәнділер ақ тәнділер оқитын мектепке, ақ тәнділер қатынайтын шіркеуге бара алмайтын. Ақ тәнді шыққан көлікке шыға алмайтын. Тіпті молалары да бөлек еді. Сөйтіп, мемлекетте нәсілшілік үдеді. Әсіресе, Оңтүстікте жасайтын қара тәнділердің жағдайы ауыр еді. Олар Солтүстікке қашып өтетін. Бірақ бұл жерде де олар бөлек мекенжайларда жасауға мәжбүр еді. Қарыз болған қара тәнді қамауға алынуы және қарыздан құтылуы үшін қалаған адамға шарт негізінде жұмысшы етіп берілуі мүмкін еді. Оңтүстік штаттарда олар сайлау құқықтарынан мақрұм етілген еді. Олардың озық зиялы топтары қара тәнділердің тең құқықты азамат болулары жолындағы құреске жетекшілік етті. Олар құрестің бейбіт жолын таңдады.

### **Үнділердің жағдайы**

АҚШ-тың ежелгі жер тұрғындары – үнділер қатты азап-қыншылықтарға душар етілді. Үнділер өз құқыктары үшін құштері жеткенше қуресті. Бірақ құштер мұлдем тең болмаған бұл құресте женілді.

1880 жылғы соңғы шайқаста женілген үнділер арнайы резервацияларға ысырылып шығарылды. Бұл резервациялар құнарсыз, тастанды жерлер еді. Бұл жерде олар үкімет «қамқорлығына» алынды. Үнділер мәселеі осындағы жолмен шешілді.

Сонымен катар АҚШ Конгресі үндістерге фермерлік қызметпен шұғылдануға мүмкіндік беретін заң қабылдады.

Бірақ заң іс жүзіне аспай қала берді. Бұның себебі, біріншіден, үнділерге бөлінген жер аландарының құнарсыздығы, екіншіден, фермерлік қызметпен айналысу үндістердің қауымдық тұрмыс сипатына қайшы келуі болды.

## Т. Рузвельт және В. Вильсондар дәуіріндегі ішкі саясат

1900–1914 жылдар АҚШ тарихына «прогрестік дәуірі» деген атпен енген. Бұған АҚШ президенттерінің монополияларға қарсы күрес жүргізгені себеп болған.

Монополияға қарсы күрестен мақсат – орта топтар мұдделерін қорғау еді. Монополияларға қарсы күрес жақтаушылары прогресшілдер деп аталды. Олардың қатарында 1901 жылы АҚШ президенті лауазымын алған Теодор Рузвельт те бар еді.

Ол Америка–Испания соғысына өзі де қатысып, абыройға ие болған еді. Т.Рузвельттің монополияларға қарсы күрес саясаты «Әділетті жол» деп аталды. Оның үкіметі, сондай-ақ, жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасындағы келіспеушіліктерде төрешілік міндетін де атқара бастады. Үкімет трестерге қарсы қөптеген сот үдерісін ұйымдастырыды. Бұлар белгілі нәтижелер де берді. Оның ішінде, сот қаулысымен Морган бақылау жасайтын теміржол компаниясы екіге бөлінді. Теміржолдар қызметін тәртіпке келтіретін заң қабылданды.

1912 жылы президент сайлауларында демократ Вудро Вильсон жеңіске жетті. Ол Бірінші дүние жүзілік соғысы қарсанында кеденхана тарифтері туралы жаңа заң қабылдады. Заң бойынша, тариф ставкасы 10 пайызға кемітілді. Табыстың артып отыруына қарай, қосымша салық салынатын болды. Сайлау жүйесінде де реформа өткізілді.

Ол бойынша, бұрын кейбір штаттардың заң шығарушы органдары сайлайтын сенаторлар енді халықтың дауыс беруімен сайланатын болды.

1914 жылы АҚШ Конгресі трестерге қарсы заң қабылдады. Заң жұмыс тастау дәуірінде трестерге жеткізілген зиянды кәсіподак ұйымдарынан өндіріп алу тәртібін жоққа шығарды.



**Резервация** (латынша – сактаймын) – бір мемлекетте ежелгі тұрғының аман қалған бөлігін күшпен орналастыру үшін бөлінген аумақ.

**Сегрегация** (латынша – бөлу) – кейбір мемлекеттерде халықты мәжбүр түрде нәсілдік топтарға бөлу.

1. АҚШ-та жұмысшылар сыныбы өз күкіктары үшін күресте алдына қандай мақсат қойған еді?
2. АҚШ Енбек Федерациясының жұмысшылар козғалысында алған орны туралы не біліп алдың?
3. АҚШ-та кара тәнді халықтың жағдайы қалай еді?
4. Ежелгі тұрғын – үндістерге қатысты қандай саясат жүргізілді?
5. Президенттер Т. Рузвельт пен В. Вильсондардың ішкі саясаттарын бір-бірімен салыстыры.



- Картадан Чикаго қаласы мен Колорадо штатын тап, болған оқигаларды түсіндір.
- Қара тәнділердің жағдайы туралы шыгарма жаз. Қазіргі күнмен салыстыры.
- Неліктен Францияда үш рет Республика жарияланған жағдайда АҚШ-та мұндай жағдай жүзеге келмеген?

## 16-§. АҚШ-тың сыртқы саясаты

### АҚШ әскери күшінің ереуілі

Мемлекеттің шексіз аумақтары мен Ресейден сатып алғынған Алясканы менгерумен шұғылданған АҚШ отарлар мен өзінің ықпал шенберлерін қолға енгізуге Еуропа мемлекеттерінен кештеу кірісті. Оның беталысы бастапқыда Латын Америкасы, Кариб су қоймасы және Тынық мұхит жағалауында орналасқан мемлекеттерге бағытталды.

АҚШ Латын Америкасында үstem болып алу үшін күресіп, екіжүзділікпен «Барлық Америка мемлекеттерінің мұдделері біреу», деген идеяны насиҳаттап келді. 1889 жылы АҚШ Мемлекет департаментінің бастауымен Вашингтонда бірінші Панамерика конференциясы шақырылды. Бірінші Панамерика конференциясының бірден-бір анық нәтижесі халықаралық «Америка республикалары съезі» деген ассоциацияның құрылғаны болды. АҚШ-тың Батыс жартышардағы мемлекеттер үстінен жеке үstemдік жасауға бағытталған Панамериканизм саясаты солайша жүзеге келді. «Монро доктринасына» сүйеніп көп өтпей, Самоа аралдарын қолға енгізді.

1898 жылы Тынық мұхитының қақ ортасындағы, Азияға алып баратын стратегиялық жағынан маңызды теніз жолдары қылышқан жердегі Гавай аралдары басып алынды.

XIX ғасырдың ақырында АҚШ орасан зор мемлекетке айналды. Испанияға қарасты Куба аралы Американың басшы топтарын қызықтырып қойды. АҚШ Испанияға қарсы соғысқа дайындала бастады. АҚШ өз азаматтарының мұддесін коргауды сұлтау етіп, 1898 жылы Куба жағалауына өзінің әскери кемесін жіберді. Бұл әскери кеме Гавана рейдінде түрған орнында белгісіз себеп бойынша жарылып кетті. АҚШ бұл жарылыста Испанияны айыптады. Ал Конгресс Испанияға қарсы соғыс әрекеттерін бастау туралы қаулы қабылдады.

Бұл дүние жүзін қайта бөліп алу жолындағы бірінші соғыс еді. Зайфа созылған соғыста Испания жеңілді және бітім сұрауға мәжбүр

болды. 1898 жылы 10 желтоқсанда Париж қаласында АҚШ–Испания бейбітшілік келісімі түзілді. Ол бойынша, АҚШ Пуэрто-Рико мен Гуам аралдарына, Испанияға 20 млн доллар төлеп Филиппинге де ие болып алды. 1898 жылы Куба сөз жүзінде ғана тәуелсіздік алды. Ал іс жүзінде АҚШ-қа бағынышты болып қала берді.


**Панама каналы** АҚШ Кариб теңізі су қоймасында да басқыншылық саясат жүргізді. 1903 жылы Кубага мәжбүр түрде келісім жасатқызыды. Онда АҚШ-тың рұқсатынсыз бір мемлекетпен одақ түзу немесе өзінің ішкі саясатына өзгеріс енгізу құқықынан мақрұм етілді.

АҚШ-тың Мексикаға енгізген капиталы 1911 жылдың сонында 1,5 млрд. долларға жетті. Негізгі өндірістің дерлік көп бөлігі АҚШ монополистерінің қолына өтті. АҚШ Гватемала, Коста-Рика мен Никарагуаға кіріптарлық келісімі негізінде қарыздар берді. Бұл қарыздарды бергенде қойылған шарттар АҚШ-тың бұл мемлекеттердің ішкі істеріне араласуына мүмкіндік беретін.

Гавай және Филиппин аралдары басып алғынғандығы және Тынық мұхит жағалауында орналасқан мемлекеттермен сауда қүшейгендігі себепті, АҚШ Тынық және Атлантика мұхиттарын біріктіретін канал құру мәселесіне ерекше мән бере бастады.

Франциядан Панама каналын құрып жатқан және дағдарысқа ұшыраған акционерлік қоғамының барлық акцияларын арзан-кеңілдікке сатып алды. Канал Колумбия аумағында еді. Бұдан былай канал құру және одан пайдалану құқықына Американың толық ие болуына Колумбия Сенаты қарсылық жасады. Содан соң, 1903 жылы АҚШ Панамада Колумбияға қарсы бүлік ұйымдастырыды және ол жерде «куыршак» мемлекет құрды. Панама тәуелсіз республика деп жарияланды. АҚШ Панама Республикасының тәуелсіздігін тән алды. Панама үкіметі АҚШ-пен канал қазу, теміржолдар мен Панама каналы бойында бекіністер құру үшін Америкаға өте кең құқықтар беретін шарт жасады. Мұның есесіне Панама 10 млн. доллар алды және әр жылы рента алып тұратын болды. АҚШ Панама каналы құрылышына баса назар аударды. Құрылыш 1914 жылы аяқталды.

Канал АҚШ-тың Атлантика мұхиты жағалауларынан Тынық мұхиты жағалауларына баратын теңіз жолын біршама қысқартып, АҚШ үшін стратегиялық және экономикалық жағынан орасан зор маңызға ие болды.



**XIX ғасырдың соны–XX ғасырдың бас кезінде АҚШ ықпалының негізгі бағыттары**

**Панамерика одағы** 1910 жылы Буенос-Айреста өткізілген IV Панамерика конференциясында Америка Республикалары одағы үйімі «Панамерика одағы» деп аталды да АҚШ мұддесі үшін бетперде болды. Президент Тафт «доллар дипломатиясы» саясатын жария етті. Бұл саясат, негізінен, экономикасы нашар болған Латын Америкасы мемлекеттеріне қатысты қолданды. «Көмек беру» бетпердесімен сатып алу, мемлекет төңкерістерін үйімдастыру жай әдетке айналып қалды.

Латын Америкасын бойсұндыру үшін басқа мемлекеттерге қарсы құресте АҚШ 1823 жылы қабылданған «Монро доктринасына» («Америка америкалыктар үшін» ұранына) сүйеніп жұмыс жүргізді. Бұл доктринаны Теодор Рувзельт АҚШ-қа сәйкестендіріп ұғындырыды. Онда Америка мемлекеттерінің біреуінде тәртіпсіздіктер тұрақты сипат алғанда халықаралық полиция рөлін орындау АҚШ-тың борышы болуы керек еді. Сөйтіп, «жуан тоқпақ» атауы жүзеге келді. «Жуан тоқпақ» саясаты АҚШ-ты «Батыс жартышардың полициясына» айналдырыды.

**«Ашық есіктер және тен мүмкіндіктер» доктринасы** АҚШ XX ғасырдың басында Қытайға экспанция жасауды күштейтті. Бірақ басқа мемлекеттер Қытайды өз ықпалына бөліп алғандығынан, АҚШ-қа өз тауарларын осы «ықпал шенберлөріне» алып кіруге, содан соң өзінің жеке үстемдігін орнатуға мүмкіндік беретін доктрина табу қажет болып қалды.

1899 жылы АҚШ мемлекет хатшысы Хэй Ұлы Британия, Германия, Ресей, Жапония, Франция және Италияға сол мазмұнда нота жіберді. Онда тарихқа «Ашық есіктер және тең мүмкіндіктер» атымен енген доктрина өз сипатын тапқан еді.

Бұл доктрина бойынша, АҚШ Қытайдағы белгілі «ықпал шенберлерін» тән алды. Ал, сонымен қатар, Америка тауарлары үшін сол «ықпал шенберлерін» ашып қоюды, яғни сауда еркіндігін талап ететін. Сондай-ақ, бірде-бір мемлекет Қытайда сауда жасау үшін ешқандай жеңілдік алмауы қажет еді. АҚШ Қытайдың басқа мемлекеттерге берген жеңілдіктерін Америка капиталының Қытайға еніп баруындағы және Азияда өзінің шектелмеген ұстемдігін орнату жоспарының іске асрылу жолындағы кедергі деп есептейтін.

Президент В. Вильсон сыртқы саясатта өзіне тарихы жыққа елдер қатары АҚШ-тың дүние жүзінде ең күшті ықпалға ие болуы үшін күресті. Атап айтқанда, ол былай деп жазған еді: «Жана дәуір қарсаңында тұрмыз. Бұл дәуірде біз, американалықтар, өлемді басқаруымыз керек».

Іә, көп өтпей солай болды да. Бірінші дүние жүзілік соғыс АҚШ мақсаттарының орындалуына мүмкіндік туғызыды.



**Мемлекет департаменті** – АҚШ-тың сыртқы істер уәзірлігі.

**Доктрина** (латынша – теориялық жүйе) – саяси жетекшілік принципі.

**Нота** (латынша) – бір мемлекеттің басқа бір мемлекетке жазған ресми мәлімдемесі.



1. АҚШ сыртқы саясатының мәнін сипаттап бер.
2. «Жуан шоқпар», «Доллар дипломатиясы», «Монро доктринасы» атауларының мағынасын түсіндіріп бер.
3. Панама каналының құрылышы қалай іске асрылды?
4. «Ашық есіктер және тең мүмкіндіктер» мазмұны туралы не біліп алдын?



1. «Барлық Америка мемлекеттерінің мұдделері біреу» ұранының мазмұны нені білдіреді?
2. Картадан пайдаланып АҚШ ықпалын өткізуудің негізгі бағыттарын түсіндіріп бер.
3. Панама каналының құрылышы мен қазіргі жағдайы туралы реферат жаз.

17-§.

## XIX ғасыр соны мен XX ғасыр бас кезіндегі Латын Америкасының мемлекеттері

### Жалпы сипаттама

Америка құрлығы шартты түрде Солтүстік және Оңтүстік Америкаға бөлінеді. Кейде Оңтүстік Америка атауын Латын Америкасы деп те колданылады. Бізге белгілі, Оңтүстік Американы испандар мен португалдар басып алған еді. Олардың тілі латын тілінен шыққандығына қатысты бұл құрлық Латын Америкасы деп аталған. Бірақ Латын Америкасы Оңтүстік Америкаға қарағанда кең ұфым. Оған Оңтүстік Америкадан тыс Мексика (Солтүстік Американың бір бөлігі) және Орталық Америка аумактары да кіреді (қосымшаға қара).

Солтүстік және Латын Америкасының даму дәрежесі бірдей болмады. Солтүстік Америкада орналасқан АҚШ дүние жүзінің бірінші мемлекетіне айналған болса, Латын Америкасы дамуда артта қалып кетті.

Мұның негізгі себебі Латын Америкасы мемлекеттеріндегі басшы топтар мен олардың өкілі болған саяси қайраткерлердің келіп шығуы испаниялық және португалиялықтар екендігімен түсіндіріледі.

Испания мен Португалия бұл дәүірде Батыс Еуропаның экономикалық жағынан дамуда артта қалған мемлекеттері еді. Бұл екі мемлекет қоғамының тұрмысында орта ғасырдағы феодалдық тәртіптердің әлі де сақталып келе жатқандығы бұның негізгі себебі еді.

Латын Америкасы мемлекеттерінің басшы топтары осы екі мемлекетте сақталып келе жатқан орта ғасырдағы феодалдық қатынастарға негізделген үлгідегі тәртіптерді өздерінде де сактап қалған еді. Өйткені сол тәртіптер оларға үкіметті өз қолдарында мықты ұстап тұрудың кепілі болған орта ғасыр феодалдық тәртіптерінің сақталып қалғандығы Латын Америкасында да қоғам дамуының артта қалуына себеп болған.

Латын Америкасында саяси жағынан дербес болған мемлекеттердің құрылу үдерісі 1870 жылы дерлік аяқталды. Аргентина, Мексика, Чили, Уругвай, Венесуэла және Колумбия мемлекеттері Испания қанаушылығына қарсы ұзак уақыт өз тәуелсіздіктерін сақтау және феодалдық монархияны аударып тастау үшін құресті.

Латын Америкасы мемлекеттерінің көпшілігінде XIX ғасырдың соңғы ширегінде өнеркәсіп дамуы енді ғана басталған еді. Олардың

экономикасында капиталистік қатынастармен бірге феодалдық қатынастар, құлдықтың қалдықтары мен үндістердің қарапайым ру тайпалық қауымдары да бар еді. Бұл мемлекеттердің ғасырлық артта қалушылығынан Ұлы Британия, Франция, АҚШ және Германия сияқты дамыған мемлекеттердің монополистері пайдаланып қалды. XIX ғасырдың сонында Латын Америкасы мемлекеттері іс жүзінде Ұлы Британия мен АҚШ-тың жартылай отарына айналып қалды.

Латын Америкасы мемлекеттерінде капитализмнің орнауы ұзак және өте ауыр жолдан өтті. Бұл аймаққа ең көп капитал енгізген мемлекет Ұлы Британия еді. Негізгі қаражаттар порттарға, теміржолдар құрылышына, банктерге, сондай-ақ, тропиктік өсімдіктерді өсіруге және ет өнеркәсібіне жұмсалатын.

XIX ғасырдың сонында Латын Америкасына АҚШ капиталы да ене бастады.

### **Кубаның тәуелсіздік үшін қуресі**

1868–1878 жылдары Куба халқы испан отаршыларына қарсы азаттық қүресін жүргізді (Испания Кубаны 1510 жылы басып алған еді).

Бірақ Испания қарамағынан азат бола алмады. Дегенмен, құлдықтың жокқа шығарылуына қол жеткізді.

Көп өтпей, Кубаға АҚШ талап қоя бастады. Ол Кубаны сатып алу ниетімен Испанияға мәлімдеме берді. Бірақ Испания разы болмады. 1895 жылы Куба халқы өз ұлттық қаһарманы Хоше Марти және Максимо Гоместер басшылығында көтеріліс бастады.

1898 жылы Парижде жасалған Испания – АҚШ бітімі бойынша, Куба тәуелсіз деп жарияланған болса да, іс жүзінде АҚШ-қа бағынышты болып қалды.

### **Мексикада Диас диктатурасы**

XIX ғасырдың 70-жылдарында АҚШ – Мексика (Мексика 1821 жылы тәуелсіздік алған еді) қатынастары шиеленісе түсті. Бұған АҚШ-тың

Мексиканы өзіне саяси және экономикалық жағынан бағынышты етуге үмтүлугү себеп болған еді. АҚШ өзіне шекаралас Мексиканың солтүстік аудандарында Америка өнеркәсіппері мен теміржолдар құру үшін Мексика үкіметінен рұқсат сұрады. Бірақ үкімет бұл мәлімдемеден бас тартты. Нәтижеде мемлекет төңкерісі үйимдастырылды. АҚШ пен жергілікті помещиктер реакциясына сүйенген Порфирио Диас 1876 жылы президент деп жарияланды және бұл лауазымда аздал үзіліспен 1911 жылға дейін тұрды.

Диас диктатурасы дәуірі Мексиканы шетел монополияларының жартылай отаршылдыққа айналдыру дәуірі болды.

Диас басқарған дәуірдің ақырында АҚШ-тың Мексикаға қойған капиталы 1 млрд. доллардан асты. АҚШ Мексиканың мұнай кендерін, сыртқы саудасын өз бакылауына бойсұндырды.

Ал 1909 жылы Мексикада өнім болмады. Соның салдарынан диқандар көтерілісі басталды. Диқандар қозғалысына Эмилиано Сапата басшылық етті. Сапата «Диқандарды қорғау хунтасын» құрды. Оның ұраны «Жер және азаттық» деген үндеуден құралған еді.

### **1910 жылғы президенттік сайлау**

1910 жылы шілдеде Мексикада президенттік сайлау өткізді. Диктатор Диасты президенттікке қайта сайлауға қарсы тұрған көпшілік оппозиция жетекшісі Мадеро төнірегіне бірлесті.

Президенттікке сайлауда Мадеро өз кандидаттығын қойды. Сайлау нәтижелерінен қорыққан Диас Мадероны абақтыға жапқызды.

Сайлаулар тыныш өтіп, әдеттегідей, Диас тағы да женіске жетті. Арадан біраз уақыт өкен соң, тұтқыннан босатылған Мадеро сайлаулардың жасандылығын жария өтіп, ал өзін занды президент деп атады. Диктатура дәуірінде үндістерден занға қайши тартып алынған жерлерді қайтарып беруге, помешиктерге қарасты жерлердің бір бөлігін ақы төлеу есесіне диқандарға беруге үәде берді. Халықты қозғалысқа шақырды. Халық қозғалысынан қорқып кеткен Диас Мексикадан қашуға мәжбүр болды.

Ал Мадеро астанаға кіріп келді және президенттік лауазымына ие болды. Бірақ Мексикадағы ауыр ішкі саяси жағдайдың арқасында ол ешбір маңызды өзгерістер жасай алмады. Әйтсе де жұмыс күнін 10 сағатқа дейін шектеп қойды және өндірісте айыпақы төлеу жүйесін жоққа шығарды. Шетел капиталын шектеуге және ұлттық экономиканы қорғауға тырысты.


**Үәрта диктатурасы** АҚШ Мадероның саясатына дұшпандықпен қарады және диктатор Диастың сыйбайласы, генерал Үәртаны Мадероға қарсы қайрай бастады. АҚШ-тың қолдауынан рухтанған Үәрта 1913 жылы мемлекет төңкерісін өткізді. Мадеро атып тасталды.

Үәрта диктатурасы Мексикадағы жағдайды ауырластыра түсті. Тек қарапайым халық емес, сондай-ақ, ұлттық буржуазия мен буржуазияласқан помешиктердің бір бөлігі де Үәртага қарсы шықты. Мемлекетте азаматтық соғыс басталды. Ұлттық отансүйгіш күштер генерал Үәрта диктатурасын аударып тастады.

## Мексика төңкерісі

ХХ ғасырдың басында Мексикада құдіретті дикандар қозгалысы басталды. Мұның себебі дикандардың жерсіздігі еді. Дикандар қозгалысы төңкеріске айналды. Бұл төңкеріс (1910–1917) Мексика тарихына «Буржуазия төңкерісі» деген атпен енген. Мемлекет оңтүстігіндегі дикандар қозгалысының жетекшісі Эмилиано Сапата 1911 жылда өзінің аграрлық бағдарламасын жариялады.

Бұл бағдарлама үнділерден тартып алынған жерлерді оларға қайтарып беру, қалған барлық жерлерді көмпеске жасау және оларды жерсіз дикандарға бөліп беру сияқты талаптардан құралған еді.



Мемлекет солтүстігіндегі дикандар қозгалысының басшысы Франциска Вилия жалауына «Жер және азаттық» ұраны жазылған еді. Э. Сапата және Ф. Вилия қарулы күштері 1914 жылда мемлекет астанасы Мехико қаласын қолға алды. Бірақ көп өтпей, үкімет жасағы оларды шегінуге мәжбүр етті. Тек 1917 жылы ғана дикандар қозгалысы бастырылды. Э. Сапата мен Ф. Вилияларды түрлі жылдарда жалданған жендеттеттер өлтірді.

Дикандар қозгалысы женілген болса да, ізіз кетпеді. Үкімет аграрлық мәселені жартылай болса да шешті. Солардың қатарында, латифундистер заңсыз басып алған жерлер дикандарға қайтарылды. Бұдан тыс, 1917 жылы демократиялық рухтағы конституция қабылданды.



**Диктатура** (латынша – шектелмеген әкімшілік) – ешқандай заңмен шектелмеген, зорлыққа сүйенетін әкімшілік.

**Оппозиция** – іс жүзіндегі үкімет саясатына қарсы қуштер.



- Латын Америкасының дамуында артта қалушылықтың себептерін атап өт.
- Куба қандай жағдайда іс жүзінде АҚШ-қа бағынышты болып қалды?
- АҚШ Латын Америкасы мемлекеттерін саяси және экономикалық бағыныштылықта ұстая жолында қандай тәсілдерді қолданған?

4. Мексикада диктаторлық тәртіптердің біршама ұзағырақ үстемдік еткенін қалай түсіндіресін?
5. 1910–1917 жылдардағы Мексика төңкерісінің мәнін атап бер.



1. Саяси тәуелсіздік үшін күрес қайсы дәуірлерде қүшейген? Оларға ту-сінік бер.
2. Мексикада П. Диас үстемдігі жылдарында нелер болды?
3. Бұғынгі Мексиканың жағдайы туралы мәлімет жина және өткен тарихпен салыстыр.

## 18-§.

## Латын Америкасының басқа мемлекеттері

### Бразилияда құлдықтың жойылуы

Бразилия – Оңтүстік Америкадағы ірі мемлекеттердің бірі, онда 15 млн. халық жасаған. Бразилия, сондай-ақ, ең артта қалған мемлекет еді. Бразилияда құлдық, кедейлік, зұлымдық пен құқықсыздық үдеген еді. Құлдарды сататын базарлар, өз отбасына, өз үйіне ие болу құқықынан мақрұм болған адамдарды сату, бейнетшіл құлды қадағалушылар қамышылап істету ол дәуірлерде әдеттегі жайт еді.

Сондай бір жағдайда құлдар да өз адамдық құқықтарын қорғауға мәжбүр болған. Атап айтқанда, құл Бонифацио басшылығында қант қамысы плантацияларында істейтін құлдар көтерілісі бұның дәлелі болып табылады. Құлдар өздерінің қара тәнділер республикасын жа-риялады және Бонифационы президент етіп сайлады. Бонифацио қарулы құрес арқылы барлық құлдарды азат ету қажет деп санаған. Бірақ үкімет жасақтары Бонифацио әскерін талқан еткен.

Құлдыққа қарсы күштер құлдарды құлдықтан азат етуге шакыратын «Азаттық манифесін» жариялады.

Құлдыққа қарсы кейбір плантаторларabolиционистік қозғалысты қолдады. Мәселен, олардың бірі плантатор Антонио Предо өз құлдарын азат етті. Ол мемлекет үәзірі болған соң, құлдарды азат ету туралы ұсыныс енгізді. Сырқат болғаны үшін міндеттін орындаі алмай жатқан император Педру II орнына уақытша мемлекетті басқарып тұрган ханымша Изабель 1888 жылы Бразилияда құлдарды азат ету туралы «Алтын зан» деген әйгілі заң шығарды. Мемлекетте бұл кезде 750 мың құл бар еді.

### **Республиканың жариялануы**

Құлдық жойылған соң, республика үшін күрес күшейіп кетті. Рио-де-Жанейрода республика жақтаушыларының үлкен ереуілі болып өтті.

Ереуілде студенттер, қолөнершілер, саудагерлер қатысты. Бұл ереуілді республика құрылымын жақтаушы әскерилер қолдап-қуаттады.

Нәтижеде 1889 жылы 19 қарашада Педру II тақтан бас тартып, Британия кемесімен Португалияға кетті. Үкімет әскерилер колына өтті. Жаңа үкімет мемлекетті Республика деп жариялады. 1891 жылы қабылданған жаңа конституция бойынша, мемлекет Бразилия Құрама Штаттары деп аталатын болды. Барлық азаматтардың заң алдында тең екендігі жарияланды. Жазу мен окуды біletін азаматтарға жалпы сайлау құқықы берілді.

Мемлекеттің экономикалық жағдайы ауыр еді. Бұдан ағылшын, француз, герман және Солтүстік Америка монополиялары пайдаланды. Олар шешуші салаларды иеленіп алды.

### **Орталық Америкадағы жағдай**

Ұзаққа созылған ішкі қрестің, Парагваймен болған соғыстың салдарынан Аргентинада экономикалық тіршілік дерлік токтап қалған еді.

Мемлекет үкіметі ішкі жағдайды тұрақтандыру тұрғысында орасан үлкен жұмыстарды іске асырды. Буенос-Айресте ұлттық банк ашылды. Иммиграция ынталандырыла бастады. Нәтижеде қысқа мерзім ішінде Аргентинаға 300 мың адам көшіп келді. Еуропадан келгендер жеңілдетілген шарттармен мемлекеттен жер алды. Көптеп қалалар, жолдар құрылып, кеңейтірілді. Ағарту және ғылым-білім жедел дами бастады. Буенос-Айресте жаяу әскерлер және әскери теңіз мектебі ашылып, әскери білім беруге негіз салынды.

1876 жылы иммиграция және колонизация туралы заң қабылданды. Заң бойынша, әлі халыққа берілмеген мемлекет жерлері 80 гектардан аспайтын алаңдарға бөлініп сатылды. Үндістердің құнарлы жерлері тартып алынып, офицерлер және әскерлерге тегінге бөлініп берілді.

Үкімет, сонымен қатар, шетел капиталының енгізілуін де ынталандырып отырды. Тек Ұлы Британияның енгізген капиталы 1,5 млн. долларды құрағандығы бекер емес еді.

Бірақ еңбекшілердің жағдайы сол нашар күйінде қалып жатты. Соның салдарынан жұмысшылар сыныбы өз құқықтары үшін күрес бастады. Олар 8 сағаттық жұмыс күнін талап етті. 1895 жылы Со-

циалистік партия құрылды. Партия діни білім беруді жоққа шығару, бірегей салық енгізу, кәсіподак ұйымдарын бірлестіру және ере-үілдерге рұқсат берілу үшін құрес жүргізді. 18 жасқа толған ер азаматтарға (дін иелері мен өскерилерден басқа) жалпы сайлау құқықын беру туралы заң шығаруға кол жеткізді.

### **Аргентинадағы жағдай**

Орталық Америкада АҚШ-тың ықпалы жедел қар-қынмен күшіне түсті. Нәтижеде, ішкі қрестердің салдарынан әлден тайған Гватемала АҚШ-қа тәуелді болды.

Гондурас, Сальвадор және Никарагуа 1895–1896 жылдары біртұтас мемлекет – Ұлы Орталық Америка Республикасына бірлесті. Ал бұл бірлесу АҚШ-ты әбігерге салып қойды. Өйткені АҚШ-қа Орталық Америкада оның саясатына кедергі болатын мемлекеттер одагы керек емес еді. АҚШ монополиялары бұл мемлекеттердегі үкіметке қарсы топтарға сүйеніп Ұлы Орталық Америка Республикасын таратып жіберді.

Панама каналы ашылған соң, канал аумағында АҚШ губернаторы өзіне бойсұнатын ірі өскери күштермен Орталық Америка мемлекеттеріне қауіп төндіріп тұрды.



**Аболиционизм** (латынша – жоғалту, жоққа шығару) – негрлерді құл-дықтан азат ету әрекеті.

**Миля** – 1609,3 метрге тең ұзындық өлшемі.

1. Бразилияда құлдық қалай жойылды?
2. Бразилияда Республика құрылымының орнатылуы туралы айтып бер.
3. Аргентина үкіметті мемлекетті ауыр экономикалық жағдайдан алғы шығу үшін қандай шаралар көрді?
4. Орталық Америка мемлекеттерінің дамуына тән негізгі ішкі ерекшеліктерді атап өт.



1. «Алтын заңын» мәнін түсіндір.
2. Аргентинада отарлау туралы заң қалай іске асырылды?
3. Социалистік партия қандай мақсаттарды алдына қойды?
4. Пікірталас: мемлекет пен халықтарды бір-біріне қарсы қою қандай салдарларға алғып келеді? Біздің дәуірімізде ше?



АҚШ пен Панама Республикасы арасындағы Панама каналы туралы түзілген шарттан. 1903 жыл.

**«...2-бап.** Панама Республикасы аты аталған каналды құру, сақтап тұру, одан пайдалану, оның санитариялық құйге келтіру және қорғау үшін 10 милялық аймақ шенберіндегі жерлер мен су астындағы құрылымдардан пайдалану, оларды менгеру және қадағалау құқықын Америка Құрама Штаттарына мәнгі-бақылыққа тапсырады.

**3-бап.** Панама Республикасы Америка Құрама Штаттарына аймақтағы барлық құқықтарды, өкілеттіктерді және бүкіл билікті тапсырады ...».



## XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ–XX ФАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ, ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

19-§.

### XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі Ресей империясының әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайы

#### Ресейдің саясы құрылымы

Ресей бұл дәүірде шектелмеген монархия еді, бүкіл билік император қолында жинақталған болатын. (Тарих кітаптарында Ресей үкіметіне қатысты «царизм», «самодержавие» атаулары да қолданылады.)

Император үкіметінің негізгі тірегі помещиктер мен Православтар шіркеуі еді. Патша отбасының өзі ең үлкен помещик болатын, ол 7 млн. десятина (1 десятина = 1,1 гектар) жерге иелік ететін. Помещик қожалығы Ресейдің капиталистік дамуы жолындағы негізгі кедергі еді. Помещиктер жан-тәнімен ескі тәртіптердің сақталып қалуына әрекет ететін еді.

Ресейде буржуазия сыныбы да бар еді. Олардың капиталдарының көлемі барған сайын арта тұсті. Бірақ буржуазияның саяси беделі тәмен, мемлекетті басқарудағы оның қатысуы дерлік сезілмейтін еді.

#### Экономикалық жағдай

Ресей аграрлық-өнеркәсіпті мемлекет еді. Мемлекет халқының негізгі бөлігі қыстақта жасайтын. Дегенмен Ресейде капитализм жедел қарқынмен дамып

келе жатты. Шетел капиталының кіріп келуінің арқасында ауыр өнеркәсіп жылдам алға жылжыды. Оның металлургия, машина жасау, мұнай және көмір қазып алу сияқты салалары өркендей бастады. Ресей қысқа мерзім ішінде мұнай қазып шығару бойынша АҚШ-ты да артта қалдырды және дүние жүзінде бірінші орынға шықты. Шетке көптеп керосин экспорт жасалынды.

Ресей экономикалық дамуына тән тағы да бір ерекшелік – монополиялардың жүзеге келуі болды. Ресей қара металлургиясында «Продмет», көмір өнеркәсібінде «Продуголь» деген ірі монополиялар пайда болды. Тұсті металлургия саласында «Мед» қофамы (1907) шешуші беделді иелеп алды.

Ресей экономикалық дамуында тағы бір ерекшелік – бұл, шетке капитал шығарудан гөрі шеттен Ресейге капитал енгізудің басымдығы еді. Бұл, бір жағынан, Ресей капитализмінің нашарлығы салдарынан болса, екіншіден, Ресейде шетел капитализма үлкен пайда келтіретін салалардың, аймактардың көптігі және арзан жұмысшы күшінің бар екендігінен еді.

Мемлекет өнеркәсібіне қойылған шетел капиталының негізгі бөлігі Франция капиталы еді.

Ресей ауыл шаруашылығы да баяулап болса да дамыды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорт жасау да өсті. Негізгі экспорт өнімі – астық еді.

Ресейде капитализмінің дамуымен қатар қаржы капиталы да жүзеге келді. «Петербор халықаралық банкі», «Азов–Дон» және «Русь–Азия» банктері мемлекет тіршілігінде жетекші рөл ойнады.

Дегенмен XIX ғасырдың соны–XX ғасырдың бас кездерінде Ресей экономикалық дамуда басқа ұлы мемлекеттерге қарағанда артта еді.

**Ішкі саясат** Ресей империясы құрамында 100-ден астам ұлт және халық жасайтын еді. Олардың аумақтары түрлі ғасырларда, түрлі тарихи жағдайларда Ресей басып алып, басып алған өлкелерде орыстандыру саясаты жүргізілді. Ал басқыншылардың езгісіне қарсы көтерілген ұлттық-азаттық қозғалыстар аяусыз бастырылды.

Сондықтан, Ресей империясында азаматтардың үлкен бөлігі, сондай-ақ, отарлап алған халықтардың тұрмысы ауыр еді. Ал бұл бір күні үлкен төңкеріске алып келетіні сөзсіз еді. Оның үстіне, 1904 жылдағы Ресей–Жапония соғысы халық бұқарасының тұрмыс дәре-

жесін бұрынғыдан да ауырластыра түсті. Ақыры, бұл – 1905 жылда бірінші орыс төңкерісі болуға әкеп соктырыды. Иә, төңкеріс женілді. Үстем таптар бұл төңкерістен қажетті қорытындылар да шығарып алды. Оның негізгісі диқандарды төңкерістік қозғалыстан шеттету туралы сабак еді. Екіншісі, қыстактарда патша үкіметінің күшті өлеуметтік сүйенішін жүзеге келтіру ділгірлігі еді.

Бұл мақсаттарды іске асыру үшін аграрлық реформа өткізуге шешім қабылданды. Император Николай II 1906 жылы аграрлық реформа және диқандарды көшіру туралы жарлық шығарды. Бұл реформа бас уәзір П.А.Столыпин бастамасына байланысты болғандығы үшін ол тарихта «Столыпиннің аграрлық реформасы» деген атпен қалды. Онда диқандардың өзінің меншікті жеріне ие болуы мәселесінің төмендегі 3 әдіс арқылы іске асырылуы шамаланды:

- ұжымдық жер иелігін жоққа шығару және диқандарға сатып алған ұжымдық жерді меншікті мүлікке айналдыру әрі диқанға өз жерін сату құқықын беру;

- диқандардың мемлекет және помещиктерге қарасты жерлерін сатып алу үшін «Диқандар банкі» арқылы жәрдем беру;

- жер тапшылығы күшті болған орталық аймақтардағы диқандардың бір бөлігін Сібір, Түркістан, Қызыл Шығыс және империяның ұлттық шет өлкелеріне көшіру.

Столыпин аграрлық реформасы қыстак тұрғындарының топтарға бөлінуін және ішкі базардың өсуін күшетті. Дәулетті диқандардың (кулактардың) беделін нығайтты. Бірақ аграрлық реформа помещиктік жер иелігін жоя алмады.

Бұдан тыс, көшіп кеткендер тағы бұрынғы орындарына қайтып көшіп келуге мәжбүр бола бастады. Өйткені көшіру материалдық жағынан жеткілікті қамтамасыз етілмеді. Сондай-ақ, көшіру саясаты ұлттық шет өлкелердегі саяси жағдайды шиеленістірді. Бұған шеткі өлкелердегі, соның ішінде, Түркістандағы жергілікті халыққа қарасты ең жақсы жерлердің көшіп келгендерге берілгендей, ал жергілікті тұрғындардың жағдайы ауыр жерлерге ысырып шығарылғаны себеп болды.

Сөйтіп, Столыпиннің реформасы мемлекетті «тыныштандыра» алмады. Үстем таптар оның отставка беруін талап ете бастады. Бұл іске аспаған соң, 1911 жылы Столыпин атып өлтірілді. Бірақ

барлық кемшіліктеріне қарамай, Столыпиннің аграрлық саясаты қыстақта капитализмнің дамуына жол ашты.



**Самодержавие** – Ресейде монархияның шектелмеген мемлекет жүйесі, дара әкімшілік.

**Реформа** – бір саладағы белгілі тәртіптерді тұпкілікті өзгерту.

**Аграрлық реформа** – жер-су, жерге иелік пен жер-судан пайдалануға байланысты тәртіптерді қайта өзгерту.

**Царизм** – Ресей императорының, монархияның шексіз әкімшілікке негізделген мемлекеттік құрылымы.



1. Ресейдің саяси құрылымын Ұлы Британия, Германия және Франция саяси құрылымымен салыстыры.
2. Ресейдің экономикалық дамуына тән ерекшеліктерді атап бер.
3. Столыпиннің аграрлық реформасының мазмұны және салдарлары туралы нелерді білдін?



Ресейдің ауыл шаруашылығында экспорт жасалатын негізі тауар астық екенін түсіндіріп бер.



## 20-§. Ресей империясының сыртқы саясаты

**Ресей империясы** – Ресей де ірі отаршыл мемлекеттерден бірі бол-  
**отаршыл мемлекет** фан. Басқыншылық соғыстары арқылы үлкен империя жүзеге келтірілді. Сондай-ақ, Ресей отаршылдық империясы Ұлы Британия немесе Франция отаршылдық империясынан өзгеше еді.

Бұл өзгешелік – Ресей басып алған аумақтардың империя құрамына тікелей қосып алынуында еді. Өзіне көрші мемлекеттерді басып алғандығы үшін Ресейдің мұхит немесе теңізарты отаршылары жоқ еді.

Оның ішінде, Орта Азияның басып алынған бөлігі империя құрамына қосылып, бұл аумақта Түркістан генерал-губернаторлығы құрылғаны саған «Өзбекстан тарихынан» белгілі.

Ресей басқыншылық саясатының негізгі бағыттары Балқан, Қыыр Шығыс, Қара теңіз бен Жерорта теңізін байланыстыратын Османды мемлекетіне қарасты Дарданелл және Босфор бұғаздарында, сондай-ақ Орта Азияда өз үстемдігін орнату еді.

Ресей XIX ғасырдың 70-жылдарынан кейін де Орта Азияда басқыншылық саясатын жалғастырды. 1873 жылда Хиуа хандығы вассал мемлекетке айналдырылды. Ал Орта Азия 1885 жылы толық бойсұндырылды.

### **Ресей — Османды мемлекеті соғысы**

1875 жылы Босния мен Герцоговинада Османды мемлекеті отаршылдығына қарсы қозғалыс көтерілді. Олар ұлттық тәуелсіздік талап етті. Болгарияда да осындай қозғалыс көтерілді. Бірақ қозғалыс аяусыздықпен бастырылды.

Балқан дағдарысы ұлы мемлекеттердің мүддесін тағы бір рет қақтығыстырыды.

1876 жылы Сербия—Османды мемлекеті соғысында Османды мемлекеті басым келе бастады. Осындай жағдайда Ресей Османды мемлекетінен Сербиямен жарасу бітімін жасауды және армияны демобилизация жасауды талап етті.

Османды мемлекеті Сербиямен бейбітшілік шартын түзген болса да, өз армиясын демобилизация жасамады. Бұл Ресей үшін нағыз керегі еді. Ресей 1877 жылдың 24 көкек күні Османды мемлекетінен соғыс жариялады. Сербия мен Черногория да соғысқа қатысты. Ресей Османды мемлекетіне үлкен шығын келтірді.

Ресейдің табыстары Ұлы Британияға ұнамады да ол өз әскери кемелерін Мәрмәр теңізіне кіргізді. Ресей әскері Константинополь қаласына бастырып кірсе, Ресеймен дипломатиялық қатынасын үзетінін мәлімдеді.

### **Сан-Стефано бітім шарты**

1878 жылы Сан-Стефанода Ресей—Османды мемлекеті шарты жасалды. Бұл шарт Балқан түбегінің саяси картасын бүтіндей өзгертіп жіберді. Болгария Османды мемлекетіне тек сөз жүзінде фана тәуелді еді, ал іс жүзінде тәуелсіз мемлекетке айналды. Черногория, Сербия және Румыния толық тәуелсіз мемлекеттер деп тән алынды. Османды мемлекетінің Ресейге үлкен мөлшерде табан төлеуі белгіленді. Бірақ Сан-Стефано шартын Ұлы Британия тән алмады. Ол бұл шартты қайта талқылауды талап етті. Германия мен Австрия-Венгрия да бұл талапқа қосылды. Жекеленіп қалған Ресей халықаралық конгресс — Берлин конгресінің шақырылуына ылажсыз разы болды.

### **Берлин конгресі**

Конгресс 1878 жылы 13 маусымда ашылды. Конгресте «Берлин трактаты» деп аталған құжат жа-

салды. Бұл құжат Ресейдің Сан-Стефано келісімі нәтижесінде қол жеткізген үлken табыстарының маңызын кемітіп жіберді. Атап өтсек, Ұлы Британияның әскери кемелері Қара теңізге кіру құқықына ие болды. Кипр аралы Ұлы Британияға, Босния мен Герцоговина Австрия-Венгрияға берілді. Болгария екіге бөлінді. Сонымен бірге Османды мемлекеті төлеуі қажет болған табанның үлken бөлігі есесіне Ресейге Кавказдың Батуми, Карс және Ардаган аумақтары берілді. Черногория, Сербия мен Румынияның мемлекеттік тәуелсіздігі тән алынды.

### **Қыры Шығыс саясаты**

Ресейдің сауда-өнеркәсіп шеңберлері Қыры Шығыстың қолға енгізілуінен мұдделі еді. Сондыктан Амурбойы мен Приморье өлкесін басып алды.

Сол себепті Ресей Жапониямен жақсы қатынаста болуға тырысты. АҚШ, Ұлы Британия және Францияның Жапонияға қарсы бағытталған әскери экспедицияларында қатыспады. 1875 жылы Жапония үкіметі Оңтүстік Сахалинге болған талабынан бас тарту шарттымен Куриль аралдарының солтүстік бөлігін Жапонияға берілуі туралы келісім түзуді іске асырды.

### **Орта Азия мәселесінде қарама-қайшылықтар**

70-жылдарда Ресей үкіметі мен Британия үкіметі арасында Орта Азиядағы ықпал шеңберлерін анықтау үшін келіссөздер басталды және 1873 жылы бітім түзумен аяқталды. Бітім бойынша, Ресей Ауғанстанды өз ықпалынан тыс деп тән алды. Ал Ұлы Британия Хиуаға талап қоймайтын болды. Бірақ Ұлы Британия Ауғанстанға қарсы жаңа басқыншылық әрекеттерін бастады. Ауған халқы басқыншыларға қарсы қозғалыс көтерді. Қозғалысқа Ауғанстанның Ресей ықпалында болған саяси қайраткері Абдурахман басшылық етті. Қозғалысшылар қысқа мерзімде ағылшындарды женді.

Өзінің стратегиялық мақсатына жеткен Ресей қазіргі Түрікменстан аумақтарын басып алуға кірісті. Сондай-ақ түрікмен тайпалары арасындағы өзара келіспеушіліктер, олардың ортақ күшке біріге алмағандықтары да Ресейге өте қолайлы болды.

Нәтижеде, 1885 жылы Күшкә қаласы басып алынды. Содан соң Ұлы Британия мен Ресей арасында Ауғанстанның тағдыры мен оның шекарасын белгілеу мәселесі шешілді. 1891 жылы Ресей басып алған Орта Азия аумағы мен Ауғанстан арасындағы шекараның Памирден өтуі туралы шарт жасалды.

## Ресей-Жапония соғысы

Ресей-Жапония қатынастары Қытай мен оның Маньчжурия провинциясының арқасында шиеленісе түсті. Екі мемлекет арасында соғыстың шығуы анық екенін жақсы түсінген Жапония енді ұлы мемлекеттермен жақындасу жолдарын іздей бастады. Ақыры, 1902 жылы Жапония-Ұлы Британия бітімі жасалды. Олар кез келген жағдайда бірін-бірі қолдауға келісіп алды.

АҚШ та Жапонияны Ресейге қарсы соғысқа өзірленуге ынталандыра түсті. Әскери жағынан соғысқа дайын болған Жапония флоты 1904 жылы соғыс жарияладамай, Порт-Артурдағы Ресей әскери теңіз күштеріне шабуыл жасады және оған ұлken зиян келтірді (беттегі 155-қосымшаға қара).

Ресей әскери-экономикалық жағынан соғысқа дайын емес еді. Нәтижеде, теңізде де, құрлықта да женіліске ұшырады. Ақыры, Порт-Артур да тізе бүкті. 1905 жылы Сусима маңында орыс флоты жеңілді. Сөйтіп дерлік бүкіл Тынық мұхит флоты апатқа ұшырады.

Осындай жағдайда Ресейдің Жапониямен бейбітшілік шартын жасаудан басқа ылажы қалмады.

АҚШ делдалдығында 1905 жылы 23 тамызда осындай шарт жасалды.

Шарт бойынша, Ресей Кореяны Жапония ықпал шенбері деп тән алды.

Жапония Порт Артурды жалға алу құқықына ие болды. Сахалин аралының онтүстік бөлігі Жапонияға берілді.



**Демобилизация** – әскери қызметтен босату.

**Трактат** – халықаралық шарт, бітім.

1. Ресей отаршылдық империясы басқа империялардан қай жағынан өзгешеленеді?
2. Ресейдің мүдделері ең көп дәрежеде қактығысқан мемлекеттерден бірі Османды мемлекеті болғандығын қандай алғышарттармен түсіндіресің?
3. 1877–1878 жылдардағы Ресей–Османды мемлекеті соғысы мен оның салдарлары туралы нелерді білдің?
4. Орыс-жапон соғысының салдарлары нелерден күралған?



1. Ресей Орта Азияны қандай жолмен басқарды?
2. Сан-Стефано шартының мәнін түсіндіріп бер. Ол кейін қалай өзгерді?
3. Германия біріккен сон, бірегей ішкі базардың жүзеге келгендей оның өркендеп дамуына себеп болды. Ал Ресей бірнеше фасырлар бойы бір бүтін мемлекет болса да, экономикалық жағынан артта қалып койды. Бұны қалай түсіндіре аласың?

## 21-§.

## Ресейде Мемлекет думасының құрылуды

### Әлеуметтік қозғалыс

Ресей халқының тұрмыс дәрежесі Батыс Еуропа мемлекеттеріне қарағанда өте тәмен еді. Бұл жағдай мемлекетте терең экономикалық-саяси реформалар өткізілуін талап ете алатын конституциялық қарсылықтың жоқтығының салдары еді. Ал қазіргі үстем құрылым терең әлеуметтік реформалардың нағыз дүшпаны еді.

Кәсіпорындарда жұмыс уақыты орта есеппен 12–14 сағатқа созылатын еді. Фабрикаға жалданған жұмысшы қожайынының дүкенінен өнімді несиеге алуға мәжбүр еді. Дүкен кәсіпорын иелері үшін жұмысшыларды қосымша қанау құралы міндетін орындаған.

Үлттық шет өлкелерде жұмысшылар, әсіреле, ауыр және құқықсыз жағдайда еді.

Қофамда орнаған құрылымды өзгерту туралы ойлайтын түрлі топ-тар, үйымдар жүзеге келді. Олардың бірі – Г.В.Плеханов жетекшілік еткен «Енбекті азат ету» тобы еді. Бұл топ 1883 жылы құрылды. Ол жұмысшылар сыныбын төңкерістік күш деп есептеген. Бірақ үкіметті қарулы көтеріліс жолымен басып алуға қарсы еді және қофамды реформалар жолымен жаңартудың жақтаушысы еді.

1895 жылы Петерборда «Жұмысшылар сыныбын азат ету үшін құрес одағы» құрылды. 1898 жылы Ресейдегі барлық социал-демократтық топтар «Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы» (РСДРП) деп аталған партияға бірлесті. 1903 жылдан бастап бұл партияға В.И.Ульянов (Ленин) басшылық етті. Ол РСДРП-дағы большевиктер деп аталған ағымға жетекшілік етті.

Большевиктер Ресейде жеке меншік болмайтын, қофам мүшелері езуші және езілушілерге бөлінбейтін, үкімет жұмысшылар сыныбы қолында болатын, барлық мұлік мемлекеттікі саналатын қофамды құрмақшы болды.

Мұндай қофамды құру үшін сол кездегі құрылымды жұмысшылардың қарулы қөтерілісі (шындығында үкімет төңкерісі) арқылы аударып тастау идеясын таратты.

### **1905 жылғы төңкерістің басталуы**

1905 жылдың 9 қантар күні Ресей тарихында бірінші төңкеріс басталды. Бұл төңкеріс Ресей еңбекшілерінің ауыр тұрмысы орыс-жапон соғысы нәтижесінде нашарлай түсінің салдарынан болды.

Императордың «әділдігіне» әлі де сенетін Петербор жұмысшыларынан 250 мың адам 9 қантар, жексенбі күні өз өтініштерін патшаға білдіру үшін бейбітшілік ереуіліне шықты. Өтініштерінде Құрылтай мәжілісін шақыру, демократиялық бостандықтар беру, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу сияқтыларды алға қойған еді.

Бірақ Николай II бейбіт ереуілге оқ жаудыруды бұйырды. Бұл оқиға Ресей тарихына «Қанды жексенбі» атымен енген. Петербордағы «қанды» оқиғаларға жауап ретінде Мәскеу, Рига, Варшава, Баку және басқа қалалардың жұмысшылары жұмыс тастады, ереуілдер басталды. Мемлекетте дикандар қозғалысы да басталды. Төңкерістік қозғалыс, тіпті, кейбір әскери бөлімдерге ықпалын тигізді. Солардың қатарында, Қара теңіз флотына қарасты «Потемкин» броненосесі матростары 1905 жылы жазда қөтеріліске шықты.

### **Ресейде парламенттің құрылуы**

Төңкерістік қозғалыстың мұндай сипат алы Николай II патшаны олармен санасуға мәжбүр етті. Ол Манифест жариялады. Онда ұждан, сөз, баспа бостандығы, жиналыс өткізу және тұрлі одақ тар түзу құқықы, сондай-ақ, заң шығаруышы өкімет – Мемлекет думаны (парламентті) енгізуге уәде етті.

1905 жылы желтоқсанда Мемлекет думасына сайлау туралы заң қабылдады. 1906 жылы көкекте 1-Мемлекет думасы өз жұмысын бастады. Дума қызметіндегі негізгі мәселе аграрлық мәселе еді. Депутаттардың 1/4 бөлігіне жуығы дикан өкілдерінен құралған еді. Олар думада «Трудовиктер» («Еңбек тобы») фракциясын құрды. «Трудовиктер» барлық жер дикандар арасында бөлінуін

ұсынды. Бұл іс жүзінде помещиктік жер иелігінің жойылуын білдіретін еді.

Ал Николай II Думадағы жағдайдан қауіптене бастады. Дума ол ойлағандай момын болып шықпады. Сондықтан Николай II Думаны таратып жіберді.

1907 жылдың қантарында 2-Мемлекет думасына сайлау өткізілді. Бұл Думада да аграрлық мәселесі негізгі мәселе болды.

Аграрлық мәселе бойынша Дума үкімет жобасын бекітпеді. Көп өтпей, үкімет, Думадағы социал-демократтарға мемлекеттік төңкеріс дайындалған жатыр, деп айыпта, оларды Дума құрамынан шығаруды талап етті. Бұл талапқа жауап берудің созылып кеткендігін сұлтау етіп Николай II 3 маусымда тағы да Думаны таратып жіберді. Сөйтіп бірінші орыс төңкерісі жеңіліспен аяқталды.

**Сайлау жөнінде жаңа заң** 1907 жылы 3 маусымда сайлау жөнінде жаңа заң қабылданды. Жаңа занда үстем тап мүддесін толық дәрежеде көрсетті. Атап айтқанда, бір помещиктің дауысы 4 ірі буржуазия өкілінің, 260 діканның және 543 жұмысшының дауысына тең еді.

Ресей парламенті екі палаталы парламентке айналды. Мемлекеттік Кенес парламенттің жоғары палатасы міндеттін атқарды. Мемлекеттік Кенес мүшелерінің 50 пайызын император тағайындастын еді. Үкімет император алдында жауапкер еді. Оған «вето» құқықы берілді. Сырттан қарағанда, Ресей конституциялық монархияға айналғандай еді.

Негізінде, патша үкіметі шексіз билеуші күйінде қалаберді және халыққа кейбір құқықтар берілді: жұмысшыларға кәсіподақ ұйымдарына бірлесу құқықы берілді.

Жұмыс тастағаны үшін қылмыстық жауапкерлікке тарту, ал дікандардың жер үшін ақы төлеулері жоққа шығарылды.

Патша үкіметінің бақылауында болса да, өкілетті мекеме – парламент енгізілді.



**Манифест** (латынша) – үкіметтің аса маңызды оқиға қатынасымен халыққа жасаған мәлімдемесі.

**Эксплуатация** (французша) – меншік иелерінің өзгелер еңбегінің өнімін менгеріп алуы.



- Ресейдегі әлеуметтік қозғалыстың өзіне тән ерекшеліктерін атап бер.
- Большевиктердің қоғамды қайта күру туралы көзқарастарын бүгінгі түрғыдан баға бер.
- Бірінші орыс төнкерісінің себептері мен салдарлары туралы нелерді білдін?
- Ресейде Мемлекет думасы (парламент) қалай жүзеге келді?



- Ресейде өнеркәсіптердегі жағдай туралы пікір таластыр.
- «Қанды жексенбі» қандай жағдайға душар етті?
- Ресейдегі сайлау жөніндегі зандар туралы реферат дайында.



Бүгінгі Ресей Федерациясының Мемлекет думасы туралы мәлімет жина.

22-§.

## XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі Австрия-Венгрия империясы

### Саяси құрылым

Австрия-Венгрия империясы 1867 жылы Австрия мен Венгрияның үstem таптары арасындағы бітім негізінде жүзеге келген.

Империяның Австрия корольдігы құрамына Чехия, Моравия, Галиция және Буковина, ал Венгрия құрамына Словакия, Хорватия және Трансильвания енген.

Сол жылдың өзінде империяның жаңа конституциясы қабылданған. Ол бойынша, империяның ортақ билеушісі Австрия императоры болған. Император Габсбургтар әuletінің өкілі еді. Әulet империяны 1867 жылдан 1918 жылға дейін басқарды.

Австриядагы император үкіметін ресми түрде Рейхстаг, ал Венгрияда король үкіметін Сэйм шектеген. Өйткені Австрия-Венгрия конституциялық монархия еді.

Империя құрылған соң, төмендегі 3 жалпы империялық уәзірлік құрылған: 1. Сыртқы істер. 2. Әскери және теңіз. 3. Қаржы. Басқа уәзірліктер империяны екі бөлігінде де дербес қызмет жүргізген. Венгрия корольдігы өз парламентіне, атқару өкімшілігіне, саяси және әкішлік өкілеттігіне ие болған. Империя халқының көпшілігі бойсұндырылған славян халықтары болған.

### Австрия-Венгрияның экономикалық дамуы

XIX ғасырдың соны ширегінде Австрия-Венгрия Еуропаның дамыған мемлекеттеріне қарағанда артта қалған мемлекет еді. Мем-

лекетте орта ғасыр феодализмі сарқыттарының сақталып қалғандығы озық Еуропа мемлекеттеріне қатысты өнеркәсіп дамуының баяулауына себеп болды.

Қала халқы бүкіл Австрия-Венгрия халқының тек үштен бірін құрайтын. Тіпті империяның ең дамыған бөлігі Австрияда да қыстак халқы көпшілікті құрайтын еді.

Австрия-Венгрия бітімі Венгрияның экономикалық жағынан дамуы үшін белгілі тұрткі болды. Венгрия көмір базасында өнеркәсіптің металлургия саласы дами бастады. Бірақ Венгрияның негізгі өнеркәсіп саласы азық-түлік өнеркәсібі болып сақталып қалды. Венгрияның өндірген азық-түлік өнімдері империяда өндірген өнімдердің жартысын құраған.

Империяның өнеркәсіпті аудандары Төменгі Австрияда және Чехияда өндірістің орталықтануы мен монополиялардың жүзеге келу үдерісі жеделдей түсті.

XX ғасырдың бас кезінде ссуда капиталы, негізінен, Венадагы ірі банктерде шоғырланды. Мемлекет тіршілігінде қаржы олигархиясының ықпалы өрши түсті.

Сонымен қатар, империя дамуының өзіне тән тағы да бір ерекшелігі – оның шетел капиталына кіріптарлығы күшейіп отырғаны еді. Франция, Бельгия, Германия банктері қарыз беру, өнеркәсіпке қаржылар жөнелту арқылы Австрияны өз капиталдарымен толтырып таставды.

Австрия-Венгрия өнеркәсібінің металлургия, машина жасау, электротехника және сол сияқты салаларын Германия фирмалары қаржылық жағынан қамтамасыз етіп тұрды. Неміс капиталының тоқымашылық және машина жасау кесіпорындарында да беделі жоғары еді. Неміс капиталы ауыл шаруашылығына да кіріп келе бастады.

**Әлеуметтік қозғалыс** Империя еңбекшілері өз құқықтары үшін құрес жүргізген. Империя астанасы Вена қаласында жұмысшылар бұқаралық ереуілге шықты. Ереуілшілер демократиялық бостандықтар берілуін талап етті.

Үкімет бұған жауап ретінде Австрия жұмысшылар қозғалысының жетекшілерін мемлекетке қиянат жасағандығында айыптаған. Сот оларды ұзак мерзімге азаттықтан макрұм етті.

Австрия үкіметі де Бисмарктан өрнек алғып, 1884 жылы жұмысшылар қозғалысына қарсы «Төтенше заң» енгізді. Заң жұмысшылар қозғалысына қарсы полиция террорының күшейтірілуіне рұқсат берді.

Көсіподак ұйымдары таратылып жіберілді. Жұмысшы газеттерін басып шығару тоқтатылды. Әйтсе де, жұмысшылар көтерілісті тоқтатпады. Ал 1889 жылы Австрия социал-демократиялық партиясы (АСДП) құрылды.

Партия бағдарламасында саяси бостандықтар енгізу, парламентті жалпы, тен, дұрыс, жасырын дауыс беру жолымен сайлау туралы заң қабылдау, шіркеуді мемлекеттен, мектепті шіркеуден бөлу, жұмыс күнін қысқарту сияқты талаптар бар еді.

Жұмысшылар қозғалысы күшіне түскен сон, 1907 жылы үкімет сайлау жүйесінің реформасы туралы заң қабылдауға мәжбүр болды.

### **Ұлттық-азаттық қозғалыс**

Империяда кез келген жағдайда славян халықтарының отарлық күйін сақтап тұруға ұмтылатын шовинистік көзқарастағы құштер де өз саяси партияларын құрды. Бұл партиялардың бірі Пангерман партиясы, ал екіншісі Христиан социалистер партиясы деп аталды.

Көпшілігі австриялық католиктерден құралған Христиан социалистер партиясының қайраткерлері «Ұлы Германия» идеясын сыныптық тыныштықты насиҳаттау, барлық әлеуметтік келіскеушіліктерді «татулық және сүйіспеншілік рухында» шешуге шақыру және антисемитизмді насиҳаттаумен бірге жүргізді. Бірақ басшы топтар славян халқының ұлттық-азаттық қозғалысын токтата алмады.

Чех қарсыласы Чехияға да саяси құқықтар берілуін талап етті. Үкімет бұған жауап ретінде қысымфа алу шараларын күшейте тұсті. Чехияда коршау жағдайы енгізілді. Бірақ бұл тәсіл чех қарсыласын «сындыра» алмады. Күрес жалғаса тұсті, ақыры, 1880 жылы Чехияда сот және басқарушылық жұмыстары үшін екі тіл енгізілді. Прага университетінде де оқыту екі тілде (неміс және чех) жүргізілетін болды.

Галициядағы украин және поляк халқы да ұлттық езгіде еді. Австрия үкіметі Галициядағы басшы топтармен бітім түзіп, өлкені басқаруда оларға жетекшілік рөлін берді.

XIX ғасырдың соңғы он жылында ұлттық езгі күшіне түсті. Закарпатьедегі украин халқы «венгерлестірілді». Хорватия әрқашан әскери немесе төтенше жағдайда сақталды, халық наразылығы қатаң қысымфа алынып, аяусыздықпен бастырылды.

### **Экономикалық дағдарыс**

1912 жылы Австрия-Венгрияда ауыр экономикалық дағдарыс болды. Соның салдарынан ірі өнеркәсіп пен сауда кәсіпорындары күреуге ұшырады.

Империяның экспорттық икемділігі шұғыл кеміді. Ал бұл экономикалық дағдарысты тереңдете түсті. Еңбекші халық бұкарасының тұрмыс дәрежесі төмендеді. Империяның билеуші топтары ұлттық езгіні күшайте түсті.

Империядағы ауыр жағдайға қарамай, Венгрия басшы топтары Австрияның Балқандагы басқыншылық саясатына белсene қатысты. Тіпті армия қайта құрылды. Бұл – империяның соғысқа дайындық жасап жатқандығын білдіретін еді.

Мемлекетті соғыс ісіне бейімдеуге, соғысқа дайындық жасап жатқанына және ұлттық езгіге қарсы Венгрияның негізгі қаласы Будапешт қаласында көп мың адамдық ереуіл өткізілді.

Жалпыға ортақ наразылық жаппай жұмыс тастауларға себеп болды. Ереуілшілерге қарсы полиция күштері жіберілді. Нәтижеде, Будапешт баррикадаларға толып кетті. Күштердің шамасы тең емес еді. Сондыктan жұмысшылар ереуілді тоқтатуға мәжбүр болды.

Әлеуметтік қозғалыс және империя құрамындағы славян халықтарының ұлттық-азаттық күресі Австрия-Венгрия империясы терең дағдарыс дәуіріне енгенін де білдіретін еді.

Сондай бір жағдайда, кейбір саясатшы қайраткерлер триализм (үштік) талабын қойды. Триализм идеясы империяны Австрия, Венгрия және империя құрамындағы славян халықтарының жерлерін қамтитын, үш жақты тең қызық негізінде бірлестіретін федерацияға айналдыру, дегені еді. Бірақ федерацияның славян бөлігі күшейіп кетуінен қауіптенген басшы топтар триализм идеясынан бас тартты.

Бұл жағдай Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаында империядағы ішкі қайшылықтардың шиеленіскең күйде қалуына себеп болды.



**Федерация** (латынша – одак) аумақтық жағынан белгілі бір саяси тәуелсіздікке ие болған бірнеше мемлекеттерден құралған бірегей одак мемлекет.

**Суда** – материалдық байлықтар кепілдігі есебіне пайыз төлеу және қайтарып беру шартымен белгілі бір мерзімге қарызға берілетін ақша немесе материалдық байлық.

**Антисемитизм** – еврейлерге қарсы ұлттық, нәсілдік дүшпандықты үдеть саясаты.

**Баррикада** – жасанды тосқауыл қою.



1. Австрия-Венгрия мен Германия империяларының саяси құрылымын салыстыр.
2. Австрия-Венгрияның экономикалық дамуда артта қалуына себеп болған алғышарттарды түсіндіріп бер.
3. Әлеуметтік қозғалыс деген не және ол Австрия-Венгрияда қалай өтті?
4. «Ұлттық-азаттық қозғалыс» деген ұғымға түсінік бер. Австрия-Венгрияда ұлт-азаттық қозғалысы қандай себептермен өте қатан өтті?



1. Австрия-Венгрия дамуында шет ел капиталы қандай рөл ойнайды?
2. «Төтенше занын» мәні нeden құралған?
3. Чехияда құжаттардың екі тілде қолданылуына не себеп болған еді?
4. Австрия-Венгрия соғысқа қалай даярланды?

23-§.

## Австрия-Венгрия империясының сыртқы саясаты

### Германиямен жақындасты

Австрия-Венгрия империясының сыртқы саясатының орталығында, негізінде, Балқан түбегі жатқан.

Сондықтан ол Балқанда қолға алған славян халықтарының жерлерінде берік орналасып алуға, Ресейдің Балқан түбегіндегі ықпалын қатаң кемейтуге бар күшін салып өрекет етті.

Австрия-Венгрияның жеке өзі бұл міндетті орындаі алмайтын еді. Сондықтан да ол Германиямен жақындасты. Сонымен қатар, Германия да бұл жақындаудан мүдделі еді. Өйткені бұл дәуірде Германия ұлы мемлекеттер арасында бөлінген дүние жүзін қайта бөлуге ұмтылып жатыр еді. Бұл мақсатқа жету үшін Германияға, сөз жоқ, одақтас қажет еді.

### Австрия-Венгрия және Ресей қатынастары

Бұл екі империя, негізінен, Балқан түбеніндегі жерлерді қөздеген еді. Австрия-Венгрия бұл жерде славян халықтарын өзіне бойсұндыруға, ал олардың мемлекеттерін отарға айналдыруға тырысты. Сондай-ақ, Балқанда Османды мемлекеті ұлken отаршыл аумақтарына ие еді.

Славян халықтары өзінің ұлттық азаттықтары үшін өрқашан күрес жүргізіп отырған. Бұл күресте олар Ресейге сүйенген. Ресей

славян халықтарының ұлттық-азаттық күресін қолдау есебінен өзі де Балқанға тиянақты орналасып алуға ұмтылған.

Демек, бұл үш империя да Балқанды отарлап алуды ылғи мак-сат еткен.

Австрия-Венгрияның Балқанға қатысты жүргізген саясаты Ресеймен қатынастарының бұзылуына себеп болған. Бұл екі им-перия арасында келешекте соғыс шығуы анық еді.

Берлинде болған конгресте Австрия-Венгрия Балқандағы Босния мен Герцоговинаны басып алу құқықын қолға енгізген соң, акыры, 1908 жылда бұл аумақтарды басып алды. Ал бұл Австрия-Венгрия мен Ресей қатынастарын шиеленістіре түсті.

Сонымен қатар, бұл жағдай славян халықтары арасында Ресей абыройына да зиян келтірді. Өйткені Ресей Австрия-Венгрия басқыншылығының алдын ала алмады. Бұған Германияның Австрия-Венгрияны қолдауы, оның Ресейге қарсы соғыс жариялау мүмкіндігі туралы қорқытулары себеп болды.

### **Австрия-Венгрияның соғысқа дайындық жасауы**

Османды мемлекеті мен Италия мұдде-лерінің Солтүстік Африкада қақтығысуы, акырында, 1911 жылы олардың арасында соғыстың шығуына себеп болды. Бұл со-

ғыста Османды мемлекетінің жеңілуі оны әлсіретіп қойды. Бұл алғышарт оңтүстік славян халықтарының Османды мемлекеті езгісінен азат болулары үшін жүргізіліп жатқан күрестерінің күшіне түсіне қолайлы жағдай туғызды. Бұл қолайлы жағдайдан пайдаланған Балқаннның дербес мемлекеттері Болгария, Сербия, Черногория және оларға қосылған Греция шұғыл Балкан одағын құрды. Одақ 1912 жылы Османды мемлекетіне қарсы соғыс бастады. Бұл соғыс тарихқа «Бірінші Балқан соғысы» деген атпен енген. Бұл соғыс Балқан славяндары мен гректердің Ос-манды мемлекеті үстемдігінен азат болуымен аяқталды. Бірақ одақтастар Османды мемлекетінен азат етілген аумақтарды бөлу мәселесінде өзара келісе алмады. Бұған Болгарияның бәрінен көп үлес алуға әрекет етуі себеп болды. Оның талаптарын Австрия-Венгрия да қолдады. Австрия-Венгрия осы жолмен Ұлы Бри-тания, Франция және Ресей қолдауына сүйеніп отырған Балкан одағын бұзбақшы еді. Себебі, бұл одақтың болуы Австрия-Венгрияға Балқанда тұрақты орналасып алуына мүмкіндік бер-мейтін еді.

Австрия-Венгрия өз мақсатына да жетті. Нәтижеде, 1913 жылы Болгария Сербия мен Грецияға шабуыл жасады. Сөйтіп, Екінші Балқан соғысы басталып кетті. Бұл соғыста Черногория мен Румыния Сербия мен Грецияға жәрдем берді. Кешегі жалпы дүшпан – Османды мемлекеті де Болгарияға қарсы соғысқа қатысты.

Екінші Балқан соғысында Болгария жеңілді және қолға алған аумақтарының бір бөлігін жоғалтты.

Соғыс нәтижесінде, Сербия Балқанның жетекші мемлекетіне айналды. Енді, Австрия-Венгрия мен Германия өз алдыларына қүшейіп бара жатқан Сербияны жанышып таставу және сол арқылы Ресейдің Балқандағы ықпалына зиян келтіру мақсатын қойды.

Австрия-Венгрияның мақсаттары оны сыртқы саясатта Германияға толық бағынышты етіп қойды. Австрия-Венгрия соғысқа дайындық көре бастады. Мемлекетте жартылай әскерге шақыру өткізілді. Ал 1914 жылы парламент таратып жіберілді. Сондай қатерлі жағдайда, сербұлтшылдарының 1914 жылы 28 шілдеде Австрия-Венгрия тағының мирасқоры Франс-Фердинантты өлтіруі Австрия-Венгрия үстем таптарының соғысты бастап жіберулері үшін сұлтау болды. Мемлекетте әскери диктатура орнатылды.



**Әскери диктатура** – әскери дербес үкіметі.



1. Австрия-Венгрия неліктен Германиямен жақындасу саясатын жүргізді?
2. Австрия-Венгрия мен Ресей қандай қатынаста болды?
3. Балқан соғысы туралы нелерді біліп алдың?



1. Неліктен Балқан халықтары арасында Ресейдің абыройы түсті?
2. Балқан одагы қалай жүзеге келді?
3. Австрия-Венгрия бірінші дүние жүзілік соғысына қандай дайындық жасады?
4. Болгария мысалында кеше одактас болған мемлекеттердің бүгін бірден дүшпанға айналып қалуы мүмкіндігін қалай түсіндіресін?

## 24-§.

**XIX ғасырдың соны–XX ғасырдың бас кезіндегі Италия****Италияның саяси құрылымы**

Францияның Пруссиямен соғыста жеңілуі Италияны толық біріктіру жолындағы ақырыңғай кедергіні жоюға мүмкіндік туғызыды.

1870 жылы 3 қазанда Франция әскері қорғауындағы итальян әскері басып алған Рим қаласы Италия корольдігы астанасына айналдырылды. Папа үкіметі Ватикан сарайымен шектеп қойылды. Бұған дейін папа Рий IX Рим қаласының Италияға қосылуына қарсылық жасап жатқан әрі оны Франция әскері қорғап жатқан еді.

Италия саяси құрылымына қарай конституциялық монархия болып қалды. Конституция бойынша, екі палаталы (Сенат және депутаттар палатасы) парламент орнатылды. Король Виктор Эммануил II заң шығарушы үкіметті парламентпен бөліп алды. Сенаторларды король тұрақты мерзімге тағайындастын еді. Атқарушы әкімшілік Бас уәзір қолында жинақталды.

Конституцияда барлық азаматтардың заң алдында тең екендігі, үй-жай дербестігі, сөз және баспасөз бостандығы, жиналыс өткізу құқықы тән алынды. Христиан дінінің католиктік ағымы бірегей дін болып қалды. 1871 жылы шіркеу және мемлекет қатынасын тәртіпке келтіретін заң қабылданды. Заң Рим Папасын қасиетті және дербес құқықты деп жария етті және оның сарайы орналасқан қала-үкімет – Ватиканға басқа мемлекеттермен дипломатиялық қатынас орнату құқықы берілді.

**Экономикалық жағдай**

Италияның ұлттық мемлекет болып бірігуі мемлекетте капиталистік құрылымды тұрақтандыру үдерісін жеделдешту үшін қолайлы жағдай туғызып берді. Бірақ Италия өлі де аграрлық мемлекет күйінде еді.

Жерге, негізінен, ірі жер иеленушілер иелік етуі сақталып қалды. Оның үстіне, жерден пайдаланудың есke түрлері қолданылатын. Помещиктер жерінің үлкен бөлігі ұсак участкерге бөлініп, өте ауыр шарттармен (өнімнің 3/4 бөлігін төлеу шартымен) диқандарға жалға берілетін.

Сонымен қатар, мемлекет алдында үлкен қаржылық ділгірліктер пайда болған. Бұған Италияның ішкі және сыртқы қарызының тым көбейіп кеткендігі себеп болды.

Өсіп бара жатқан шығындарды қамту үшін үкімет мемлекет заемдарын шығаруға, мемлекет ішіндегі және сыртындағы капитал иелеріне жәрдем сұрап баруға мәжбүр болды.

Нәтижеде, Италияның мемлекет қарызы қарқынмен көбейе берді. Соған қарамай, капитализм тереңірек орнай түсті. Үкімет, ең алдымен, теміржол құрылышын кеңейтті.

Сауда флотын құру кең өрши түсті. Көп өтпей, Италия сауда флоты дүние жүзінде үшінші орынға шықты. Үкімет Италияны Франция және Швейцариямен байланыстыратын екі туннель құрды. Жаңа өнеркәсіп салалары акционерлік қоғамдар түрінде жүзеге келді.

1906 жылы құрылған «Фиат» акционерлік қоғамы химия, резенкө, машина жасау, электр, автомобиль өнеркәсібі және басқа өнімдер шығаруда тез жоғары беделді иеленіп алды.

Бірінші дүние жүзілік соғысына дейін Италия аграрлық мемлекет күйінде қалып, жұмысқа жарамды халықтың көпшілігі ауыл шаруашылығымен айналысады еді. Дегенмен, ауыл шаруашылығымен айналысқан халық саны жылдан-жылға кемі түсті.

**Элеуметтік қозғалыс** Мемлекетте еңбекшілердің жағдайы өте ауыр еді. Италия халқы жан басына табыс бөлу дәрежесі бойынша Батыс Еуропада ең ақырғы орында тұратын еді.

Жағдай, өсіресе, мемлекет онтүстігінде ауыр еді. Соның зарданынан, Италияның көптеген азаматтары жұмыс ізден шетелдерге кетті.

Италия халқы өз жағдайын жақсарту және өз құқықтары үшін күресуге мәжбүр болған. Бұл күрестің нәтижесінде, Италия Социалистік партиясы құрылды.

Диқандардың жағдайы да ауыр еді. Бұл ауыр тұрмыс Сицилиядың диқандар қозғалысының көтерілуіне себеп болды. 1898 жылы Миланда болған жаппай жұмыс тастау 5 күндік баррикада шайқастарына айналып кетті. Үкімет жұмысшылар қозғалысын әскер күшімен бастырды.

1903–1914 жылдары (арада біраз үзілістермен) Италия үкіметін өз дәуірінің әйгілі саяси қайраткері Ж. Жолитти басқарды. Ж. Жолитти халықтың сатып алу қуатын арттырмай тұрып, өнеркәсіп өндірісін дамытып болмайтындығын жақсы түсінетін еді. Ал бұл үшін еңбекшілерге жақсы енбекақы төлеу қажет еді. Бұл туралы ол «Өнеркәсіп дамуының басында еңбекақы жоғары болған мемлекеттер тұрады», деп атап өткен еді. Оның дәуірінде кәсіподактардың түзілуіне, жұмыс тастау өткізулене рұқсат ететін, тұнгі ауысымда балалар мен әйелдер енбегінен пайдаланбау, сайлаушылардың мүлік және сауаттылық цензасын жоққа шығару туралы заңдар қабылданды.

Сонымен қатар, ол үкіметтің мемлекет экономикасындағы рөлін арттырудың жақтаушысы еді. Оның пікірінше, үкімет – еңбек пен капитал арасында төреші міндетін атқаруы керек еді.

**Сыртқы саясат** Италия сыртқы саясатында «ирредентизм» жақтаушыларының ықпалы күшейді. Бұл жағдай көрші мемлекеттермен қатынастарын нашарлатты.

Италия талап етіп отырған Солтүстік Африка мемлекеттерінің аумағын бірінен соң бірін Франция қолға ала бастады. Бұл жағдай Италияны Германиямен жақындастырыды. Италия Германия мен Австрия-Венгрия Одағына қосылды.

Одақтастарға ие болған Италия көп өтпей Сомали мен Эритреяны бойсұндырыды. Ал 1895 жылы Эфиопияны басып алу мақсатында сол мемлекетке шабуыл жасады.

Бірақ 1896 жылдың 1 тамызында Адуа маңында Италия әскерлері женілді. Нәтижеде, 5 мың итальян әскері қаза тапты. Бұл оқиға Италияда үлттық масқаралық ретінде қабылданды.

Жаңа отарларды басып алу үшін қолайлы жағдай жасау керек еді. Италия үкіметі осындай жағдайды жасай алды.

Атап айтқанда, Италия Франциямен арасындағы келіспеушіліктерді жоя алды. 1902 жылы бұл екі мемлекет арасында бітім жасалды. Бітім бойынша, осы екі мемлекеттің бірі басқа мемлекеттің шабуылына ұшырап қалса, өзара қатаң бейтараптық міндетін алды.

Италия Босния мен Герцоговинаны Австрия басып алуына қатты наразылық білдірді өрі 1909 жылы Ресей мен Балқан түбегіндегі өз мүдделерін қуаттайтын бітім жасады. Бұл екі мемлекет Австрия-Венгрияның Балқан мемлекеттеріне бастырып кіруіне қатаң қарсылық көрсетуге келісіп алды.

Қолайлы дипломатиялық жағдайдан соң, Италия 1911 жылы Ливияға шабуыл жасады. Ливия бұл дәуірде ресми түрде Османды мемлекеті империясы құрамында еді. Бұл жағдай Италия-Османды мемлекеті соғысын туғызды. Соғыс Италия женісімен аяқталды. 1912 жылдан бастап, Ливия Италия отарына айналды.



**Мұлік цензасы** – сайлауда қатысу үшін бұқараның белгілі дәрежедегі меншікке ие болуы (басқа мемлекеттерде де болған).

**Ирредентизм** – Италияға көрші мемлекеттерде итальяндар жартылай жасайтын аумақтарды қосып алуды насихаттаушы үлттық қозғалыс.



- Италияның басқа Батыс Еуропа мемлекеттеріне қарағанда экономикалық жағынан нашар, аграр мемлекет болып қалуының себептерін атап бер.
- Италияның экономикалық дамуының өзіне тән ерекшелігін туңдіріп бер.
- Италия еңбекшілерінің ауыр түрмиси туралы нелерді біліп алды?
- Ж. Жолитти үкіметі ішкі саясатта қандай шараларды іске асырды?



- Италияның саяси құрылымына түсінік бер.
- Италия өнеркәсібінің қай салалары тез дамыды? Неге?
- «Фиат» акционерлік қоғамының қызметі туралы мәлімет жинап, реферат жаз.
- Италия–Ресей катынастары туралы пікір таластыр.

25-§.

## XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі Балқан мемлекеттері

### Балқан халықтарын Османды мемлекетінің қанауы

XIX ғасырдың 70-жылдарында онтүстік славяндардың көпшілігі әлі де шетел езгісінде еді. Тек Черногория мен Сербия жерлерінің бір бөлігі ғана тәуелсіз еді. Онтүстік славяндар – болгарлар, македониялықтар, Босния мен Герцоговина славяндары, сербтердің көптеген бөлігі әлі де Османды мемлекеттері иелігінде еді.

Хорваттар, словендер, батыс славяндардың (чех, словак, поляк) бір бөлігі Габсбургтар қол астында еді. Поляктардың екінші бөлігі Германия, ал үшінші бөлігі патшалық Ресей езгісінде азап шекті. Шетел қанаушылығы славян халықтарының саяси, экономикалық және мәдени дамуына кедергі болған.

### Үлттық-азаттық қозғалысы

XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, славян халықтарының үлттық-азаттық құресі күшейді. Ержүрек болгар төңкерісші Васил Левский тәуелсіз демократиялық Болгария Республикасын орнату жоспарын алға қойды. Ол Болгария аумағында жасырын көтерілісші комитеттер құрды. 1872 жылы В.Левскийді өлтірген болса да, азаттық қозғалысы тоқтамады. 1876 жылда Болгарияда көтеріліс басталды. Көтерілішшелер өз жалауларына «Азаттық немесе өлім!» деген ұран жазған еді. Талантты публицист және ақын Христо Ботевазат-

тық қозғалысына басшылық етті. Ол 1876 жылы түріктермен шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ол қаза тапқан күн Болгарияда Еске алу күні ретінде атап өтіледі.

Болгар халқының құреспесі өте ауыр болды. Құштер тен емес еді. Түріктер азаттық қозғалысына қатысушыларды аяусыз қылышпен қырып, көптеген қыстактарды күлтөбеле айналдырыды.

Бұл қатыгездіктер көптеген мемлекеттер жұртшылығын қатты ызalandырыды. Орыс үкіметі Балқанда өз ықпалын нығайту үшін көтөрілістерден пайдаланбақшы болды да Балқан славяндарын жақтауға өтті.

Османды мемлекеті Черногория мен Сербияның тәуелсіздігін тән алуға мәжбүр болды. Олардың аумағы недөуір кеңейді. Румыния тәуелсіз мемлекет деп тән алынды.

Ресей үкіметі 1877 жылы 24 көкекте Османды мемлекетіне қарсы соғыс жариялады. Соғыста Османды мемлекеті жеңіліске ұшырады, тәуелсіз Болгария мемлекеті құрылды.

### **Болгарияның қайта қалыптасуы**

Жаңадан жүзеге келген Болгарияның мемлекеттік құрылымын 1878 жылы қабылданған Болгария конституциясы белгілеп берді. Конституацияға сәйкес, Болгария конституциялық монархия деп жарияланды. Конституция Болгария тәуелсіздігін іс жүзінде бекітті.

Бірақ Ұлы Британия мен Австрия-Венгрия Балқанда Ресей беделінің күштілігінен және құдіретті Болгария мемлекеті құрылғанынан қауіптеніп жатыр еді. Сондықтан да олар жоғарыда көрсетілгендей, Ресейді Сан-Стефано бітім шартын қайта талқылауға разылық беруге мәжбүр етті. Берлинде шақырылған халықаралық Конгресс осы мәселеге арналды. Конгресс көптеген мәселелердің қатарында Болгария мәселесін талқылап, оның Сан-Стефано келісімі бойынша ие болған аумактарын қысқарту туралы қабылдады.

### **Тәуелсіздіктен кейінгі ішкі саяси жағдай**

Ресей императоры Александр II қайнысы әрі Прусс офицері болған Александр Баттенбергті Болгария мемлекетіне басшы етіп сайлауды ұсынды. Болгария Жоғары Халық мәжілісі бұл ұсынысты мақұлдады.

Бірақ жаңа билеуші Ресейден дербес саясат жүргізуге тырысты. Бұл үшін оған сүйеніш мемлекеттер керек еді. Сондықтан А.Баттенберг Батыс мемлекеттерімен жақындасу саясатын жүргізе бастады.

Оның түпкі мақсаты – Болгария өскерінде қызмет ететін орыс офицерлерін неміс офицерлерімен алмастыруда байқалды. Енді Ресей үкіметі оған Ресейдің дүшпаны ретінде қарай бастады.

Мемлекетте өз беделін нығайтуға тырысқан Александр Баттенберг онтүстік және солтүстік Болгарияның жаңа тұтас мемлекетке біріккенін жариялады. Бұл жағдайды Балқандағы басқа славян мемлекеттері өз мұдделеріне қайшы өрекет деп бағалады.

Ресей олардың да мұдделерін есепке алуы керек еді. Сондықтан Александр II үкіметі наразылық белгісі ретінде Болгариядан өз офицерлерін шақырып алды. Осында жағдайда Ресейдің жақтаушылары болған жоғары офицерлердің бір тобы 1886 жылы Александр Баттенбергті тақтан бас тартуға мәжбүр етті. Бірақ үкімет өскерлері үлкен офицерлерді тұтқынға алды. Ақыр-аяғында, Ресей мен Болгария арасындағы дипломатиялық қатынастар үзілді. Оның үстіне, Болгария тағына Австрия-Венгрия кандидаты Фердинанд Кобург отырғызылды.

1908 жылы Австрия-Венгрия қолдауына сұйенген Болгария өзін Османды мемлекетінен толық тәуелсіз деп жариялады.

Екінші Балқан соғысында Болгарияның жеңілісі оның кейінгі сыртқы саясатының бағытын белгілеп берді. Үкімет басына германсыйгіш үкімет келді. Бұл үкімет сыртқы саясатта Болгарияның ұлттық мұдделерін «Үштер одағы» (Германия, Австрия-Венгрия және Италия) көмегімен қорғауды мәлімдеді. Бұл мәлімдеме, Еуропада болашақ үлкен соғыста Болгария «Үштер одағы» жағында тұратынын білдіретін еді.

### **Сербияның тәуелсіздік алыны**

XIX ғасырдың сонында Сербия Османды мемлекетіне тек сырт көзге фана тәуелді еді. Сербия сыртқы саясатының негізгі мақсаты – Османды мемлекеті қол астында қалған серб жерлерін толық қайтарып алу және оларды жалпы Сербия мемлекетіне біріктіру еді. Сондықтан да Сербия Ресейдің Османды мемлекетіне қарсы соғыстарында белсене қатысқан.

Берлин конгресі Сербияның Османды мемлекетінен тәуелсіз екендігін бекітті. Сонымен қатар, Сербияның міндетіне шетел тауарларынан транзит баж алмау және оған Османды мемлекетінен алып берілген жаңа аумактарға сәйкес мөлшерде Османды мемлекетінің шетел мемлекеттері алдындағы қарызын төлеу міндеті қойылды. Сербияда Ресей жақтаушылары болған күштер үлкен ықпалға ие болған.

Нәтижеде, бұл алғышарттар кез келген уақытта Австрия-Венгрия мен Ресей мұдделерінің қатты қактығысына алып келетіні сөзсіз еді.

### Албанияның тәуелсіздікке жетуі

Балқанның басқа халықтары қатары, Османды мемлекеті отары болған Албанияда өз тәуелсіздігі үшін кресті құштейтті. Албаниядағы барлық саяси құштер Албанияны бөліп алуды жоспарлап жатқан шетел мемлекеттері саясатына қарсы шықты. Болгарияда шығатын «Календари комбиар» («Ұлттық календарь») журналы 1902 жылы былай деп жазды: «Біз үйқыда жатырмыз, ал бұл уақытта біздің үстімізде саудаласып жатыр». 1909–1911 жылдары Албанияда көтеріліс болды. Бұған халықтың барлық таптары қатысты.

Бірінші Балқан соғысында Османды мемлекетінің жеңілуі нәтижесінде, 1912 жылы 28 қарашада Албания тәуелсіздікке жетті. Түріктердің дерлік бес фасыр бойына созылған үстемдігі жойылды.

1. Алдыңғы сыныптарда алған білімдерінді пайдаланып, Балқанның қалай Османды мемлекеті отарына айналғаны туралы айтып бер.
2. XIX ғасырдың соңы ширегінде Балқандағы саяси жағдай қандай еді?
3. 1877–1878 жылдардағы Ресей–Османды мемлекеті соғысы Балқан халықтары тағдырында қандай рөл ойнады?
4. Бес фасырға жуық Османды мемлекеті ықпалында қалып кеткен славян халықтары неге осы XIX ғасырдың соны және XX ғасырдың бас кезінде азаттыққа жетті?

Тақырып бойынша жұмыс істе, кестені толтыр.

| К/с | Мемлекеттің аты | Басып өткен жолы |
|-----|-----------------|------------------|
| 1.  |                 |                  |
| 2.  |                 |                  |



26-§.

**XIX фасырдың соны және XX фасыр-  
дың бас кезіндегі Жапония****Тұпкілікті өзгерістер  
жолында**

1867–1868 жылдары Жапонияда болған Мәйдізи реформасы мемлекетте базар қатынастарына негізделген қоғам құрылышына кең жол ашты.

Ендігі негізгі міндет – жапон халқының ұлттық дәстүрлерін сақтап қалған күйде қоғамды Батыс моделінде қайта құру еді. Император Муцихито өндіріс күштерінің дамуына кедергі жасайтын заң мен тәртіптерді жоққа шығарды. Жапония дүние жүзінің барлық мемлекеттері үшін ашып қойылды. Мемлекетті модернизациялау басталды. Бастапқыда бірегей ақша бірлігі – иена енгізілді.

Кейбір әкімдіктердің шекараларындағы кедендер мен басқа тосқауылдар алып тасталды. Бұл шаралар мемлекет деңгейінде сауда-экономикалық байланыстарға кең жол ашты. Жолдарда диқандардың қалаға қашып кетуіне қарсы оларды ұстап артына қайтару үшін қойылған тыңшылық мекендері жойылды. Себебі өнеркәсіп қыстақтан жұмысшы күші «ағып» келуінен мұddeлі еді. Бұл шаралар Жапонияда ішкі базардың, өнеркәсіп салаларының дамуына қызмет ете бастады. 1869 жылы Жапонияда тәрт тап туралы заң жоққа шығарылды. Феодал жер иесі самурай, диқан, қолөнерші және саудагерлер топтары ресми тең құқықты деп жарияланды.

Бүкіл мемлекет деңгейінде орталықтанған үкімет басқаруы жүзеге келді. Жалпы әскери қызмет туралы заң кабылданды.

1871–1878 жылдарда ауыл шаруашылығы саласында реформалар өткізіліп, жерді ерікті алды-сатты жасауға, қалаған түрдегі егіндерді егуге рұқсат берілді. Өнімнен үлес түріндегі салық ақша салығымен алмастырылды. Жердің ұсақ бөлектерге бөлініп кетуіне қарсы заң шығарылды.

**Өнеркәсіптің дамуында  
үкіметтің рөлі**

Жағдай қаншалықты ауыр болса да, Жапонияда базар қатынастары жедел дами бастады. Шығыста бірінші болып Жа-

пония Еуропа тәжірибелерінен пайдаланды. Еуропада ұзак уақыт ішінде жүзеге келтірілген озық өнеркәсіп техникасын Жапония дайын күйде сатып ала бастады. Үкімет өнеркәсіпті дамыту жұмысына демеулік жасады.

Бірінші кезекте Жапонияда тоқымашылық өнеркәсібі тез дамыды. 1890 жылы ол барлық өнеркәсіп салаларының 45 пайызын құрады. Ширек ғасыр бойында 1300 өнеркәсіп кесіпорны құрылды. Олар бастапқыда дәулетті өнеркәсіпшілерге жалға берілді. Ал кейін өнеркәсіп кесіпорнындары өз бағасының жартысына, тіпті, 10–15 пайызына да меншікті етіп сатылатын болды. Нәтижеде банк капиталы мен өнеркәсіп капиталы қосылып кетті. Жапонияда өнеркәсіп өндірісі Ресейден он есе жылдам дамыды.

### **Жапония дамуының ерекшеліктері**

Жапонияда монополистік капитализм феодал-монархия қалдықтарымен араласып кетті. Бұл жағынан Жапония Ресейге ұқсан кететін.

Ұлы Британия, Франция, АҚШ-тан айырмашылығы, Жапонияда үкімет буржуазия қолында емес, сондай-ақ, помещик-буржуазия таптараты одағының қолында еді.

Жапония, сонымен қатар, өскер мен флотты да қайта құра бастады. Жапония үкіметі ауыр өнеркәсіпті дамытуға ерекше мән берді. Нәтижеде, 1900–1913 жылдарда өнеркәсіп өндірісі көлемі бойынша Италиядан озып кетіп, Францияға жақыннады. Мемлекетте өнеркәсіп, сауда және банктер орталықтанып, монополиялар жүзеге келді.

### **Әлеуметтік тіршілік**

Жапонияда капитализмнің дамуы дикандардың жерден айрылуымен бірге өтті. Аграрлық реформа бойынша, жер алған дикандардың небары 1/3 бөлігі фана жерлерін сақтап қалды. Бәсекеге тәзе алмағандар жалға жер алып, қожалық жүргізуге мәжбүр болды. Ал қалғандары қалаға кетіп, жалданба жұмысшыларға айналды. Өнеркәсіп иелері жанаша, озық өндірісті қолданып, мемлекетті жаңа дамысатысына көтерді. Өнеркәсіп кесіпорнының саны жылдан-жылға көбейе тусты.

Бірақ бұл өнеркәсіп кесіпорнындарында істейтін жұмысшылардың экономикалық жағдайы ауыр еді. Өйткені еңбекақысы өте төмен болатын. Кесіпорнында техника қауіпсіздігіне жауапкерлік жоқ еді. Оның үстіне, жапон жұмысшылары және еңбекшілері не саяси, не әлеуметтік құқықтардан пайдалана алмайтын. Жапония жұмысшылар

сыныбы кәсіподақ үйымдарына біріге бастады. Жапония қофамының алдыңғы қатарлы тобы парламент орнату үшін құресті.

**1889 жылғы Конституция** Экономикалық реформалар буржуазияның өсуіне және саяси жағынан қүшеюіне себеп болды. Буржуазия мемлекетке басшылықты өз қолына алуды талап етеді бастады.

Сондай жағдайда үкімет келісімге келуге шешім қабылдады. Ақыры, 1889 жылы Пруссия конституциясының жобасы негізінде түзілген конституция қабылданды. Мемлекетте екі палаталы (жоғары (перлер) және төменгі (екілдер)) парламент енгізілді.

Конституция императордың бұрынғы барлық құқықтарын сақтап қалып қана қоймай, оған бұрынғыдан да кенірек құқықтар берді. Мәселен, ол парламентті шақыру, ашу, таратып жіберу, зандар орнына жоғары жарлықтар шығару, әскерлердің Жоғары бас қолбасшысы болу, соғыс жариялау, бітім түзу сиякты құқықтарды өзінде сақтап қалды. Конституция бойынша, Уәзірлер Кенесі тек императорға есеп беретін.

Парламенттің барлық қаулылары император алдындағы Жасырын Кенестен өтуі тиіс еді. Сайлау құқықы мүлік цензасымен шектелді. Сайлау жасы 25 жас етіп белгіленді. Соған қарамай, Жапония се-кілді орта ғасырлар дәстүрлеріне бай мемлекетте конституция қабылдануының өзі үлкен оқиға еді.

**Сыртқы саясат** Халықтың кедейлігі өнеркәсіп өнімдерінің салынудың алынуын қындастырыды. Бұл жағдай Жапония басшы топтарын қөрші мемлекеттер аумақтарын басып алуға үндеген. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін Жапония бар күшін салып қаруланды. Жапонияның басқыншылық мақсаттары Корея, Қытай, Тынық мұхит су қоймасына бағытталды. Көп өтпей Жапония басқыншылық соғыстарын бастап жіберді. 1879 жылы Жапония, Қытайдың наразылығына қарамай, Рюкю аралын басып алды. 1875 жылы Оңтүстік Сахалин есебіне Куриль аралдарын Ресейден бөліп, өзіне қосып алды. 1876 жылы жапондар үшін Корея «ашық» мемлекет деп жарияланды. Жапон өнімдері кеденсіз сатылатын болды. Сол жолмен Корея Қытай ықпалынан ажыратып алынды. Мақсат Кореяны аннекция жасау еді.

**1894 – 1895 жылдардағы Жапония-Қытай соғысы**

1894 жылы Жапония Сеулде сарай төңкерісін үйымдастырып, жапонша үкімет құрды және астана гарнизонын

қарузыздандырды. Бұл жағдай Жапон-Қытай соғысының басталуына себеп болды. Қытай әскери флотының көлік кемелері суға батырылды. Сондай-ак, жапон әскерлері соғыс жарияламай Кореяда тұрған Қытай әскери бөлімдеріне шабуыл жасады. 1894 жылда Қытай әскерлері Пхенъян маңында жеңіліске ұшырады. Бұл жайт Жапонияның Қыыр Шығыста үстемдікке ие болуына жол ашты. Жапонияның заманалық құралдармен жабдықталған әскери күштері әрі құрлықтан, әрі теңізден шабуыл үйымдастырып, Қытай әскерлерін жеңіліске ұшыратты. 1895 жылы бұл екі мемлекет арасында Симоносеки бітімі түзілді. Қытай Кореяның тәуелсіздігін тән алды. Луаодун, Тайван, Пенху (Пескадор) аралдарын Жапонияға берді. Сонымен бірге, Жапонияға үлкен мөлшерде айыппұл төлеуге мәжбүр болды.

Шарт бойынша, Жапония өз саудасы үшін, Қытай аумағында өнеркәсіп өндірістерін құру және олардан пайдалану құқықын алды. Енді оның мақсаты Қыыр Шығыстағы басты дүшпаны – Ресейді жеңу еді.

Жапония 10 жылдық қарулану бағдарламасын қабылдады. Ресеймен соғысқан кезде, ұлы мемлекеттердің бейтарап болуын қамтамасыз ететін шарттар түзді. Сөйтіп болуы керек болған соғыста Ресей жекелетіп қойылды. 1904–1905 жылдары болған Ресей–Жапония соғысында қол жеткізген жеңіс Жапонияның құдіретін арттыра туستі.

1910 жылы Жапония Корея түбегін әскери күшпен өзіне қосып алды. Кореяда Жапон генерал-губернаторы шексіз үстемдікке ие болды. Отарышыл үкіметті қолдау мақсатында Жапония үлкен әскери күштерді Кореяға орналастырды.

Жапония бұдан кейін барлық күшін Қытайға бағыттады. Еуропа мемлекеттері мен АҚШ-тың Қытай байлықтарынан пайдалануы Жапонияны да Қытай мүліктерінен пайдалануға қызықтырған еді. Оның бұл әрекеті АҚШ және Ұлы Британиямен қатынастарының бұзылуына себеп болды. Жапония Қыыр Шығыста қауіпті қарсыласқа айналды. Сөйтіп, Жапония да жана соғыс тұнғиығына батып бара жатты.



**Аннексия** (латынша – біріктіру) – бір мемлекет аумағын зорлық жолымен толық немесе жартылай өз мемлекетіне қосып алу.

**Табан** – (парсыша) – соғыста жеңіліске ұшыраған мемлекеттен жеңін мемлекет пайдасына мәжбүри өндірілетін акы.



- Мәйдзи реформасының мәні жағынан төңкеріске тен екендігін дәлелдермен негіздел бер.
- Жапония дамуының өзіне тән ерекшеліктері мен Ресей дамуының өзіне тән ерекшеліктерін салыстыр.
- Жапония экономикасына үкіметтің араласуы қай сипатта іске асырылды?
- 1889 жылғы Жапония конституциясы 1875 жылғы Франция конституциясынан қай жақтарымен өзгешеленеді?
- Жапония басқыншылық сыртқы саясатын жүргізбеуі мүмкін бе еді?

- Халық топтарының тендігі не үшін жарияланды?
- Жапонияда қайсы салалар дамыды?
- Неліктен нарықтық экономикаға өту дәүірінде үкіметтің экономикаға араласуы қажеттілік болып қалды?
- Төмендегі құжатқа шолу жаса:

### Қосымша материал

Жапония Кореяға 1910 жылда зорлап қабылдаткан келісім шарттан

- Кореяның жоғары мәртебелі императоры Корея үстінен ие болған барлық суверен құқықтарын Жапонияның жоғары мәртебелі императорына толық және мәнгілікке тапсырады.
- Жапонияның жоғары мәртебелі императоры ... Жапония империясының Кореяны толық аннексия жасауға разылық береді.

## 27-§. XIX ғасырдың соңындағы Қытай

### Қытайдың жартылай отарға айналуы

XIX ғасырдың соңында Қытай артта қалған, жартылай феодал мемлекет еді. Жердің неғізгі бөлігі жер иеленуші байлардың қолында еді. Көшпілік диқандар жер иеленушілерден жерді жалға алатын, жал ақысын ақшамен немесе өнім есебінен төлейтін еді. Жері бар диқандар өте кем еді.

Диқандар қалаға жұмыс іздел келетін. Бірақ әрқашан да жұмыс табыла бермейтін. Өйткені Қытайда өнеркәсіп өте баяу дамып келе жатқан еді.

XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап мемлекетте капиталистік қатынастар да дами бастады. Алғашқы теміржолдар құрылды. Экономикалық байланыстар кеңейді. Iрі қалалар орнатылды. Жұмысшылар

саны көбейді. Өнеркәсіп пайда болысымен ұлттық буржуазия да қалыптаса бастады. Бірақ ұлттық буржуазияның көшілігі компрадорлардан құралған еді. Олар іс жүзінде шетел фирмаларының жалданған уәкілдері еді. Олар іс жүзінде шеттеген әкелінген тауарларды сату және арзан шикізат сатып алу есебіне байып отыратын.

Ақшаға мұқтаж болған Син әулеті шетел мемлекеттерімен кіріптарлық бітім-шарттарын жасайтын және ұлттық мұдделерге қайшы түрде оларға жол ашып беріп тұратын. 70-жылдарда-ак шетелдіктер Қытайдың 26 портына емін-еркін кіретін және өздерін қожайындар сияқты ұстайтын.

Теміржолдар құрылышы шетелдіктер иелігінде еді. Көмір шахтalaryның, кендердің ұлken бөлігі де олардың ықтиярында болып, Қытай шетел мемлекеттерінің шикізат базасына айналып қалды. Шетелдіктер ұлкен қалаларда, тіпті, өз мекендерін құрып, Қытай басшыларын менсінбей, дербес жұмыс жүргізетін.

Қытайдың Жапониямен 1894–1895 жылдардағы соғыста жеңілгені шетелдік монополистердің Қытайды одан бетер көбірек талай түсініе, ықпал жасауларына себеп болды. 1897–1898 жылдары Германия Цзяочжоуван (Синдао) айлағын басып алды және Шандун облысын өз ықпал шенберіне енгізді. Франция Гуамчжуwan шығанағын қолға алды және Юнан уәляятында ұstemдік ықпалын өткізе бастады. Ресей Порт-Артурды (Льюшун), Ұлы Британия Вейхайвей портын жалға алды. Ең бай аумақ – Янцзы өзені су қоймасы Ұлы Британияның ықпал шенберіне түсіп қалды. Футзиян облысында жапон басқыншылары ұstem болып қалды. Қытайдағы барлық өзгерістерді ұлы мемлекеттер бақылап отыратын. Сөйтіп, Қытай жартылай отарға айналды.

**Өнеркәсіптің дамуы және шетел ұstemдігі** XIX ғасырдың аяғында Қытайда алғашқы өнеркәсіп кәсіпорындары пайда бола бастады. 1881 жылы Солтүстік Қытайда бірінші теміржол іске түсірілді. 1897 жылы бұл жерде 600-ге жуық шетел фирмалары бар еді. Бірақ өнеркәсіп кәсіпорындарының өсуі және кебеюі баяу жылжыды.

Импорт экспорттан анағұрлым көп еді. Қытай мен Ұлы Британия арасында түзілген конвенция Қытайды тағы да кіріптарлыққа душар етті. Конвенция Ұлы Британияға Қытайдың 10-нан астам порттарына емін-еркін кіру, бірнеше облыстарда жеңілдетілген сауда жасау құқықын берді.

1884 жылда Францияның Вьетнамды басып алуы арқылы Франция–Қытай қатынастары нашарлады. Сол жылы Қытай Орталық Вьет-

намдағы ресми үстемділігінен бас тартты және ол жерде Франция протектаратын тән алды. Қытай үкіметі Франциямен асығыс бітім түзді әрі Францияға біраз мәселелерде келісім берді.

### **Әлеуметтік қозғалыс**

Қытай енді ғана өнеркәсіп жолына аяқ басқанда шетел мемлекеттерінің ойрандалуы халықтың жағдайына ауыр әсер етті.

Қытайды дұрыс даму жолына алып шығу туралы түрлі идеялар қалыптасты. Бұл реформалық қозғалыс деп аталды. Бұл дәуірдің әлеуметтік қозғалысында Сун Ят Сеннің орны айрықша мәнге ие болды. Ол Қытайды төңкөріс жолына жетектеген көсем еді. Сун Ят Сеннің «Қытай ояну қоғамы» деп аталған үйымы маньчжурлардың Син әулетін аударып тастау және Қытайда демократиялық ұлттық мемлекет құру үшін қуресті.

Қытайдың бұл дәуірдегі әлеуметтік қозғалысында «Ихетуан» – «Бейбітшілік және әділеттілік үшін көтерілген жұдырық» деп аталған жасырын үйымы да үлкен рөл ойнады. «Ихетуандар» «Маньчжур синдерін қып шығарамыз, шетелдіктерді жоқ етеміз» деген ұранмен жұмыс жүргізетін.

1899 жылы «Ихетуан» қозғалысы көтеріліс сипатын алды. Ихетуандар Жапонияға табан төлеуді тоқтату, Тайваньды Қытайға біркітіру сияқты талаптарды қойды. Син үкіметі көтерілістен қауіптенді. Өйткені Ихетуандар астана мен облыстардың дерлік жартысын қолда ұстап түр еді. 1900 жылы үкімет көтерілішілерге қарсы жіберген әскер женілді.

Көтерілішілердің жақсы үйымдастырылған отрядтары Пекинге шабуыл жасады және бұл жерде өз үкіметін орнатты.

**Қытайға қарсы интервенция** Бұл жағдай Пекинге шетелдіктер интервенциясы басталуына сылтау болды. Интервенцияда сегіз мемлекет – Германия, Жапония, Италия, Ұлы

Британия, АҚШ, Франция, Ресей және Австрия-Венгрия қатынасты. Олардың әрқайсысы Қытайда үлкенірек үлеске ие болу мақсатын көздейтін еді.

1899 жылы қыркүйекте АҚШ-тың үкімет хатшысы Хэйдің «Ашық есіктер және тең мүмкіндіктер» саясаты жарияланды және «Хэй» доктринасы деп аталды.

1900 жылы шілде айында шетел интервенттері жалпы шабуылға шықты және Пекин қаласын қолға алды. Шетелдіктер қаланы және император сарайын талан-тараж етті. Сегіз мемлекет Қытайды кіріптарлық бітім жасауға мәжбүр етті. Шартта көтерілісте қатысқан

манаспты тұлғаларды өлтіру немесе жер аударту талап етілді. Сондай-ақ, Пекин мен теңіз жағалауы арасындағы жолдарды қорғау үшін шетелдік мемлекеттерге Қытайда өз әскерлерін сақтауға рұқсат берілді. Бұдан тыс, Қытай шетел интервенттеріне 33 млн. доллар табан төлеуге мәжбүр етілді. Қытайға қару-жарак енгізуге тыйым салынды. Шетелдіктердің Қытайдағы жеңілдіктері көбейді. Нәтижеде, Қытай тағы да қорғансыз болып қалды.

Сонымен қатар, Ихетуан көтерілісі отаршылдарды ықтияппен әрекет жасауға мәжбүр етті.



**Интервенция** (латынша – араласу) – өзге мемлекет аумағын басып алу, өз үстемдігін орнату мақсатында сол мемлекеттің ішкі істеріне зорлықпен араласу.

**Компрадор** (испанша – сатып алушы) – экономикалық артта қалған және тәуелді мемлекеттер буржуазиясының шетел капиталы мен ішкі базар арасында делдалдық етуші бөлігі.

**Конвенция** (латынша – шарт) – көп жақты халықаралық шарттардың түрлерінің бірі.



1. Қытай мен Жапония дамуының үқсас және өзіне тән ерекшеліктерін салыстыр.
2. Қытай қалай жартылай отаршылықка айналып қалды?
3. 1876 жылғы Қытай – Ұлы Британия конвенциясы Қытай үшін қандай салдарлар алып келді?
4. Ихетуандар көтерілісі мен оның салдарлары туралы не білесін?
5. «Хәй» доктринасы қандай мақсатты көздеңген еді?



1. Неге Қытай шет ел мемлекеттердің шикізат базасына айналып қалды?
2. Қытай – Ұлы Британия мен Қытай – Франция қатынастары қалай жүргізілді?
3. Ихетуандар кімдер еді?

28-§.

## XX ғасырдың бас кезіндегі Қытайдың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы

**Әлеуметтік-экономикалық жағдайы**

XX ғасырдың бас кезінде Қытайда әлеуметтік қарама-қайшылықтар күшейіп кетті. Маньчжурлардың Син әuletінің үстем-

дігі дағдарысқа ұшырады. Асығып жасалынған реформа шаралары қоғам жағдайын түпкілікті жақсартпады. Қытайда өнеркәсіп дамуы мен оған кедергі болған феодал жер иелігіне тән артта қалған өндіріс қатынастары арасында шиеленіс терендеді. Бұқара арасында маньчжурлар басқаруына қарсы қозғалыс күшейді. Қытай өнеркәсібінің дамуы едәуір артта қалды. Дегенмен, әр жылы 50-ден көбірек кәсіпорын жұмысқа қосылды. Нәтижеде, мемлекеттің экспорт қөлемі екі есеге артты. Шетел мемлекеттері ішінде Ұлы Британия тауар айырбастауда бірінші орында тұратын еді. Қытайдың шетелдіктерден қарызы арта түсті.

**Сун Ят Сен** Төңкерісші демократ Сун Ят Сен (1866–1925) Қытайдағы ұлттық-азаттық қозғалыстың атақты қайраткері еді. Ол Гуанчжоу (Кантон) маңында диқан отбасында дүниеге келді. Сут Ят Сен 90-жылдардың бас кезінде Гонконгда ағылшын дәрігерлік институтын бітірді. Кейінгі өмірін ол саяси саламен байланыстырды.

Сун Ят Сен 1905 жылы «Қытай ұйымдарының одағы» (Тунминхай) деген саяси ұйым құрды. Ирі қалаларда бұл одақтың жасырын бөлімдері ашылды. Одақ 1905 жылы қарашада «Минбаоны» (Халық газетін) шығара бастады.

«Одақ» Сун Ят Сен жетекшілігінде бағдарлама қабылдады. Бағдарламада Син монархиясын құлату, Республика орнату және жерге иелік ету құқықын теңестіру, тәуелсіздікті қалпына келтіру көзделген еді.

Сун Ят Сен әлеуметтік-экономикалық жағынан баяу дамыған Қытайда жерге иелік ету құқықын теңестіру жолымен әлеуметтік әділетті құрылым жасау мүмкін, деген пікірде еді.

**Уақытша Республика үкіметінің құрылышы** Сун Ят Сен ұйымы республика құрылым орнату мақсатын қойды. Бұл идея маньчжурларға қарсы қозғалысты күшайте түсті.

Бұл қозғалыс 1911 жылы шетелдіктерден теміржол құрылышы үшін қарыз алу туралы бітім түзілген соң, қарулы қарсылық сипатына өтті. Тіпті, әскерде де наразылық басталды.

Ухан қаласында әскерлер жатақханасын тінту жасауға кірген маньчжур әкімшілігі жақтаушыларын әскерлер өлтірді. Қару-жарапқ қоймасын басып алды. Басқа әскер бөлімдері де оларға қосылды. Төңкеріслер 11 казанда Уханды толық қолға алды. Олар Республика үкіметін түзді де барлық Қытай уәляяттарын Республика айналасына бірігуге шақырды. Маньчжур әулетінің үстемдігі жойылғаны жария

етілді. Бұл төңкеріс Қытай тарихына «Синхай төңкерісі» деген атпен енген. Сөйтіп, «Синхай төңкерісі» қарулы көтеріліс жолымен Қытайда XVII ғасырдан бастап үстемдік еткен маньчжурлар үкіметін құлтты.

1911 жылда көп жылдық қоныс аударушылықтан соң Сун Ят Сен Қытайға қайтып келді. Оны қытай халқы қуана қарсы алды. 29-желтоқсанда Нанкинде төңкерістік облыстар өкілдерінен құралған Ұлттық Мәжіліс жиналды. Ұлттық Мәжіліс Қытайды Республика деп жариялады және қоныс аударушылықтан қайтып келген Сун Ят Сенді Қытай Республикасының уақытша президенті етіп сыйлады. Ұлттық Мәжіліс қабылдаған конституцияда барлық бұқаралардың тенденциі мен түрлі демократиялық бостандықтар жарияланса да, дикандардың арман-тілектерін көрсететін «жерге иелік етуде тен құқықты болу» ұраны көрсетілмеді. Мұның себебі – жерге иелік етуде тен құқыққа ие болуга қарсы күштердің үлкен беделге ие болғандығы еді.

**Ян Шикай диктатурасы** Төңкеріс нәтижесінде Қытайда қос үкімет жүзеге келді. Олардың бірі – Қытай Республикасы үкіметі, екіншісі – Солтүстікте сақталып қалған император үкіметі еді. Пекиндегі император үкіметінің бастығы Ян Шикай еді.

Ұлы мемлекеттерді Қытайдағы беделдерінің қай халде қалуы қауіптендіріп қойды. Сол себепті, олар түрлі сылтаулармен Қытайдың ішкі істеріне неғұрлым көбірек араласа бастады. Олар Қытайдағы төңкерісті қару күшімен бастыру мақсатында өз күштерін біріктірді.

Ұлы мемлекеттердің Пекин үкіметін қолдаудан мақсаты Қытайдың ішкі істеріне қалағанынша араласу еді. Бірақ бұл – Қытайда жалпы наразылық туғызды. Халық шетел тауарларынан бас тарта бастады. Мұндай жағдайда республикаға қарсы күштер Бас уәзір Ян Шикай айналасына бірлесті.

Пекин сарайының адамдары оған монархияның құтқарушысы деп қарайтын еді. Бірақ Ян Шикай төңкеріс қозғалысының қысымымен 1912 жыл 12 акпан күні Син өuletін тақтан бас тартуға мәжбүр етті. Үстем таптар бүкіл үстемдікті оған тапсыруға тырысты. Бұл кезде ұлы мемлекеттер де Сун Ят Сеннің үкіметтен кетуін ашық түрде талап етті және Қытайға интервенция ұйымдастыруға жария түрде өзірлік жасай бастады. Қытайға қарсы интервенция қаупі астында Сун Ят Сен президенттіклаузының Ян Шикайға тапсыруға мәжбүр болды.

Бүкіл үстемдікті өз қолына алған Ян Шикай демократиялық бостандықтарды жоққа шығара бастады. Ол жұмысын, алдымен, төңкеріс әскерлерін толық қаруыздандырудан бастады. Үкіметке қарсы құрылған кез келген топ мүшелерінің тағдыры өліммен аяқталатын.

Әрбір қыстакта жазалау тобы жұмыс жүргізетін болды. Соған қарамай, демократиялық күштер 1912 жылы Гоминданды (Ұлттық партияны) құрды. Партия басшылығының төрағалығына Сун Ят Сен сайланды.

Өз женісінен рухтанған Ян Шикай Ұлттық Мәжілісті өзін бес жыл мерзімге президент етіп сайлауға мәжбүр етті. Ұлы мемлекеттерден кіріптарлық шарттардың есесіне қарыз алу туралы шарт жасады. Содан соң ұлы мемлекеттер Қытай Республикасын тән алғандықтарын мәлімдеді. Қытайдың экономикалық жағдайы қынданай түсті. Халықтың тұрмыс дәрежесі нашарлады. Сондай бір жағдайда Гоминдан халықты қөтеріліске шақырды. 1913 жылы Қытайдың оңтүстігінде үкіметтің саясатына қарсы «Екінші төңкеріс» деп аталған қөтеріліс басталып кетті.

Бірақ күштер тең болмағандықтан, шетел мемлекеттерінен әскери көмек алған үкімет әскерлері «Екінші төңкерісті» күйретті.

1914 жылы Ян Шикай Конституциялық Кеңес шақырды. Онда «Жаңа Қытай Конституциясы» қабылданды. Ян Шикай президент ретінде дара үстемдікке ие болды. Мемлекетте әскери диктатура орнатылды. Республиканың басқару мекемелері жойылды.



**Синхай** – «жыл» деген мағынаны білдіреді. Қытай өз календары бойынша, төңкеріс бір жылға созылғаны үшін ол Синхай (бір жылға созылған төңкеріс) деп аталған.

**Син әулеті** – 1628–1645 жылдардағы дикандар соғысы нәтижесінде күйреген Мин әулетінен кейінгі үстемдік еткен әulet. Бұл әулет 1644–1911 жылдарда үстемдік еткен.



1. Синхай төңкерісі қалай жүзеге келді және оның салдарлары нелерден құралған?
2. Сун Ят Сен қызметін қалай бағалайсын?
3. Ян Шикай диктатурасының орнатылуы туралы нелерді білдің?
4. Шет мемлекеттердің Қытаймен қатынасы қандай еді?



*Сен осы пікірлердің қайсысын дұрыс деп есептейсің? Өз пікіріңді дәлелдермен негізде.*

- |  |  |
|--|--|
| <p>1. Қытай үкіметі мемлекеттің жартылай отар жағдайына түсіп қалуының алдын ала алатын еді.</p> | <p>2. Қытай үкіметі мемлекеттің жартылай отар жағдайына түсіп қалуының алдын ала алмайтын еді.</p> |
|--|--|

29-§.

## XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі Үндістан

### Отаршылдық

Үндістан бұл дәуірде Ұлы Британия отары еді. Ол Үндістанды вице-король басшылығындағы шенеуніктер және полиция көмегімен басқаратын еді.

Ағылшын отаршылдығы жағдайында Үндістанда инвестицияға негізделген жергілікті өндіріс жүйесі жүзеге келе бастады. Iрі өнеркәсіп көсіпорындарын құруға кірісті. 1886 жылда токымашылық өнеркәсібінде 95 фабрика бар еді. Кендердің саны, теміржол тармактары көбейді. Бұл нәрсе шикізат даярлау және тасуда маңызға ие болды.

Ұлы Британия Үндістанда өнеркәсіпті өзіне қолайлы етіп орналастыруға әрекет етті. Негізгі өнеркәсіп көсіпорындары теніз бойындағы порт қалалар маңында еді. Бұдан Үндістан байлықтарын арзан және онай алып шығып кету мақсаты көзделген. 1873 жылдан 1883 жылға дейін Үндістан мен Ұлы Британия саудасы артып отырды. Үндістан ағылшын буржуазиясының капитал енгізу аумағына айналып қалды.

Диқаншылықта агротехника мәдениеті төмен күйде қалды. Отаршылар құрган суару құрылымдары небары 20 пайыз жерді суаруға жететін еді. Жер өнімнің үлкен бөлігін төлеу шартымен диқандарға жалға берілетін. Қарыз есебіне істеп беруге мәжбүр болған адамдар саны барған сайын көбейе түсті.

Ауыл шаруашылығының ең табысты салаларына (шай, кенеп, мақта) капитал енгізу ағылшындарға үлкен пайда келтіретін еді.

Үндістан XIX ғасырдың ақырында дүние жүзі базарына үлкен көлемде өнеркәсіп және ауыл шаруашылық тауарларын шығара бастады. Бірақ түскен табыс ағылшын отаршыларын байытты. Ауыл шаруашылығында монокультура жүзеге келді. Бенгалия кенеп, Ассам шай, Бомбей және Орталық Үндістан мақта, Панжоб бидай өндіруге мамандырылды. Жер иелері, банк иелері, өсімхорлар диқандарды қарызға батырып, оларды аянышты жағдайға салып қойды. Үндістанда ашаршылықтан көп адам қырылып кетті.

Ағылшын әкімшілігі Үндістандағы ұлттық тілдерде шығатын баспасөз жайында заң қабылдады. Заң барлық газеттерді ағылшындар бақылауына өткізді. Көп өтпей оқ атар қаруларды сақтамау туралы акт қабылданды.

Ұлы Британия жергілікті буржуазияға жартылай келісім жасау саясатын да жүргізе бастады. Олардың өкілдері қалалар әкімшілігіне сайланған бастады.

### **Экономикалық жағдай**

Макта шикізатын даярлау, бөз мата тоқу қәсіпорындарының бір бөлігі ұнді капиталистеріне қарасты еді. Өнеркәсіп жұмысшыларының саны едәуір қебейді. Ұлы Британия барлық көмір қоймалары, кенеп өнеркәсібі, шай далаларын, көлік, сауда және қамсыздандыру қоғамдарын өз қолына шоғырландырды да бүкіл Үндістан өндіріс жүйесіне бақылау орнатты.

Ұлы Британия капиталы өте жедел өссе бастады. Ал бірақ халық бұкарасының тұрмысы барған сайын нашарлай тұсті. 1896–1906 жылдарда 10 млн-нан астам адам аштықтан өлді.

Университеттерге кіру ақшасын екі есеге арттырды. Олардағы құқық факультеттері жауып қойылды. Демократиялық рухтағы, халық мұддесін көздейтін адамдардың университеттерге кіруіне мұлдем тыйым салынды.

### **Үлттық-азаттық қозғалысы**

«Үндістан Үлттық азаттық қозғалысы» да құрылды. Сонымен қатар, «Мұсылмандар лигасы» да құрылды. Енді ағылшындар ұнді-мұсылман бөсекесін күшейте тұсті.

Конгресс өз катарына ірі сауда-өнеркәсіп капиталы өкілдерін, либерал помешиктер мен ұлттық зиялыштарды біріктірді. Бастапқы кездерде Үндістан үлттық конгресіне ағылшын отаршыл әкімшілігі қарсылық жасамады. Мұндай қатынасты Үндістан вице-королы лорд Дафферин «ұлттық конгресс төнкерістен арзандау» деп түсіндірген еді.

Ағылшындар ойлағандай, ұлттық конгрестің талаптары бастапқы кездерде өте орынды болды. Бұл талаптар Британия үстемдігін сақтап қалған күйде, кейбір реформалар өткізуі ғана көздейтін. Яғни шеттөн әкелінген жіп-маталарға кеден төлемі белгіленген соң, жергілікті өкілдік мекемелерінің құқықын кенектуу, үнділерді басқару жұмыстарына жұмылдыру, техникалық білім беруді үйимдастыру, тағы басқалар еді. Бірақ уақыт өткен сайын бұл партия үлкен беделге ие бола бастады.

XX ғасырдың бас кезінде Үндістанда капитализм баяу болса да, дами бастады. 1910 жылы кенепталышық фабрикаларының саны екі есеге қебейді.

Макта шикізатын даярлау, бөз мата тоқу қәсіпорындарының бір бөлігі ұнді капиталистеріне қарасты еді. Өнеркәсіп жұмысшыларының саны едәуір қебейді. Ұлы Британия барлық көмір қоймалары, кенеп өнеркәсібі, шай далаларын, көлік, сауда және қамсыздандыру қоғамдарын өз қолына шоғырландырды да бүкіл Үндістан өндіріс жүйесіне бақылау орнатты.

Ұлы Британия капиталы өте жедел өссе бастады. Ал бірақ халық бұкарасының тұрмысы барған сайын нашарлай тұсті. 1896–1906 жылдарда 10 млн-нан астам адам аштықтан өлді.

Университеттерге кіру ақшасын екі есеге арттырды. Олардағы құқық факультеттері жауып қойылды. Демократиялық рухтағы, халық мұддесін көздейтін адамдардың университеттерге кіруіне мұлдем тыйым салынды.

Үндістан халықтары отаршылдық езгіге қарсы азаттық күрес жүргізді. 1885 жылы Бомбей қаласында белгілі бағдарламаға ие саяси партия – Конгресі» (YYK) түзілді. Сонымен қатар, «Мұсылмандар лигасы» да құрылды. Енді ағылшындар ұнді-мұсылман бөсекесін күшейте тұсті.

Ағылшындар ойлағандай, ұлттық конгрестің талаптары бастапқы кездерде өте орынды болды. Бұл талаптар Британия үстемдігін сақтап қалған күйде, кейбір реформалар өткізуі ғана көздейтін. Яғни шеттөн әкелінген жіп-маталарға кеден төлемі белгіленген соң, жергілікті өкілдік мекемелерінің құқықын кенектуу, үнділерді басқару жұмыстарына жұмылдыру, техникалық білім беруді үйимдастыру, тағы басқалар еді. Бірақ уақыт өткен сайын бұл партия үлкен беделге ие бола бастады.

1890 жылы «солышл» – радикалдық ағым қалыптасты. Оған Бал Гангадхара Тилак (1856–1920) жетекшілік етті. Ол үнді халқының ұлттық санасын ояту, ұлттық ожданын көтеру жолында әрекет жасады. Дінге, оның бұқараны ұйымдастыру күшіне үлкен баға берді. Көп өтпей ол Пуна қаласында дербес орта мектеп ұйымдастырыды. Мектеп оқушылары санасына отансүйгіштік идеяларын сіндіре бастады. Тилак «Кесари» (Арыстан) газетін ұйымдастырыды. Жастар арасында отансүйгіштік идеяларын насиҳаттай бастады. Үндістан жағдайында қарулы көтеріліс жолымен азаттықта шығудың ылажы жоқтығын түсінген Тилак күрестің «күш жұмсамайтын» жолын таңдады. Бұл тәсілде ағылшын тауарларынан бас тартуға басты назар аударды. «Құдай Үндістанды шетел мемлекеттеріне ешқашан сыйға тартқан емес», дейтін Тилак.

Тилактың жактаушылары бұқараны отаршылдарға қарсы ыза-кек рухында тәрбиелейтін. Бұдан қауіптенген ағылшындар Тилакты бір жарым жылға қамады. Бірақ көп өтпей азат етуге мәжбүр болады.

**Бенгалияның бөлінуі** Ұлт-азаттық қозғалысты тұншықтыруға ұмтылып, ағылшын отаршылдары 1905 жылы Бенгалияны екі бөлікке бөліп таставы.

Өйткені Бенгалия отаршылдықка қарсы күрестің ең күшті қозғалыс орталықтарынан біріне айналған еді. Бұл шара кері ықпалға ие болды. Үндістанда ұлттық-азаттық қозғалыс жаңадан күшейіп кетті. Калькуттада ереуіл болды. Нарразылық ереуілдері бірінің-артынан бірі мемлекеттің үлкен бөлігін аяқта тұрғызыды.

1906 жылы желтоксанда «солышл» радикалдық ағым талабымен Үндістан ұлттық конгресі қосымша қаулы кабылдады. «Свараж» («өз үкіметіміз»), «Свадеши» («өз өндірісіміз»), «Ағылшын тауарларына бойкот» халық арасында үлкен маңызға ие болды. Тилак тек ағылшын тауарларынан ғана емес, сонымен бірге ағылшын басқаруынан да бас тартуға үндеді. Басқаруды үнділендіруге, жергілікті буржуазияны фабрика және зауыт құруға шақырды.

Бомбей облысының Сурат қаласында Үндістан ұлттық конгресінің құрылтайы шақырылды. Орташа ағым ағылшын империясы құрамында қалу, сондай-ақ, өзін-өзі басқару құқықының берілуін жақтаушылардың пікірі мақұлданды. Радикалдық ағым (Тилак бастаған) ҮҮК құрамынан шығарылды.

Ағылшын басшылары көп өтпей занға қайши мәжілістер және баспасөз туралы тыйым салынған зандар шыгарды және аяусыз қанды нәубетке (репрессияға) күш салды.

### Софық қарсанында

Үндістанның жергілікті басшы топтары ағылшын отаршыл үкіметімен келісіп, 1909 жылы «Үндістан кеңестері туралы заң» деген құжат қабылдады. Бұл заң бойынша, халықтың тек жарты пайызы ғана сайлау құқықын алды. Сайлаулар діни ұжым негізінде өткізілетін болды (яғни үнділер және мұсылмандар бөлек-бөлек дауыс беретін болды). Бұдан мақсат үнділер және мұсылмандар арасына бұлік салу еді.

Бұл дәуірде Үндістан Ұлы Британияның болашақ дүние жүзілік соғысы жоспарларында манызды рөл ойнай бастады. Соңдықтан да ол Үндістандағы жағдайды жұмсаартуға ұмтылды. Отаршылдық басшылары жұмыс уақытын 12 сағатпен шектеу туралы заң қабылдады.

1911 жылы еңбекшілердің қозғалысынан шошыған отаршыл басшылар бөліп тастаған Бенгалияны біріктіруге мәжбүр болды. Астана қауіпсіздеу аумаққа орналасқан Делиге көшірілді.



1. Үндістанның қалай Ұлы Британия отарына айналғанын есінде түсір.
2. Ағылшын отаршыл езгісінің аянышты салдарларына мысалдар келтір.
3. Үндістан халқының ұлт-азаттық қозғалыстарында Үндістан ұлттық Конгресінің алған орны туралы нелерді білдің?
4. Салыстырмалы талдау жаса: Үндістан мен Қытай дамуының ұқсас және өзіне тән ерекшеліктерін атап бер.



1. Ойлап көр: Неліктен ҰҰК қүрестің бейбіт жолын таңдаған?
2. Ауыл шаруашылығында монокультура не екендігін түсіндір.
3. Ұлы Британия Үндістандағы жоғары білім беруге қандай ықпал жасады?
4. Не үшін құқық факультеттері жауып қойылды?
5. Тилак уағызының манызын түсіндір.

30-§.

### XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі Иран

#### Ұлы Британия мен Ресейге тәуелділіктің күшеюі

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың бас кезіндегі Иран дүние жүзі капиталистік мемлекеттердің жартылай отарына айналды.

Шахтың құрылымы және отаршылдық езгі халық жағдайын ауырластыра түсті. Мемлекетте наразылықтар күшіндегі.

Ирандағы шексіз ұstemдік құрған үкімет жер иелеріне, облыс әкімдеріне және тайпалардың хандарына сүйенетін еді. Иранда өнеркәсіптің буржуазиялануы баяу кешті. Жер диқандарды қанаушылықта ұстап отырған жер иелерінің қолында еді. Қалаларда жасайтын қолөнершілер және ұсақ саудагерлер сияқты диқандарды да өсімхорлар қарызыға батырып тастаған еді.

Иранның ірі жер иелері, саудагерлері мен өсімхорлары шах ұstemдігін шектеп қоюды, өз меншігінің дербес болуын, губернаторлар мен хандар өзімшілдігіне тыйым салуды, ирандық капиталистердің құқықтарын шетелдік капитал иелерімен тең етіп қойылуын талап етті.

Иранға капитал шығару бойынша Ұлы Британия бірінші орында еді. 1872 жылы Иран мұнай кендерінен пайдалану, тас пен теміржол құру концессиялары алынды. 1889 жылы ағылшын монополисі Рэйттер Иранда «Шаханшахбанк» ашты. Шарт бойынша, банк қағаз ақша шығару және мемлекеттің жер асты байлықтарынан еркін пайдалану құқықын алды. Иран Ұлы Британиядан 9,6 миллион фунт стерлинг қарыз болып қалды.

Иранды бағындыруда Ресей де қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғысы қарсаңында Иранның Ресейден қарызы 164 миллион рубльді құрады. Иранның экономикалық бағыныштылығы саяси тәуелділікті күштітті. Әсірсебе, орыстардың шах сарайына ықпалы қүшті еді. Ал ағылшындар басқаша жол таңдады. Олар Парсы облысындағы бахтиярлар тайпаларын, Хузистан хандарын орталыққа, шах ұstemдігіне қарсы қайрап тұрды.

**Иран төңкерісі** Ішкі әлеуметтік кайшылықтар, сыртқы экономикалық және саяси қысымдар Иранда 1905 жылы төңкерістік қозғалыс басталуына себеп болды.

Халқы бүкіл мемлекет өнеркәсіп салаларына басшылық ететін орыс-ағылшын капиталистерін мемлекет аумағынан шығарып жіберуді талап етті.

Мемлекетте жалпы жұмыс тастау болды. Шах үкіметі жұмыс тастаушылардан аяусыз өш алуға кірісті. Бұған жауап ретінде халық көтерілісі басталып кетті. Онда құрестің бәст тәсілі қолданды. Бәстте отырған адамға жаза шарасы қолдану мүмкін емес еді. Ереуілшілер «әділетхана» орнатылуды, аяусыз шенеуніктерді қууды талап етті.

Шах халық қозғалысына қарсы әскерден пайдаланбақшы болды. Бірақ әскер халыққа оқ атудан бас тартты. Нәтижеде, 1906 жылы 5 тамызда шах конституция қабылдау туралы жарлық шығаруға мәж-

бүр болды. Бірақ жарлық орындаусыз қалған соң, халық тағы да көтерілді. Соның арқасында Табризде Иран тарихында бірінші парламент – Мәжіліс құрылды. Мәжіліс Иран социал-демократтары ықпалында еді. Шах халық қысымымен Мәжіліске сайлаулар өткізу туралы жарлық шығарды. Кожарлар (яғни, шах тайпасына тиісті), дін иелері, саудагерлер, жер иелері және дикандар, қолөнершілер – жалпы 6 әлеуметтік топ сайлау құқықына ие болды.

1906 жылда Мәжіліске сайлау өткізілді. Шах Мұзаффариддин конституцияның бірінші бөлімін бекітті. Ол бойынша, шахқа барлық зандарды бекіту, бюджет қабылдау, оның атқарылуын бақылау құқықы берілді. Шетелдіктермен түзілетін экономикалық бітімдерге Мәжілістің разылығы алынуы белгілеп қойылды.

1907 жылы шах Мұзаффариддин қаза тапқан соң, таққа шексіз үstemдік етуші құрылымның жактаушысы, жаңалыққа қарсы Мұхаммед Әлишах отырды. Ол төңкерістерге қарсы қуресті жоспарлады. Жаңа шах Мәжіліске қатты қарсы еді. Бірақ төңкерістік қозғалыс көлемі оны Иранда конституциялық тәртіпті сақтап тұруға мәжбүр етті. Сөйтіп, 1905–1907 жылдардағы Иран төңкерісінің бірінші басқышы аяқталды.

**Төңкерістің екінші дәуірі** 1907–1917 жылдар Иран төңкерісінің екінші дәуірі делінеді. Қозғалыс енді, негізінен, отаршылдарға қарсы бағытталды. Қаланың кедей топтары да өз талаптарын қойды.

Есіресе, қоныс аударушылар үйыми үлкен ықпалға ие болды. Олар жасырын сайлау құқықы, қофамдар түзу, жеке адам бостандығы, шах жерлерін кәмпескелеу, жұмыс уақытын 8 сағат етіп шектеу, тегін және мәжбүр түрде білім беруді енгізу сияқты талаптар қойды.

Демократиялық қозғалыс ықпалы астында шах жер иеленуші ше-неуніктердің зейнетақысын қысқартты. Феодалдық заманға тән болған атақтарды жоққа шығарды. Парақорлық, пайдакүнемдікке қарсы қүрес туралы зан жариялады. Шах Иран конституациясының ең маңызды демократиялық мазмұндағы баптарын бекітуге разы болды. Зан алдында барша тең, жеке тұлға және жеке меншік дербестігі, қофамдар құру, мәжілістер өткізу, қауымдық сот (шарифат сотымен бір катарда), зан шығарушы және атқарушы үкімет органдарын ажырату сияқты баптар маңызды мәнге ие еді.

Сонымен қатар, шахқа үлкен құқықтар да берілді. Атап айтқанда, шах – жауапкерліктен азат тұлға, Бас қолбасшы ретінде соғыс жариялау, бітім жасау, уәзірлерді тағайындау және азат ету сияқты құқықтарға ие еді. Шахтың конституция және зандарға адалдығы ту-

ралы ант етуі ереже етіп қойылды. Қабылданып жатқан зандардың шарифатқа сәйкестігін бақылау үшін бес ұлы ғұлама тағайындалатын болды.

### Ұлы Британия—Ресей бітімі

Ағылшын-орыс отаршылары Ирандағы төңкерістік өзгерістерге немкүрайдыштықпен қарамады. Олар Иранға қатысты зорлық саясатын жүргізді. 1907 жылы Ұлы Британия—Ресей бітімі жасалды. Бітім бойынша, Иран үш бөлікке бөлінді. Солтүстік Иранның Ресей, Оңтүстік Иранның Ұлы Британия ықпал шенберінде болуы бекітілді. Ал Иранның орта бөлігі бейтарап деп жарияланды. Сондай-ақ, бұл дәүірде шах ағылшындар мен орыстар көмегімен 1908 жылы аксилтөңкерістік мемлекет төңкерісін өткізді. Ресей казак әскерлері Мәжіліс гимаратына зенбірекпен от жаудырды. Мәжіліс таратып жіберілді. Демократиялық баспасөзге тыйым салынды.

Мәжіліс күйреуге ұшыраған соң, төңкерістік қозғалыс орталығы Табризге көшті. Шах әскерлері Табризге шабуыл жасады да қаланы қоршауға алды. Нәтижеде, ашаршылық басталды. Сыртқы дүниеден үзіп қойылған Табриз көтерілісі женилді.

### Ұлы мемлекеттердің Ирандағы саясаты

Табриз көтерілісі бастырылғанымен шахқа қарсы қозғалыстар тоқтамады. 1909 жылда Тегеранда Мұхаммед Әлишах тақтан түсірілді.

Орнына баласы Ахмет шах деп жарияланды. Конституция қайта қалпына келтірілді. Үкімет мемлекет экономикасын тіктеу мақсатында шетелден қарыз алды. Ішкі аксилтөңкерісі күштер Ресей және Ұлы Британия көмегімен төңкерішілерге қарсы шабуылға дайындала бастады. Ақырында Ресей әскери 1911 жылы аксилтөңкерістік үкімет төңкерісін өткізуде қатысты. Сөйтіп, Иран төңкерісі бастырылды.

Ирандағы 1905—1911 жылдар төңкерісі үлкен әлеуметтік жағдай — феодалдық-монархиялық құрылымнан конституциялық монархияға өту басқышы болды.

Бірінші дүние жүзілік соғысы қарсанында Иранның шетелге бағыныштылығы күшіне түсті. 1912 жылы 1907 жылғы Ресей—Ұлы Британияның ықпал шенберлері туралы бітімін тән алуға мәжбүр етілді.



**Бэст** — мешіт пен қабірстандарда тыныш отырып, баяу қарсылық көрсету.

**Концессия** (латынша — рұқсат ету) — үкімет органдарының белгілі бір шарттар негізінде жер асты байлықтары, жер үсті объекттерін пайдалануға беру жөніндегі бітім.



- Иран калайша Ұлы Британия мен Ресейдің экономикалық және саяси ықпалына түсіп қалды?
- 1906 жылы қандай алғышарттар шахты конституция енгізуге мәжбүр етті? Бұл конституция шахқа қандай өкілеттер берді?
- Иран төңкерісінің бірінші және екінші басқыштарының өзіне тән ерекшеліктерін анықта.
- Иран төңкерісі қалайша бастырылды?



- 1906 жылдағы Иран конституциясында мемлекетте қабылданып жатқан зандардың шаригатқа сәйкестігін 5 ғұламаның бақылау жасайтыны белгіленген еді. Бұл жағдайды қазіргі Конституциялық сottың өткенде бастамасы деп есептеуге бола ма?
- “Шаханшах” қандай үйим еді?
- 1907 жылдағы Ресей–Ұлы Британия бітімінің маңызын ашып бер.

### 31-§.

## XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі Ауғанстан

### Ұлы Британия мен Ресей қақтығысы

70-жылдарда Ауғанстан Ресей мен Ұлы Британия арасында келіспеушілікке себеп болған мемлекет болып қалды. Ұлы Британия Үндістан–Ауғанстан шекарасында әскери күш жинай бастады. Ауғанстан әмірі Шерәліхан Ресейден көмек сұрап, елші жіберді. Ресей бұған жауап ретінде шағын әскери бөлімді шекараға жақын орналастырды. Ал Қабулға генерал Столетов басшылығында елші жіберілді. Бұдан басқа әрекеттерге бата алмады. Бұған Орта Азияны толық бағындыру және жақындал қалған Ресей–Түркия соғысының ділгірліктері мүмкіндік берmedі.

**Екінші ағылшын-ауған соғысы** 1878 жылы Шерәліхан ағылшын миссиясын Қабулда қабылдаудан бас тартты. Ұлы Британияға бұл Ауғанстанға басқыншылық соғысын ашуға сылтау болды. Ауғанстанға қарсы соғыс басталды. Қаза тапқан Шерәліханның орнына таққа отырған баласы Жақыпхан 1879 жылы Гандамак бітімін жасады. Ол бойынша, Ауғанстан іс жүзінде төуелсіздігін жоғалтты. Қабулда ағылшын резиденциясы ашылды. Оның міндеті ауған әмірінің іс-әрекеттері және Ұлы Британиядан жіберілетін қарыздар қалай жұмсалатынын бақылау еді.

Әмір Жақыпханның бағыныштылық саясаты мемлекетте қатты қарсылықта ұшырады және Қабулда оған қарсы қозғалыс көтерілді. Қалалықтар ағылшын резиденциясына бастырып кіріп, оны қолға алды. Ағылшындар Гандемиан бітімінен кейін қайтарып алып кеткен әскерін тағы Ауғанстанға әкеліп, Қабулды қайта қолға алды.

Бұл арада Ауғанстанның бұрынғы әмірі М.Афзалханның баласы Абдурахман көтерілісші әскерімен Қабулды коршап алды. Ағылшындар қын жағдайда қалды. 1880 жылдың басында Абдурахман Солтүстік Ауғанстанда өз ұstemдігін орнатты.

Ағылшындар Абдурахманмен келіссөздер бастауға мәжбүр болды. Қабул Абдурахманға тапсырылды. Қандахар Ұлы Британия ықпалында қалды. Бұлардың есесіне Ауғанстан Британия және ағылшын Үндістанынан басқа ешбір шетел мемлекетімен дипломатиялық байланыс жасамау міндетін алды. Абдурахман тек ішкі саясатта ғана тәуелсіздікті сақтап қала алды.

Ауғанстан тағының занды мирасқоры әмір Шерәліханның баласы Аюбхан Қандахарға шабуыл жасады. 1880 жылы ағылшын әскери бригадасы талқандалды. Ағылшындар жаңа әскери күштер шақыруға мәжбүр болды. Бұл жаңа күштер Аюбханды Хиратқа шегінуге мәжбүр етті. Бірақ халықтың қатты қарсылығының арқасында ағылшындар Қандахарды тастап шығып кетуге мәжбүр болды. Сөйтіп екінші ағылшын-ауған соғысы Ұлы Британияның женілісімен аяқталды.

**Ішкі келіспеушіліктер** Көп өтпей, енді таққа талапкерлер арасында соғыс әрекеттері басталып кетті. 1880 жылы Абдурахман Аюбхан әскерлерін қатты шығынға ұшыратты. Аюбхан шетелге қашуға мәжбүр болды. Ауғанстанда Абдурахманның толық ұstemдігі орнатылды. Әмір Абдурахман дәүірінде (1880–1901 жылдары) Ауғанстан ауыр экономикалық-әлеуметтік жағдайды бастан өткізді. Ағылшындармен болған соғыстар өндірісті ізінен шығарды. Қабул және басқа қалалар қиратылған еді.

Әмір мемлекетте жабық саясат жүргізді. Шетелдіктердің, әсіресе, еуропалықтардың бұл мемлекетке кіруіне тыйым салынды. Әмір мемлекетті саяси жағынан біріктіру үшін құрес жүргізді. Әкімшілік полиция басқармасы түзілді. Оның әрекетімен қазынаға салықтардың түсіү біршама жақсарды. Керуен жолдарының қауіпсіздігі біраз қамтамасыз етілді. Қарақшылар аяусыз жазаланатын болды. Олар темір торларға салынып, жол жағасындағы бағандарға асып қойылатын, аштық пен сусыздықта өлім табатын. Діни ғұламаларды өз жағында ұстау үшін Абдурахман оларға жалақы белгіледі. Ал уақып жерлері

жартылай мемлекетке өткізілді. Бірегей ақша бірлігі, мемлекет үшін біркелкі тас-таразы және ұзындық өлшемдері енгізілді. Осы шаралардың арқасында Ауғанстанда сауда жұмыстары, өндіріс пен қолөнершілік әжептеуір дамыды.

**Дюранд бітімі** Ауғанстанның XIX ғасырдың соны және XX ғасырдың бас кезіндегі халықаралық жағдайы толық мағынада Ресей мен Ұлы Британияның өзара катынастарына байланысты еді. Әмір Абдурахман осы қын жағдайда екі үлкен отаршыл мемлекет келіспеушіліктерінен пайдаланды. Нәтижеде, Абдурахман өзінің саяси беделін нығайтты. Мемлекет аумағын солтүстіктегі Әмударияға дейін кеңейтіп алды. 1887 жылы түрікмендер жасайтын жерлерде ауған-орыс шекаралары қатаң белгілеп алынды.

Содан кейін, Абдурахман онтүстікте – Үнді өзені жағалаулырында жасайтын, бірақ 1849 жылы ағылшындарға бойсұндырылған ауған тайпаларын өз мемлекетіне біріктіру әрекетін бастады. Әмір Абдурахман өзін оларға діни демеуші етіп көрсетті де ағылшындарға қарсы құреске шақырды. Ал бұл Ұлы Британиямен соғыс қаупін туғызды. Бұдан қауіптенген Абдурахман ағылшындармен бітім жасауға мәжбүр болды. Ол бойынша, Ауғанстан онтүстігіндегі ауған тайпаларының аумактары Ұлы Британия қарамағында қалатын болды. Ағылшындар келісілген Дюранд сыйығына (келіссөз жүргізген ағылшын өкілі Дюранд атымен аталған) әскер жіберді. Бұған жауап ретінде таулық ауғандар көтеріліске шықты.

**Хабибуллахан дәүірі** 1901 жылы Абдурахман қаза тапты. Әмірлік тағына ұлы Хабибулла отырды. Ол әкесінің жолымен ауған тайпаларын біріктіру саясатын жүргізді. Ағылшындарға қарсы құресті жалғастырды. Ресеймен сауда байланыстарын орнattы. Бұған жауап ретінде Ұлы Британия Ауғанстанға қарсы экономикалық қоршau саясатын қолданды.

Сонымен қатар, Ұлы Британия Ауғанстанға бітім жасауды ұсынды. Онда сыртқы сауда Ұлы Британия бақылауында болуы, мемлекетте ағылшындардың теміржол құруына разылық беруі, ағылшын азаматтарының Ауғанстанға еркін кіріп-шығуына рұқсат беруі талап етілген еді. 1907 жылы осы максаттар бойынша бітім жасалды. Ауғанстан Ұлы Британия мұдделері аймағы деп жарияланды. Ал Ресей үшін тек сауда құқықтары ғана берілді.

Ауғанстан XX ғасырдың бас кезінде өндіріс өнеркәсібі жок, артта қалған мемлекет болып қала берді. Салықтар ақшалай емес, өнім ретінде алынатын.

**Оқу-ағарту**

Жағдайдың ауырлығына қарамай, Ауғанстан сыртқы дүниеден үзліп қалған жок. Ауғанстанда да рес-козғалыс пайда болды. Бұл қозғалыстың жақтаушылары «Жас ауғандар» деп аталды. Олар мектеп-ағарту, мәдениет, ғылым, техника салаларын дамыту идеяларын алға койды. Олар әмірлік үкіметімен бірге конституцияның да болуын талап етті. Өнім салығын жокқа шығару, ішкі кеден төлемдерін жою, тайпалар тендігін орнату және көптеген мәселелерде озық көзқарастарды көрсетті. «Жас ауғандар» қозғалысына «Сирож ул-ахбори афғония» («Ауған хабарлары шырағы») газеті редакторы Мұхаммед Тарзий жетекшілік етті. Ол Хабибуллаханның үшінші баласы Амануллаханның қайнатасы еді. Реформашылардың бүкіл үміті «жас ауғандар» рухында тәрбиеленген Амануллаханға қаратылды.



**Миссия** (латынша) – жоғары борыш, жауапты міндеп; бір мемлекеттің екінші мемлекетке арнаулы тапсырмамен жіберген өкілдері.

**Резиденция** (латынша) – бір мемлекеттің дипломатиялық өкілдерінің сарайы.



- Екінші ағылшын-ауған соғысының себеп пен салдарлары туралы нелерді білдін?
  - Неліктен XIX ғасырдың екінші жартысында Ауғанстан Ұлы Британия мен Ресей арасында “талас” мемлекет болды?
  - Неге Ауғанстанды бойсұндыру үшін Ұлы Британияның жүргізген күресі ұзаққа созылған?
- 
- Әмір Абдурахманның жабық саясатының маңызы неден құралғанын түсіндір. Қандай реформалар өкізілді?
  - Дюранд сызығы деген не еді?
  - Хабибуллахан қандай саясат жүргізді?
  - «Жас ауғандар» алға қойған мақсаттарын анықта.



32-§.

## XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Османды мемлекеті

### Османды мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Османды мемлекеті монархиялық үкімет еді, оны сұлтан басқаратын. Мемлекетте орта ғасырлық феодалдық тәртіpler сақталып қалған еді. Османды мемлекеті экономикасының негізін құраған ауыл шаруашылығы тым артта қалған

еді. Жыртылатын жерлердің көп бөлігі жер иелері мен дін иелеріне қарасты еді, ол жерсіз, жері аз диқандарға жалға берілетін. Еңбек өнімділігі де кем болғаны үшін күшті ашаршылық салдарынан көп адамдар қырылып кетті.

Қала халқының да жағдайы ауырласты. Қолөнершілік құлдыраушылыққа ұшырады. Ескі тәртіптер мен шетелдік тауарлардың көптігі мемлекетте экономиканың дамуына кедергі болды. Өнеркәсіпте өрлеу жоқ еді. Сұлтан үкіметі өзінің қаржылық жағдайын жақсарту үшін шетелден қарыз ала бастады. Мемлекеттің қаржылық жағдайы жар жағасына келіп қалған еді. Сыртқы қарыз арта түсіп, 5,5 млрд. франкқа жетті. 1876 жылы үкімет Түркияны қаржылық банкрот деп жариялауга мәжбүр болды.

Ауыр экономикалық жағдай бара-бара Османды мемлекетін шетел мемлекеттерінің жартылай отарына айналдырыды. Еуропа мемлекеттері империяның отарларын тартып ала бастады. Тек Германия империядан үлес алмаған еді. Сондықтан Османды мемлекеттінің үкіметі XIX ғасырдың соны-XX ғасырдың басында Германиямен жақындасты. Германия капиталы үлкен жетістікті қолға енгізді. Болашақ Бағдат теміржолы жобасының Измир-Анқара бөлігін құру оларға тиді. 1903 жылы немістер бұл жобаға (Бағдат арқылы Парсы шығанағына дейін теміржол құру) толық иелік етті.

### **Конституциялық монархия үшін құрес**

Османды мемлекеті қарыздар үшін үлкен пайыз төлеуі керек еді. Османды мемлекеті қарызыды төлеу былай тұрсын, жұмыс істеушілердің енбекақысын да төлей алмай қалды. Нәтижеде, халық бұкарасының тұрмыс дәрежесі өте нашарлады. Осындай жағдайда, «Жаңа османилер қозғалысы» жүзеге келді. Бұл қозғалыс мүшелері сұлтан үкіметін жою идеясын алға қойды. Қозғалыстың «Өнеге» газеті озық демократиялық идеялардың насиҳатшысына айналды. Ұлттыл зиялыштар, озық пікірлі мансапқорлар мен офицерлер де бұл қозғалыска қосылды.

Мемлекетте сұлтан үкіметін жою идеясы қалыптасты.

1876 жылы халық көтерілісі басталды. Халық көтерілісі үстем таптарды қорқытып жіберді. Ақыр-аяғында, Абдулазиз Шайх ул-Ислам фатвосымен тақтан түсірілді. Біраз уақыттан соң таққа Абдулхамит II отырды.

1876 жылы 23 желтоқсанда Османды мемлекетінде конституция жарияланды. Онда екі палаталы парламент енгізілді. Төменгі палата Депутаттар палатасы деп, ал жоғары палата Сенат деп аталды. Конс-

титуция сұлтанға үлкен өкілеттіктер берді. Бұқаралардың аз бөлігі фана сайлау құқықына ие болды.

### **«Бірлік және өркендеу» партиясының үкімет басына келуі**

Абдулхамит II дәуірі Османды мемлекеті тарихында «зұлымдық» дәуірі деп аталды. Сұлтан тез арада парламентті таратып жіберді. Конституция жақтаушыларын қуын-дады. Олардың көшілігі өлім жазасына бұйырылды. Мемлекет зұлымдық қараңғылығында қалды. 1889 жылы Стамбулда әскери – дәрігерлік оқу орны курсанттары жасырын «Бірлік және өркендеу» үйімін құрды. Үйімның бөлімдері бүкіл Османды мемлекетіне таралды және мемлекетте конституциялық тәртіп орнату туралы үтін-насихат басталды. Кейін келе бұл қоғам күшті саяси партияға айналды. Сұлтан Абдулхамит II үйімды сотка берді. 13 адам өлімге бұйырылды. «Бірлік және өркендеу» партиясы мүшелері және соған ұқсас саяси үйімға қатысқандар жалпы атпен «Жас түріктер» деп аталды.

«Жас түріктер» Париж қаласында өздерінің бірінші құрылтайын өткізді. Онда жокқа шығарылған конституцияны қайта қалпына келтіру туралы қаулы қабылданды.

1908 жылы 3 шілде күні «Жас түріктерден» қалған әскер офицерлері жетекшілігінде қозғалыс басталды. 1908 жылы 20 шілдеде Монастырь қаласында «Бірлік және өркендеу» партиясы салтанатты түрде конституцияның қалпына келтірілгенін жариялады және сұлтанинан бұл мәселеде жарлық беруді талап етті. Әскер «Жас түріктер» жағында екендігі Абдулхамитті қауіптендіріп қойды. Ол 1908 жылы 24 шілде күні конституцияны қайта қалпына келтіруге мәжбүр болды. Парламентке сайлау өткізуі уәде етті. 1908 жылы Османды мемлекеті төңкерісі жеңіске жетті.

**1909 жыл 13 сәуірдеі бүлік** Бірақ ескі тәртіп жақтаушылары кез келген реформаға қарсы еді. Олардың ішінде дін иелерінің орны күшті еді. Дін иелерінің «Иттиходи Мухаммади» партиясы «Жас түріктерді» құдайсыз деп айыптады.

«Иттиходи Мухаммади» партиясының жақтаушысы болған әскерлер 13 сәуірде аксилтөңкөрістік бүлік көтерді. Бүлікшілер парламентті жокқа шығару, шарифат және сұлтан үкіметінің қайта қалыптасуын талап етті. Абдулхамит II ге керегі осы еді. Сондықтан ол бүлікшілер талабын тез орындалды.

## Ішкі және сыртқы жағдай

«Жас түріктер» қайраткерлерінен бір бөлігі Салоники мен Адрианопольге қашып кетті. Салоники мен Адрианопольдегі әскери бөлімдер «Жас түріктер» жағында еді. «Жас түріктер» өздеріне шын берілген әскерлерімен 26 көкекте бүлікшілер үкіметін құллатты. Сұлтан Абдулхамит тақтаң аударылды.

«Жас түріктер» төңкерісі ұлы мемлекеттерді әрекетке салып қойды. Олар Османды мемлекетіндегі ішкі саяси тұрақсыздықтан пайдаланып, көбірек олжаға ие болып алуға әрекет еткен.

1911 жылы Италия Ливияны басып алған соң, Ұлы Британия жағындағы «Бостандық және ынтымақтастық партиясы» «Жас түріктер» үкіметін жарамсыздықта айыптағы. Олар 1912 жылы 5 тамызда мемлекетте үкімет төңкерісін өткізді.

Тез арада, Османды мемлекетінің сыртқы жағдайы нашарлай түсті. Бірінші және екінші Балқан соғыстарында Османды мемлекеті Балқандағы ықпалынан дерлік толық ажыралды. Бұл жағдай «Бостандық және ынтымақтастық» үкіметін ауыр жағдайға салып қойды.

Сондай жағдайда, «Жас түріктер» басшыларынан бірі Анварбей басшылығында 1913 жылдың қантарында бүлік көтерілді. Үкімет тағы да «Жас түріктер» қолына өтті.

Үкімет З адамнан құралған «Үштік» деп аталған топ (Анвар, Тальат және Жамал) қолына өтті. Үштікке Анвар патша басшылық жасады. «Үштік» Германиямен жақындаласу саясатын жалғастырды.

Бұл жақындаласу Германияның Османды мемлекеті аумақтарын талап етпей жатқанымен түсіндірілді.

Германия пантүрік және панислам идеологияларын өзіне ұран етіп алған «Үштікті» қолдай бастады. Бұл идеология идеялары Антанта мұдделеріне қайши еді.

Бұдан тыс, Германия «Жас түріктер» көз алдында Османды мемлекетінің бірегей «қорғаушысына» айналды. Енді Германия Османды мемлекетін одақ шартын жасауға үндеді. Ақыры, 1914 жылы 2 тамызда құпия түрде одақ шарты түзілді. Бұл шартты жасаумен Османды мемлекеті басшы топтары империяны қүйреуге ұшырратты.



**Панисламизм** – XIX ғасырдың соңында бүкіл мұсылман әлемін отаршыларға қарсы күресте біріктіру жөніндегі қозғалысқа Ресей мен Ұлы Британия империяларының, сондай-ақ, бұрынғы Одақтың берген жасанды аты.

**Пантүркизм** – түркі халықтарды біріктіру идеясына Ресей мен Ұлы

Британия империяларының, сондай-ақ, бұрынғы Одақтың берген ресми аты.

**Сенат** (лат.) – ертедегі Римде республика дәуіріне дейінгі тайпа ақсақалдарының жиыны.

**Жас түріктер** – 1889 жылы ұйымдастырылған түрік буржуа-помешик партиясы. «Бірлік және өркендеу» партиясы мүшелерінің еуропаша аты.

1. Бір кездерде әлемдегі күшті мемлекет болған, отарлары үш құрлыққа жайылған Османды түріктер империясы неліктен XIX ғасырдың соны–XX ғасырдың бас кезінде іс жүзінде жартылай отар қүйіне түсіп қалды?
2. Османды мемлекетінде қалайша конституциялық монархия орнады?
3. Неліктен сұлтан Абдулхамит II үстемдік дәуірі Османды мемлекеті тарихында «Зұлымдық дәуірі» деп аталды?
4. «Жас түріктер» төңкерісі қалай женіске жетті?
5. «Жас түріктер» үкіметінің Германиямен жақындастырунан көзделген мақсаттары нелерден құралған еді?

1. «Экономика білім негіздері» пәнінен алған білімдеріне сүйеніп, «каржылық банкрот» ұғымын түсіндіріп бер.
2. «Жас османдылар қозгалысы» ұйымының қызметі нелерден құралған еді?
3. «Жас түріктер» кімдер еді? Олар қандай саясат жүргізді?
4. Османды мемлекеті Германиямен одақ шартын жасамауы мүмкін бе еді? Егер мүмкін болмagan болса, не үшін солай еді?



## XIX ҒАСЫРДЫҢ СОНЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

### Әлеуметтік және саяси тіршілік

#### 33-§. Солтүстік Африка мемлекеттері

Африканың солтүстік бөлігінде, Кабир Сахарасының оңтүстік шекарасына дейін халықтың көпшілігін арабтар құраған. Бұл аумақтарда барбарлар, хабаштар және басқа халықтар да жасайтын.

XIX ғасырдың 70-жылдарына дейін Африканың солтүстігінде және солтүстік-шығысында, яғни арабтар жасайтын аумақтарда дер-

бес монархия құрылымдары үстемдік ететін. Ал олардан ресми турде Османды империясы құрамына енген Мысыр, Триполитания, Киренаика (қазіргі Ливия) және Тунис іс жүзінде Османды мемлекеті сұлтандығына бағынбайтын.


XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың бас кезінде Мысыр мен Судан Ұлы Британияның, Тунис, Алжир және Марокко Францияның, Марокконың бір бөлігі Испанияның, ал Ливия Италияның отарларына айналды.

### **Мысырдың тәуелді етілуі**

Мысырдың XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі тарихы Османды мемлекеті үстемдігінен азат болу және ағылшындардың отаршылдық саясатына қарсы құрес жалауы астында өткен өзгерістер дәуірі болды.

Мұсылман дін иелерінен ал-Азхар медресесінде оқытушы болған Жамалиддин ал-Афғани және оның шәкірттері ұлттық-азаттық қозғалыста үлкен абыройға ие болды. Олар барлық мұсылмандарды отаршыларға, Османды мемлекеті қанауына қарсы бірігуге, конституциялық құрылым орнатуға шакырды. 1871 жылы Жамалиддин ал-Афғани «Хизб ул-Ватан» («Отан» партиясы) партиясын тұзді. Бұл партия шетелдіктерге қарсы «Мысыр мысырлықтардікі» деген ұранмен құресті. «Отаншылар» билеушінің (Хадивтің) құқықына шек қоятын конституция үшін құресті. 1882 жылы Хадив жаңа заң шығаруға мәжбүр болды. Онда үкімет Депутаттар палатасына бойсұнатын, парламент бюджет үстінен бақылау жасау құқықын алатын, ешқандай заң депутаттар палатасы рұқсатынсыз қабылданбайтын болды. Бұлардың барлығы феодалдық шексіз үстемдік құрылымынан буржуазиялық парламент құрылымына өту жолындағы үлкен женіс еді.

Шетелдіктер Мысыр үкіметіне ультиматум жіберіп, сол кездегі үкіметті таратуды талап етті. Отаршылдардың бұл талабы орындалмады. Бұған жауап ретінде Ұлы Британия 1882 жылда Искандарияға зеңбірекпен оқ жаудырды. Оның десанты қаланы колға алды. Бұған қарсы Мысыр әскері жетекшілерінің бірі Ахмет Орабибей Каирде жоғары мемлекет органды – Уақытша кеңес тұзді. Ол үлкен



**Сүвейш каналы.**

әскер жинады. Көп өтпей ағылшындар Сувейшті басып алды және Каирге шабуыл жасады. Мысыр әскерлері женілді. Полковник Ахмет Орабибей Цейлон аралына өмірлікке жер аударылды. Сөйтіп, Мысыр Ұлы Британия отарына айналды. Ұлы Британия Мысырда Османды империясы үкіметін ресми түрде жоймады. Мысыр хадивтерінің әулеті, Уәзірлер кеңесінің аты фана болса да сакталды. Қаржы ұстінен бақылау толығымен ағылшын кеңесшілеріне өтті.

1888 жылда Стамбулда Сувейш каналынан пайдалану бойынша, Ұлы Британия, Германия, Испания, Италия, Ресей, Османды мемлекеті, Франция мемлекеттері конвенцияға қол қойды. Ол бойынша, каналдан барлық мемлекеттер соғыс кезінде де, бейбітшілік кезінде де еркін пайдалану құқықын алды.

Ұлттық-азаттық құрестің белсенді жақтаушысы «Отан» партиясы ағылшындардың болжамында қауіпті болды. Оны күшсіздендіруге қатаң шаралар көрілді. Нәтижеде «Отан» партиясы саяси құрес жолынан жеке террор жолына өтті.

Ал бірақ азаттық қозғалысы басқаша жалғасты. Мәжілістің вице-президенті Саад Заглул демократиялық, ұлттық-азаттық рухындағы депутаттарды өз айналасына жинап, мәжіліс атынан ағылшын ұстемдігіне қарсы құжатты өткізіп алды.

**Махдилер қозғалысы** XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі Шығыс Судан Мысыр қарамағында еді. 1881 жылы судандықтардың жетекшісі Мұхамед Ахмет халықты Мысыр-Османды мемлекеті қанаушылығына және еуропалықтарға қарсы қасиетті соғысқа шақырды. Мұхамед Ахмет өзін махди деп жариялады. Губернатор махдиді тұтқынға алуға жіберген 200 адамдық әскери топ талқан етілді.

1882 жылда Хартумға мысырлық Абдул Қадыр генерал-губернатор етіп тағайындалды. Ол махдилер қозғалысын бастыруға әрекет етті. Бірақ женіліске ұшырады. Генерал Хикс басшылығындағы ағылшын әскерін Судан анзорлары қырып таставады. Ағылшындар Суданға генерал Гордон басшылығында әскери бөлім жіберді. Бірақ бұл әскерді де анзорлар талқан етті де Судан азат етілді.

1885 жылы Суданда тәуелсіз махдилар мемлекеті құрылды. Көтеріліс басшысы Махди Мұхамед Ахмет каза тауып оның бірінші халифі (халифатты төртеу еді) Абдуллах өкіметті өз қолына алды. Омдурман қаласы астана етіп белгіленді. Әскер үкіметтің сүйеніші болып қалды.

Бірақ мемлекетте ішкі келіспеушіліктер күшейді. Бұл алғышарт маҳдилерді әлсіретті. Бұдан пайдаланған Ұлы Британия Эфиопияны Суданға қарсы қойды. Нәтижеде, 1885 жылы екі мемлекет арасында соғыс басталды. Эфиопияның билеушісі Ехонни Абдуллахты ортақ дұшпанға қарсы бірге құресуге шақырыды. Бірақ Абдуллах мұның есесіне Ехоннидан исламға өтуін талаپ етті. Нәтижеде, қажетті бітім түзілмей қалды. Эфиопия – Судан соғысында көп қан төгілді. 1889 жылы Эфиопия императоры Менелик судандыктар пайдасына бітім жасауға мәжбүр болды.

Ал 1889 жылы тамызда Ұлы Британия – Мысыр біріккен әскерлері Судан маҳдилерінің әскерлерін женді және Суданың негізгі бөлігін басып алды.

### **Ұлы мемлекеттердің Солтүстік Африкадағы сақасаты**

1881 жылы Тунисте Франция үстемдігі орнатылған және бұған дейін ол Алжирді де колға алған еді. Алжирде XIX ғасырдың сонында 300 мыңнан астам француз

жасайтын. Құнарлы жерлер француздар қолында еді.

Алжирде отаршылдық езгіге қарсы құрес басталды. 1912 жылы «Жас Алжир» партиясы түзілді. Бұл партия сот жұмыстарында алжирліктер үшін «жергілікті кодекс» деген кемсітуші тәртіпті жою, салық төлеуде алжирліктер мен европалықтарды тенестіру, халыққа білім беруді көнектізу, арабтар сайланатын лауазымдарды көбейту талаптарын қойды.

Еуропа мемлекеттері отарларды бөлгенде Франция Мароккоға да ие болды. Италия Францияның Мароккоға қатысты құқықтарын тән алды. Мұның орнына Италия Ливияға тиісті құқыққа ие болды. Франция Мароккоға қарсы соғыс бастау үшін сылтау іздеген еді. 1907 жылы Марокко қаласында француз дәрігері өлтірілді. Осы сылтаумен Франция шұғыл соғысты бастап жіберді. Қысқа мерзімде Франция Марокконың барлық негізгі қалаларын басып алды. Ал Марокконың кей аумақтары Испанияға берілді. Ливия көп уақытқа дейін Османды мемлекеті отары болып келді. 1911 жылы 29 қыркүйекте Италия Ливияға басқыншылық соғысын бастады. Османды мемлекеті тиянақты жауап шарасын көре алмады. Ақыры, 1912 жылы Ливия Италия отарына айналды.



**Аисорлар** (арабша – жәрдемшілер, саптастар) – Мұхамед (с.а.в.) сахабаларының бір тобының аты. (Олар 622 жылда Меккеден Мәдинаға көшіп барған мұсылман қоныс аударушыларға және Расулулахқа

жәрдем берген, сондай-ак, Ислам дінін қабылдаған Мәдинаның авс және хасраж тайпаларының мүшелері болған).

**Махди** (арабша – Алла жағынан дұрыс жолға жетектеуші) – Исламда ақырзаман болғанында келіп, жерде әділеттік орнатады, деп сенетін пайғамбар.

- Солтүстік Африкада араб мемлекеттері қалай Османды мемлекеті отарына айналып қалғанын есіне түсір.
- Солтүстік Африкада қай ұлы мемлекеттердің мұдделері қактығысқан?
- Мысыр халқының ұлттық-азаттық күресі туралы нелерді білесін?
- Махдилер қозғалысы туралы айтып бер.



- Ахмет Орабибей қызметін түсіндір.
- Судан – Эфиопия арасындағы келіспеушілік нелерден құралған еді?
- Францияның Алжир және Мароккодағы саясатын бір-біріне салыстыры.

34-§.

## Тропиктік\* және Оңтүстік Африка мемлекеттері

### Тропиктік және Оңтүстік Африка туралы

XIX ғасырдың ақырғы ширегінде Африкада отарлау басқыншылығы күшіне түсті. Оңтүстіктегі қазба байлықтарға бай жерлерде алмас пен алтын кендерінің табылуы европалықтардың «ағып келулерін» жеделдете түсті. Оңтүстік Африканы отарлауда Ұлы Британия негізгі рөл ойнады. Көп өтпей, бұл жерге Германия да кіріп келе бастады. Мозамбик пен Ангола сияқты жерлерді біріктіруді португалдар өздерінің жоспарына енгізді. Негізгі отар ошақтарынан бірі – Бурлар Республикасы (Трансваал мен Оранж тәуелсіз республикалары) болып қалды. 70-жылдардан бастап, Ұлы Британия өз отарларын біріктіріп федерация түзуге әрекет етті.

**Батыс және Шығыс Африка үшін күрес**

Батыс Судан, Сенегал және Ніл өзені су қоймасы XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезінде Франция, Голландия және Ұлы Британия арасында бәсеке майданына айналды.



## XIX ғасырдың соны — XX ғасырдың бас кезіндегі Африка мемлекеттері

1892 жылы Франция Батыс Суданды басып алды. Батыс судандықтардың азаттық күресінде Самори Туре аты жарқын із қалдырды. Ол атакты колбасшы және саясатшы еді.

Француздар 1898 жылы фана оны бойсұндыра алды. Тұтқынға алынған Самори Габонға жер аударылды және сол жерде қаза тапты. Көп өтпей Чад көлі төнірегі бағындырылды және Гвинея шығанағы жағалары да Францияға төуелді болды. Ол Франция Гвинеясы деп аталды.

Ұлы Британия мен Франциядан кейін Бельгия да Африка жерлері үшін күреске қосылды. Конго су қоймасындағы жерлер Бельгия отаршылары деп жарияланды.

Көп өтпей европалықтар Шығыс Африкаға да кіріп келді. Ніл өзенінің басталу су қоймаларын ғылыми зерттеу сылтауымен европалықтар Буганда мемлекетін ашты. Ол Ұлы Британия түзген Уганда протектораты құрамына енгізілді.

Занзибар араб сұлтандығын құл саудасына қарсы күрес сылтауымен немістер, француздар және ағылшындар бөліп алды. XIX ғасырдың сонында Ұлы Британия Буноро мемлекетін басып алды.

XX ғасырдың бас кезінде Батыс Африканың Гамбия, Сьерра-Леоне, Алтын Жағалау, Нигерия, Сенегал, Франция Гвинеясы, Піл Сүйегі Жағалауы, Доагомея – Францияның; Того, Камерун – Германияның; ал Гвинеяның бір бөлігі Португалияның отаршылары еді. Еуропа отаршылары түрлі басқару жүйелерін енгізді. Оның ішінде, Ұлы Британия жергілікті басқару жүйелерін сақтап, оларды өз мұдделеріне бойсұндырыды.

Батыс Африкада отарлар үшін күресте Голландия, Бельгия, Португалия, Ұлы Британия, Германия, Франция және АҚШ-тың мұдделері қақтығысты. Бельгия королы Конгода ғылыми зерттеу ассоциациясын түзіп, соны жамылып шеберлікпен жұмыс жүргізді. Біртіндеп ол Бельгия отаршындығына айналды. Конгоның бір бөлігі Францияға, ал басқа бір бөлігі Португалияға тиді.

**Оңтүстік Африка** Оңтүстік Африкада дүниедегі ең ірі алмас кендері бар еді. Ағылшынның алғыр (ширақ ісмер) саясатшысы Сесиль Родс «Де Родс» компаниясын түзіп, алмас кендерін өз қолына енгізді.

Көп өтпей Трансваал алтын және мыс кендері ашылды. Сесиль бүл кендерді де қолға алды. Оның бастамасымен «Британия – Оңтүстік

Африка жеңілдетілген компаниясы» түзілді. Компания «Кейптауннан Каирге дейін Ұлы Британия отары болуы керек», деген мағынада басқыншылық әрекеттеріне рұқсат алды. Тез арада Солтүстік Родезияда ағылшын протектораты орнатылды. Ұлы Британия бурларға карсы жаңа соғысқа өзірлendі. 1899 жылы ағылшын – бур соғысы басталды. 1902 жылы Бур республикасы (Трансваал және Оранж) Британия иеліктеріне қосып алынды.

**Мадагаскардың колға алынуы** 1910 жылы Ұлы Британия аумақтары Трансваал, Оранж, Натал, Капни «Онтүстік Африка Одағы» атымен бірікті.

Үнді мұхитының батысында, Африканың онтүстік-шығыс жағалауы маңына орналасқан бұл арал ұлы мемлекеттердің отаршылдық саясатында ерекше орын алған.

1883 жылы Франция Мадагаскарға соғыс жариялады және бұл соғыс екі жақ үшін тен емес бітіммен аяқталды. Франция Мадагаскар үстінен протекторат орнатты және оның сыртқы саясатын бақылайтын болды. Ал 1896 жылы Франция Мадагаскарды өз отаршылығы деп жариялады.

**Зулустар** Ұлы Британия зулустарды бойсұндыру үшін аяусыз соғыс жүргізді. Зулустар билеушісі Кетчваё 1879 жылы үш қақтығысу барысында ағылшындардың 20 мың әскерін талқандады. Бірақ ақыры Ұлы Британия зенбіректердің күшімен басым келді де Зулуленд жерлерін қолға алып, оны майда әкімдіктерге бөліп таставды. Зулуленд әкімдіктерін өзара соғыстырып, пайда табу ағылшын билеушілеріне тән қасиетке айналды.

**Сомали және Эфиопия** Эфиопия мен Сомали 1869 жылы Сувейш каналы ашылуы себепті өзгеше сауда-экономикалық және әскери стратегиялық маңызға ие болды.

Бұл жағдай отаршыларды немқұрайды қалдырмады.

Бұдан сәл алдын, 1867 жылы ағылшындар Эфиопияға қарсы соғыс ашып, патша («негус» деп аталған) Феодор II нің біріктіруші саясатына зиян келтірілді. Түрлі діндер арасындағы келіспеушіліктердің арқасында Феодор II ге қарсы дін басылардан пайдаланып, ағылшындар хабаш әскерлерін тасталқан етті. Феодор II өзін-өзі өлтірді.

Үкімет басына ағылшыншыл күштер отырғызылды. Бірақ ағылшындар Эфиопия халқының қатты қарсылығына ұшырап, мемлекеттен кетуге мәжбүр болған. 1889–1913 жылдары Қызыл теніз жағалауы мен Сомали түбегі Ұлы Британия, Франция, Италия арасында бөліп алынды.


Эфиопияда Италия отаршылдық жоспарларын іске асыруға тырысты. Бірақ бұған қол жеткізе алмады. Эфиопия өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

### Гереро және намалар

Оңтүстік Африканың солтүстік-батыс бөлігін Германия басып алды. Жергілікті готтентот және гереро тайпалары резервацияларға құфындалды. Қалғандары неміс отаршылдарына құл болып қалды. Гереро тайпалары азаттық үшін Самиул Магареро басшылығында басқыншыларға қарсы көтеріліске шықты. Бірақ күресте күштері тең болмағандықтан көтерілісшілер жеңілді. Гереролардан тірі қалғандары мемлекет солтүстігіне қашып, жан сақтап қалуға мәжбүр болды.

Нама тайпалары да көтеріліске шықты. Намалардың көтерілісіне Хендрік Витбой басшылық етті. Витбой нама тайпаларын біріктірді.

Бірақ ол 1905 жылғы шайқаста қаза тапты. Оның өлімінен кейін де намалар күресті тағы екі жыл жалғастырды. Бірақ заманалық неміс техникасының басымдылығы өз күшін көрсетті. Германия басқыншылары намалардан 140 мың адамды қырып таставды. Германияға қарсы Шығыс Африканың онтүстігі мен орталығында (Танганика) басталған көтеріліс екі жылдан астамға созылды. Неміс әскерлері 120 мың африкалықты қырып тастанап, көтерілісті бастырды. Бұл аумақта неше фасырлардан бері жасап келген үлкен-үлкен тайпалар бүтіндей жойылып кетті.



Хендрік Витбой

1. Оңтүстік Африка неліктен ұлы мемлекеттер мүдделерінің қактығысуына себеп болған?
2. Батыс Африкада қай ұлы мемлекеттер мүдделері қактығысқан?
3. Шығыс Африка қай ұлы мемлекеттердің арасында бөліп алынды?
4. Ұлы Британия және Бур республикалары арасындағы соғыс қандай нәтижемен аяқталған? Айтып бер.
5. Гереро мен намалар кімдер еді?

1. Тропиктік және Оңтүстік Африканың қайсы мемлекеттерінде қандай қымбатбағалы металдар бар екендігін анықта және оны картага белгіле.
2. Хендрік Витбойдың ұлы жазған өленді жаттап ал.





Шабандоздар! Қане, жылдам аттан,  
 Баршага жетерлік оқ-дәрі құрал,  
 Ешқашан екі етпей қолбасшы сөзін,  
 Түнде жол басып, танда оқ үзгін.  
 Андаусыз қалдырып дүшпанды әр кез,  
 Бірақ шегінуді ойлама сен еш,  
 Дүниеде болмаған, ешқашан болмас,  
 Женістің дәміндегі тәттірек дәм-ас.

*Хендрик Витбойдың ұлы*

VII  
ТАРАУ

## 1914 – 1918 ЖЫЛДАРДАҒЫ БІРІНШІ ДҮНИЕ ЖҰЗІЛІК СОФЫС

35-§.

### Бірінші дүние жұзілік соғыстың bastaludy мен барысы

**Соғыстың bastaludy** Бірінші дүние жұзілік соғысының басты себебі – екі әскери-саяси топ арасында бөлінген дүние жүзін қайта бөліп алу үшін басталған құрес еді. Дүние жүзінің жетекші мемлекеттері өздерінің жауыз ниеттері жолында рухани зымияндыққа барып, байлық арттыру үшін миллиондаған адамдарды құрбан етуге бел байлады. 1914 жылы 28 шілдеде сербиялық ұлтшыл Г. Принцип Сараевада Австрия-Венгрия тағының мирасқоры Ф. Фердинандты өлтірді.

Австрия-Венгрия үкіметі Сербияға өте қорлайтын талаптар қоюылған ультиматум жіберді. Сербия үкіметі ультиматумның тек бір фана талабына, яғни қастандық бойынша өткізілетін тергеу жұмыстарын Австрия-Венгрия мемлекеттік құқықтық мекемелері алып баруына разылық бермеген. Ал бұл Австрия-Венгрияның 28 шілдеде Сербияға соғыс жариялауға себеп болды. Сербия одақтасы Ресей бұған жауап ретінде жартылай әскери шақыру жариялады.

Бұдан Германия басшы топтары 1 тамызда Ресейге, ал 3 тамызда оның одақтасы Францияға соғыс жариялау үшін сылтау ретінде пайдаланды. Сонымен қатар, Германия Бельгияның бейтараптық

мәртебесін бұзып, бұл мемлекетке шабуыл жасады. Бельгияның бейтараптығы жөніндегі халықаралық құжатты бір кездерде Пруссия да жасаған еді. Бірақ Германия үкіметі бұл құжатты тартынбай «бір парша қағаз» деп атады. Германияның Бельгияға шабуылына жауап ретінде Ұлы Британия Бельгияны қорғау сылтауымен 4 тамыз күні Германияға соғыс жариялады. Бірінші дүние жүзілік соғысы осылайша басталып кетті. Жапония Германиядан Қытайдағы отар аумақтарын Жапонияға беру талабын қойды. Талаптан бас тартқан соң, 23 тамызда Жапония Германияға қарсы соғыс жариялады. Германия Османды түріктер империясын, кейін Болгарияны өз жағында тұрып соғысқа қатысуға қол жеткізді. Тез арада Кавказарты, Сирия және Палестинде, Балқан тубегінде, сондай-ақ, Германияның Африкадағы отарларында жаңа фронттар жүзеге келді.

### **Жасыл жылдамдығында женіске жетудің жокқа шығуы**

Германия әскерінің генералы фон Шлиффен жасыл жылдамдығында женіске жету жоспарын жасаған еді. Жоспар бойынша Германия әскері бейтарап Бельгия аумағы арқылы Францияға шабуыл жасауы, Германия—Франция шекарасында шоғырланған Франция әскерін қоршап алып, оны күзге дейін күйретіп, сол арқылы Францияны бағындыруы керек еді. Содан соң, қысқа мерзім ішінде, Ресейді де женіп алу қөзделген еді.

З тамызда екпінді шабуылға өткен Германия әскері бір ай ішінде Парижге жақындалды. Францияның женілуі анық сияқты еді. Тіпті, үкімет уақытынша, Парижден кетуғе мәжбүр болды.

Бірақ Шлиффен жоспары іске аспады. Бұған Франция үкіметінің өтініші бойынша, 17 тамыз күні Ресейдің Германия мен Австрия-Венгрияға қарсы шабуылы себеп болды.

Батыс фронтта Германия әскери қүшінің белгілі дәрежеде әлсіреуі Францияны сақтап қалды. Тек сақтап қана қалмай, бұл жағдай Францияға күш жинап қарсы шабуылға өтуіне де мүмкіндік туғызды. Германия орыс әскерін Шығыс Пруссиядан сығып шығарса да, орыс әскері Австрия-Венгрияға қарсы шабуылын жалғастырды.

Марна өзені жағасында Франция және Ұлы Британияның біріккен әскері 1914 жылдың қыркүйегінде Германия әскеріне қарсы шабуылға өтті. Марна шайқасында екі жақтан да 2 млн-ға жуық жауынгер қатынасты. Бұл шайқаста Ұлы Британия мен Францияның күші базым келді.

Ауыр жағдайға түсіп қалған неміс қолбасшылығы 9 қыркүекте бүкіл Батыс фронт бойлап шегінуге мәжбүр болды.

Марна шайқасындағы жеңісінің арқасында, Германияның жасыл жылдамдығында жеңіске жету жоспары жоққа шықты.

**Османды мемлекетінің соғысқа кіруі** Османды мемлекетінің басшы топтарының көпшілігі Германия жағында тұрып соғысқа қатысады мақсатқа сай деп есептейтін.

Әйткені, олардың пікірінше, Османды мемлекетінің өзі басып алуды көздеген жерлер не Ресей қол астында, немесе Ұлы Британия қол астында еді.

Сол басқыншылық ниетін іске асыру мақсаты Османды мемлекетін 1914 жылы 2 тамызда жасырын жағдайда Германиямен одак шартын жасауға себеп болды.

Германия Османды мемлекетіне үлкен көлемде қарыз ұсынды. Османды мемлекетінен сол қарызды алған заматта-ақ соғысқа кіргуғе уәде берді. Германшыл, әскери уәзір және бас қолбасшы Анвар патша Османды мемлекеті флотына неміс адмиралы Сушан қолбасшылығында Қара теңізге шығуға және Ресейдің аумактарына оқ жаудыруға бүйрыйқ берді.

2 қараша күні Ресей Османды мемлекеті шабуылына жауап ретінде оған соғыс жариялады. Соғыс әрекеттері Кавказ фронтын жүзеге келтірді. 5–6 қараша күндері Ұлы Британия мен Франция да Османды мемлекетіне соғыс жариялады.

Антанта әскери теңіз құштері Османды мемлекетіне қарсы Дарданелл бұғазында әскери операцияларды бастап жіберді. Германия барлық мүмкіндіктерден пайдаланып, Османды мемлекетіне көмек берді.

Нәтижеде, Ұлы Британияның әскери теңіз флотына үлкен шығын келтірді.

**«Ұлы шегініс»** Шығыс фронт 1915 жылы негізгі соғыс әрекеттері алаңына айналды. Германия мен Австрия-Венгрия өздерінің қарулы құштерінің жартысына жуығын Ресейге тастауға шешім етті. Одактастардың әскерлері 1915 жылдың көктемінде шабуыл әрекеттерін Галициядан (Батыс Украина) бастады. Нәтижеде, көктем мен жазда қанды корғаныс шайқастарын жүргізуге мәжбүр болды және тенденсіз дәрежеде шығын көрді. 850 мың солдат пен офицер қаза тапты. Ал 900 мыңы тұтқынға түсті. Бірақ батыста ағылшын – француздар әскерлері тиянақты әрекет бастамады.

Орыс әскерлері табанды қарсылық көрсетсе де күштер тең болмаған шайқастар нәтижесінде Польшаны, Балтық жағалауын, Батыс Белоруссия мен Батыс Украинаның бір бөлігін тастап кетуге мәжбүр болды. Бұл шегініс бірінші дүние жүзілік соғысы тарихына «Ұлы шегініс» деген атпен енді.

### **Батыс фронттағы жағдай**

Шығыс фронттағы бастапқы жеңістерден рухтанған Германия Батыс фронттағы жағдайды да өзгертіп алмақшы болды. Бұл түрғыда ол мұл дем жаңа қару – суасты кемелерінен ұлken үміт күтті. Сондай-ақ, Германия соғыс аумақтарындағы кез келген су үсті кемелерін де шөктіріп жіберу ниетінде еді. Солай болды да. Германия суасты кемелері Ұлы Британия «Лузитания» деп аталатын ұлken жолаушылар таситын кемесін суға батырып жіберді. Оның бортында жалпы 2000-ға жуық жолаушы (солардың ішінде, 126 АҚШ азаматы) бар еді.

Жолаушылардың жартысынан көбі мерт болды. Бұдан тыс, Германия флоты жүздеген жүк кемелерін де жоқ етті.

Германия тек суасты кемелерінен ғана пайдаланып қоймады. Ол 1915 жылы көкекте Ипр шайқасында соғыс тарихында бірінші рет химиялық қару – улы газ (хлор) қолданды. Соның нәтижесінде 15 000 адам уланды. Олардан 5 мыңы қаза тапты. Бірақ бұл қару да Германия күткен нәтижені бермеді. Антанта әскері тез арада газге қары корғаныс құралымен (противогазбен) қамтамасыз етілді.

**Италияның соғысқа кіруі** Италия реңи түрде «Ұштер Одағының» мүшесі болса да, оның максаты соғыста кімнің басым келуіне іс жүзінде көз жеткізу және қай жағы Италияға соғыстан соң көп олжа уәде еткенін күтіп тұру еді.

Антанта Италияға ол сұраған аумақтардың барлығын беруге разы болды. 1915 жылы көкекте Антанта мен Италия арасында Лондонда шарт жасалды. Шарт бойынша, Италия бір ай өткен соң, өзінің бұрынғы одактастарына қары соғысқа кіруі қажет еді. Бұл міндет Ұлы Британияның Италияға 50 млн фунт-стерлинг мөлшерінде қарыз беруімен нығайтылды. Көп өтпей Италия үкіметі «Ұштер одағы» шартынан шыққандығын білдірді. Ал 23 мамыр күні Австрия-Венгрияға қары соғыс жариялады. Италияның Антанта жағына өтуі Германия дипломатиясының ұлken жеңілісі болды.

### **Жапонияның Қыры Шығыс және Тынық мұхитындағы соғысы**

Еуропада жүріп жатқан соғыс әрекеттері Қыры Шығыс пен Тынық мұхитында Жапонияның соғыстары үшін қолайлы жағдай туғызды. Ол 1915 жылы қантарда Қытай

үкіметі алдына Шандун өблісін Германия ықпал шенберінен Жапония ықпал шенберіне өткізу; Шығыс Ішкі Монголия мен Оңтүстік Маньчжурияда Жапонияның беделі нығая тұсуіне мүмкіндік беру; Порт-Артур, Оңтүстік Маньчжурия мен Андун-Мукден теміржолдарының жалға беру мерзімін тағы 99 жылға ұзайту; Жапония азаттарының Оңтүстік Маньчжурия мен Шығыс Ішкі Монголияда жер аудандарына ие болуы сияқты талаптарды қойды. Сонымен қатар, Жапония жағдайға АҚШ-тың араласуы мүмкіндігінен қауіптеніп қалды. Сондықтан Қытайдың алдына қойған бірқатар талаптарынан бас тартты.

8 мамыр күні Қытай Жапонияның біраз жұмсатылған талаптарын қабылдады.

Ресей әскерінің 1915 жылғы ұлы шегінісі Болгарияның кімнің жағында соғысқа кіруі мәселесін шешті. 1915 жылы 15 қыркүйекте Болгария, Германия, Австрия-Венгрия және Османды мемлекеті одағына қосылуы нәтижесінде «Төрттер одағы» жүзеге келді.

14 казан күні Болгария, Германия, Австрия-Венгрия әскерлері Сербияға шабуыл жасап, оны басып алынды.



**Ұлы шегініс** – орыс армиясының 1915 жылы көктем және жазда ауыр жоғалтулармен шегінуі.



**«Хлор» (ұлы газ)** – 1915 жылы сәуірде бірінші рет соғыстар тарихында қолданылған бұқаралық қырғын (химиялық) қаруы.

1. Бірінші дүние жүзілік соғыстың келіп шығуы туралы нелерді білдін?
2. Соғыс қалай басталып кетті?
3. Германияның жасыл жылдамдығында женіске жету жоспары қалайша жоққа шықты?
4. Неліктен Италия «Үштер одағы» шартынан шығып кетті?
5. Еуропадағы соғыстар Жапония қалай пайдаланып қалды?



1. Франс Фердинанд туралы мәлімет жина.
2. “Жасыл жылдамдығында женіс” деген сөзге назар аудар. Ол тағы қай жерлерде қолданылған?
3. “Лузитания” кемесінің шөктірілуін түсіндіріп бер.
4. Ұлы Британияның мемлекет қайраткері Ллойд Жорждың төмендегі сөздеріне шолу жаса:  
«Тарих өзінің бір беткей қайсағымен қарулас орыс жолдастарын апатқа душар еткен Франция мен Ұлы Британияның әскери қолбасшылығынан жауап талап етеді. Дегенмен, олар орыстарды онай ғана құтқаруы мүмкін еді».

## 36-§.

## 1916 – 1917 жылдардағы соғыс

**Верден шайқасы**

Германия басшы топтары Ресейді жеңе алмаған соң, бар күшін Батыс фронтқа бағыттады. Бұдан Франция тағдырын үзілді-кесілді шешу мақсатын көздеген еді. Сондыктан Германия Францияның Верден бекінісіне шабуыл жасады. Өйткені бұл бекініс Париждің жолына кедергі болып тұратын. Германия әскерінің шабуылы 1916 жылы 21 ақпанда басталды да 21 наурызға дейін созылды. Немістің жаяу әскерлері шабуылға қотерілгенде француздар күтілмеген жағдайда оларға зенбіректен қатты оқ жаудырды.

Неміс әскери небары 7 км ғана алға қарай жылжи алды. Германия әскерінің Верден бағытындағы соғыс екпінін төмендету мақсатымен Францияның бас қолбасшысы немістердің Сомма өзені жағалап өткен қорғаныс сзығын жарып өтуге бел байлады. Француз және ағылшын әскери Сомма өзені бойында шабуылға өтті. Бұл қанды шайқас қарашаға дейін созылды.

Бұл шайқаста ағылшындар соғыстар тарихында бірінші рет тағы бір жаңа қару – танкіні қолданды. Болаттан жасалған бұл үрейлі қару дүшпан әскерін бастапқыда қатты абыржытып қойды. 1916 жылы 21 желтоқсаннан бастап неміс әскери қорғаныска өтуге мәжбүр болды. 21 желтоқсанда Верден шайқасы аяқталды.

Верден және Сомма шайқастары тендессіз дәрежедегі қанды қырғын шайқас болды. Онда екі жақтан 2 миллионнан астам жауынгер қаза тапқан. Верден шайқасының тарихқа «Верден қырғыны» деген атпен енүі текке емес.

**Шығыс фронттағы жағдай**

Германия әскери 1916 жылы ақпан айында Батыс фронтта шабуылға өткен соң, Франция көмек сүрап тағы Ресейге баруға мәжбүр болды. Бұған жауап ретінде генерал А.А.Брусилов қолбасшылығындағы орыс әскері мамыр айында шабуылға өтті. Австрия-Венгрия әскерінің Галициядағы фронты жарып өтілді де Австрия-Венгрия әскеріне қатты соққы берілді. Орыс әскерінің шабуылы нәтижесінде, Австрия-Венгрия әскерінің 1 миллионнан астам жауынгері қаза болды. Ал 400 мыннан астамы тұтқынға алынды. Орыс әскері алға жылжи берді.

**Румынияның соғысқа кіруі**

1914 жылы қазанда Ресей-Румыния шарты жасалған еді. Шарт бойынша Ресей Румынияның аумақтық бүтіндігіне кепілдік беретін болды. Сон-

дай-ақ, Румынияның Австрия-Венгрия империясындағы румындар жасайтын аумақтарға болған құқықын тән алды.

1916 жылы тамызда Румыния мен Антанта мемлекеттері ортасында шарт жасалды және Румыния Австрия-Венгрияға қарсы соғысқа кіру міндеттемесін алды. Мұның есесіне оған Трансильвания, Буковина және Банаттың үлкен бөлігі уәде етілді. 28 тамыз күні Румыния Австрия-Венгрияға қарсы соғыс жариялады.

Бірақ өскери жағынан мықты өзірлік жасамаған Румыния өскери тез женіліп қалды.

### **Бағыттардың жоспарлары**

1917 жылдың бас кезінде айлық оқ-дәрі мен өскери техника шығару бойынша ең басында-ақ шабуыл бастауды жоспарлады. Ал шешуші сокқыны жазда бермекші болды.

Сондай-ақ, «Төрттер одағы» да кол қусырып қарап отырмады. 1916 жылы тамызда генерал-фельдмаршал фон Гинденбург Германия өскерінің қолбасшысы етіп тағайындалды да көп өтпей Германия өскерінің 1917 жылғы соғыс жоспарын тұзді. Жоспар фронт сызығының көлемін кемейту мақсатымен өскерді алдымен мықты дәрежеде өзірлеп қойылған нысаналарға қайтаруды көзделген еді.

### **АҚШ-тың соғыска енуі**

Соғыс басталған кезде АҚШ бейтараптық жариялаған еді. Бірақ АҚШ бірінші дүние жүзілік соғыстың барысын мұқият бақылап отырды. Сонымен қатар, соғысуышылардың біреуінің де толық женіске жетуін қаламады. Ол Еуропадағы мемлекеттердің бір-біріне дұшпан болып бөлінген күйінде қалуын тілейтін еді.

Соғыстың шексіз дәрежеде үлкен өскери қаражаттар талап етуі мен ұзакқа созылуы жағдайында АҚШ өте үлкен қаржылық мұdde көруі анық еді. Бұл мүмкіндікті қолдан шығарғысы келмеген АҚШ Антантаға жәрдем бере бастады.

Атап айтқанда, 1915 жылы АҚШ Ұлы Британия және Франциямен 500 млн доллар мөлшерінде қарыз беруі туралы шарт жасады. Бірте-бірте Еуропадағы 20 мемлекеттің АҚШ-тан қарызы 10 млрд долларды қамтыды.

1917 жылы 3 ақпаннан бастап, Германия Ұлы Британияға қарсы шектелмеген суасты соғысын жариялағандығы және бұл соғыстың, сон-

дай-ақ, АҚШ мүдделеріне де үлкен зиян жеткізгендігі АҚШ бас-шы топтарын немікүрайды қалдырмады.

Қолайлы сәттен пайдаланған АҚШ үкіметі 6 сәуір күні Германияға соғыс жариялады. АҚШ әскери күштерінің бастапқы бөлімдері маусымда Франция аумағына тасталды. Бір жылдан соң Батыс фронтта соғысып жатқан АҚШ әскерлерінің саны 2 млн-ға жетті. АҚШ-тың соғысқа кіруі соғыс тағдырын Антанта пайдасына шешу жолында үлкен алғышарт болды.

1. Германия Верден шайқасынан қандай мақсатты көздеген еді?
2. А.А.Брусиловтың Галиция фронты сызығын жарып өтуі қандай маңызға ие болды?
3. Сомма өзені жағасындағы шайқастың маңызы жайлы не білесін?
4. Румыния неліктен Антанта жағында соғысқа катысты?
5. Неліктен АҚШ тек 1917 жылы фана соғысқа кірді? АҚШ-тың соғысқа кіруі I дүние жүзілік соғыста қандай рөл ойнады?



1. Соғыстарда танкінің рөлі туралы реферат дайында. Олар қазір қандай маңызға ие?
2. Соғыста АҚШ қолданған құлық саясатының мәнін ашып бер.

### 37-§.

## Бірінші дүние жүзілік соғыстың қорытындылары мен салдарлары

### Соғысып жатқан мемлекеттердің жағдайы

Соғыс оның катысуышылары болған мемлекеттердің ішкі тіршілігіне өте үлкен кері әсерін тигізді. Экономика соғыс мақсаттарына бойсундырылды. Ауыр және женіл өнеркәсіптің негізгі бөлігі соғыс қажеттіліктерін қандыру үшін жұмыс істеді. Соғыс, сонымен қатар, ауыл шаруашылығын да ауыр жағдайға салып қойды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру шұғыл кемейді.

Дерлік барлық мемлекеттерде азық-түлік жетіспеушілігі жүзеге келді. Нәтижеде, үкіметтер азық-түлік өнімдеріне карточка тәртібін (қатаң белгіленген өлшемде) енгізді.

Халық арасында шовинизм бар күшін салып насиҳат жүргізе бастады. Солайша, соғыс парламент демократиясына қатты соққы берді.

Бүкіл соғыс барысында бірде-бір парламент қанды қырғынға қарсы наразылық білдірmedі.

Енді мемлекет өндірісті тәртіпке сала бастады. Банктер, шикізат бөлінісі мен әскери тапсырыстар бойынша мемлекет үкіметінің бақылауы күшейді.

Софыстан шаршаган халық соғыстың тезірек аяқталуын талап етіп, үкіметке қарсы бас көтере бастады. Сөйтіп соғыстың бастапқы жылдарында қоғамда орнатылған азаматтық бірлік бұзылды. Кейбір фронттарда әскерлердің жақындасуы, дүшпан жақтардың бір-біріне оқ атпауы болып жатты. Себебі әскер де соғыстан шаршаган еді.

**Ресейдегі жағдай** Соғыс Ресейдің экономикалық және саяси жағдайын шамадан тыс шиеленістіріп жіберді. Соның салдарынан, 1917 жылдың ақпан айында Ресейде төңкеріс болды. Ресей императоры тақтан бас тартуға мәжбүр болды. Үкімет буржуазия қолына өтті. Ол уақытша үкімет күрді.

Уақытша үкімет соғысты жалғастыруға шешім жасады және тіптен, сол жылдың жазында ол орыс әскерінің шабуылын да ұйымдастырды. Бірақ бұл шабуыл сәтсіздікке ұшырады.

Бұл сәтсіздік Ресейдегі ауыр саяси жағдайды күрделендіре түсті. Нәтижеде, 1917 жылы 7 қарашада мемлекет төңкерісі болды. Уақытша үкімет құлатылды. Үкіметті В.И.Ленин басшылығындағы большевиктер (коммунисттер) партиясы басып алды да ол Кенес үкіметі деп аталған үкімет түзді.

1917 жылдың 8 қараша күні Кенес үкіметі «Бітім туралы» декрет қабылдады.

Бітім-шарт туралы декретте басқыншылық соғысы қатаң қараланды және ол адамзатқа қарсы ең ауыр қылмыс деп жарияланған еді.

Кенес үкіметі кез келген жағдайда да сепараттық бітім-шарт жасауға ұмтылды. Өйткені әскер жауынгерлік рухын толық жоғалтқан еді және Шығыс фронт тігісінен сөгіліп кеткен жағдайда соғысты жалғастыру толық апатқа ұшыраумен тен еді.

1917 жылы желтоқсанда Кенестік Ресей мен Австрия-Германия қолбасшылығы арасында жарасу бітімі жасалды. Мұндай бітім Румыниямен де жасалған еді. Сөйтіп, Шығыс фронт қымылсыз тоқтап қалды.

**Басқа фронттардағы жағдай** 1917 жылдың сөуір айында Антантаның Батыс фронттағы қарулы күштері шабуылға өтті. Германияға қорғаныс сыйығын жарып өтудің сәті түспеді. Керісінше, бұл шайқастардың салдарынан үлкен құрбандар берілді. Бұл шабуылға Франция қарулы күштерінің Бас қолбасшысы Нивель басшылық еткені үшін «Нивель қырғыны» деп аталды.

1917 жылы Италия әскері сөтсіздікке үшінрады. Ұлы Британия мен Францияның асығыс түрде көмек күштерін Италия фронтына тастануы ғана Италияны сақтап қалды. 1917 жылдың қараша айында ағылшын әскерінің шабуылын қайтаруда Германия тағы бір жаңа қару — огнеминомётті қолданды.

Месопотамия мен Палестина фронттарында ағылшын әскерінің әрекеттері күштейді. 1917 жылдың наурыз айында ағылшындар Бағдат қаласын басып алды. Күзде Османды мемлекеті Арабстан түбегін толық, ал Палестинаның бір бөлігін қолдан шығарды.

**Кеңестік Ресейдің соғыстан шығуы** Кеңестік Ресей 1918 жылы 3 наурыз күні «Төрт-тер одағымен» олардың шарттары негізінде Брест бейбітшілік шартын жасады. Келісімшарттың шарттары Ресей үшін өте ауыр еді.

Шарт бойынша, Ресей өз әскерін толық демобилизация жасауы, әскери флотын порттарға қайтаруы керек еді. Сондай-ақ, Ресей Балтық жағалауы, Польша, Финляндия және Украинадан бас тартатын еді. Украина мен Финляндия тәуелсіз мемлекеттер деп тән алынды. Кавказдағы Карс, Ардаган және Батуми Османды мемлекетіне берілді. Бұдан тыс, Ресей Германияға 6 млрд. марка мөлшерде репарация төлейтін болды.

### **Вудро Вильсонның бейбітшілік бағдарламасы**

АҚШ президенті В. Вильсон 1918 жылы қаңтарда I дүние жүзілік соғыстан соң жасалынатын бейбітшілік шарты мен қайта жасалатын дүние жүзінің саяси картасы бойынша АҚШ үкіметінің көзқарасын дүниеге мәлім етті. Бұл көзқарастарихқа «Вильсон бейбітшілік бағдарламасы» деген атпен енген. Бұл бағдарлама кейінгі кезде жеңген Антантаның жеңілген «Төрттер одағымен» жасаған бейбітшілік шарттарына негіз болып қызмет еткен.

### **Соғыстың соғы басқышы**

Батыс фронтта әскерлерінің негізгі бөлімін топтаған Германия 1918 жылдың наурыз айында шабуылға өтті. Бұл оның соғы шабуылы болды. Бірақ бұл шабуыл табыс алып келмеді. Осында жағдайда Ұлы Британия мен Франция бірегей қолбасшылықта бірігуге шешім етті. Франция генералы Фош біріккен күштердің қолбасшысы етіп тағайындалды. Франция әскерлері қарсы шабуылға өтті. Антантаның шабуылын тоқтатудың ылажы болмады.

Қыркүйек айында Болгарияға құйрете соққы берілді. Ол соғысты тоқтатты да соғыстан шықты. Австрия-Венгрия жарасу бітімін тұзу туралы Антантаға мәлімдеме берді. З қараша күні сондай бітім түзілді

және Австрия-Венгрия да соғыстан шықты. 30 қазан күні Османды мемлекеті Антантамен жарасу бітімін жасауға мәжбүр болған еді.

Соғыс Германияда төңкерістік жағдайды жүзеге келтірді. 9 қарашада Германия империясы құлады. Император Вильгельм II тақтан бас тартты да мемлекеттен қашып кетті. 10 қараша күні Германияның социал-демократтық партиясының жетекшісі Эберт басшылығында жана үкімет түзілді. 11 қараша күні Компен орманында маршал Фоштың штаб вагонында Антанта мен Германияның бағынғаны туралы Антантамен бітім жасалды. Сөйтіп бірінші дүние жүзілік соғысы Антантаның жеңісімен аяқталды.

1919 жылы 28 маусымда Версальда бітім-шарты жасалды. Төрттер одағы мемлекеттері талан-тараж етілді, көп аумақтарынан айырылды, 132 млрд. марка репарация төлейтін болды. Бірінші дүние жүзілік соғыста дүниенің 38 мемлекеті катысты. Оларда 1,5 млрд-тан астам халық жасайтын еді. Соғысқа 74 млн-ға жуық адам шақырылды. Жалпы 10 млн-ға жуық адам опат болды, 20 млн-нан астам адам мүгедек, жарадар болды. Бұдан тыс, өте көп адамдар ауру мен аштықтан өліп кетті. Адамзат бірінші дүние жүзілік соғысына дейінгі 1000 жыл ішінде болған барлық соғыстарда да мұншалық құрбан бермеген еді. Бірінші дүние жүзілік соғысында оның негізгі қатысушылары болған мемлекеттер өздерінің ұлттық байлықтарының үштен бір бөлігін жоғалтты.



**Декрет** (латынша – қаулы) – жоғары үкімет басқару органы шығарған және зан күшіне ие қаулы.

**Репарация** (латынша – қайта қалпына келтіру) – халықаралық құқықта соғыста көрілген зиянды толық немесе жартылай қамту үшін жеңілген мемлекеттің женғен мемлекетке төленетін табан.

**Сепаратизм** (латынша – айырамын) – ажыралып шығуға ұмтылу. Сондай-ақ, Халықаралық құқықта одақтас мемлекеттердің бірі одактастар рұқсатынсыз және олармен келіспей тұрып, соғысып жатқан дүшпан мемлекетпен түзілген бітім.

**Бітім-шарт** – соғысты тоқтату үшін жасалған бітім. Халықаралық бітім шарттардың бір түрі.



1. Соғыстың соғысып жатқан мемлекеттердің ішкі жағдайына тигізген өсері туралы нелерді біліп алдың?
2. Кеңес үкіметінің «Бітім-шарт туралы декретінің» мазмұны туралы айтып бер.
3. Кеңестік Ресей қалайша соғыстан шықты?

4. Неліктен Брест бейбітшілік шартының шарттары өте ауыр болса да Кеңес үкіметі оған келісім берген?
5. «Төрттер одағы» құрамындағы мемлекеттердің бірінен соң бірі жеңілу үдерісі туралы айтып бер.



1. Соғыстың экономикалық жағдайға әсерін түсіндір.
2. «Бітім-шарт» туралы декреттің маңызы неден құралған?
3. Оғнемет деген не? Ол қалай қалыптасты?
4. Соғыста неге герман блогы жеңілгені туралы реферат дайында.
5. Төмендегі құжатты материалдың мазмұны жайлы пікір таластыр:

АҚШ президенті В. Вильсонның 1916 жылы шілде айында сөйлеген сөзінен:

«Біз дүниеде үлкен рөл ойнауымыз мүмкін. Сен бір пікірге мән беріп жатырсың ба, соңғы бір немесе екі жыл ішінде біз қарыз алған мемлекеттен қарыз беруші мемлекетке айналдық. Дүниедегі артықша алтынның соншалықты көп бөлігі біздің қолымызда болып тұр, мұндай алтынға бұрын ешқашан ие болмағанбыз. Осы кезден бастап біздің ісіміз қарыз беру, үлкен халықаралық кәсіпорындарға көмектесу және олардың жұмысын алға жылжыту болып қалды. Біздің бүкіл дүниені талай мөлшерде қаржымен қамтамасыз етуімізге және оны өз білгенімізше және өз қалағанымызша басқара алуымызға тұра келіп отыр».

IV  
БӨЛІМФЫЛЫМ ЖӘНЕ  
МӘДЕНИЕТ

XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ–XX ФАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ФЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

38-§.

### Материалдық өндірісте техника мен фылымның өркендеуі

**Ұлы жаңалықтар** Бұл дәуірде өндіргіш күштердің өскендігі және қоғамның талаптары артқандығының арқасында көлік, электр, құрылys, металлургия, машина жасау, тағы басқа салаларда ірі жаңалықтар жасалынды. Дүние жүзі мемлекеттерінде теміржолдардың көбеюі нәтижесінде паровоз жасауда ірі өзгерістер болды. Карапайым және құшсіз бу машиналарының орнына ішкі жанар двигателі мен электр двигателдері жасалды. Электр двигателін бастапқыда көлікті пайдаланылды. 1895 жылдан Ұлы Британия мен АҚШтың ірі қалаларында трамвай пайдаланыла бастады. Теміржолдарды электрлендіру саласында тәжірибелер өткізілді. Кемелер құрылышында болат кең көлемде қолданыла бастады.

**Электр** Электр өнеркәсібі жоғары дәрежеде өркендерен мемлекеттер жедел дамыды. Өнеркәсіптің дамуы фабрика, завод, сауда орындары мен мекемелердің жасанды жарықтарға болған талабын жыл сайын арттырып отырды.

1876 жылда орыс фалымы П. Н. Яблочков «электр шамы» деп аталған лампа ойлап тапты. Америкалық өнертапқыш Т. Эдисон ауасы сорып алынған көмір талшықты шоктану лампасын жасады.

Нью-Йоркте Эдисон құрған бірінші жылу электр станция жүздеген тұтынушыларды энергиямен қамсыздандырған.

Құрылys саласында үлкен өзгерістер болды. Енді металл мен өйнектерден кең пайдаланылатын болды. Сол себепті банктер, фабрикалар, базарлар, сауда дүкендері, вокзалдар, үй-жайлар, үлкен қонақүйлер құрыла бастады.

**Құрылystа металл және өйнектен пайдалану**

Құрылys жұмысында цемент үлкен мәнге ие болды. Бұл дәуірде жаңа құрылys материалы – темір-бетон пайда болды. Темір-

бетонды француз бағбаны Моне ойлап тапқан деп есептеледі. Ол темір-бетоннан үлкен гүл тұбектерін дайындаған.

Жаңа материалдар – темір-бетон, металл және өйнектердің көптеп қолданылуы құрылым сөүлеткерлігіне де өсерін тигізді. 1889 жылы Париждегі Әлем көрмесі үшін француз инженері Эйфель сол дәуірде орасан үлкен – тек металдан жасалған, биіктігі 300 метр мұнара құрды. Бұдан кейін келе Америкада биіктігі 400 метрлік көк тіреген ғимарат құрылсында пайдаланды.

Теміржол туннельдерін ашу және теміржол көпірлерін салу техникасы өте өзгеріп кетті. 1880 жылы Алп тауларындағы әйгілі Сен-Готард асуы астында 15 километрлік туннель құрылды.


Бұл дәуірде гидроқұрылым техникасы да өзгеріп кетті. Атлантика мұхиты мен Тынық мұхитын бір-бірімен ұштастыратын Панама каналы құрылды.

**Металлургия** Металлургия өнеркәсібін дамытпай тұрып жоғарыда айтылған құрылым техникасын даярлад болмайтыны белгілі. Металл еріту техникасы жетілдірілді. Металлургияда автоматтандыруды неміс фалымы Р.Кирхгоф жаратты. Пештердің сыйымдылығы артты. Шойынды болатқа айналдыру мәселесі шешілді. Өнеркәсіпке қажетті сульфат қышқылын өндіруде жаңа технологиялар пайда болды. Жасанды сода алудың аммиак тәсілі енгізілді.

1886 жылы электролит жолымен алюминий айырып алынды. XX ғасырдың бас кезінде Л.Бакеланд (Бельгия) пластмасса алу жолын тапты.

Бұл дәуірде машина жасау жедел өркендеді. Металдарды кесу үдерісін ғылыми жағынан тексеруге орыс фалымы И.А.Тим негіз салды. Электрмен дәнекерлеу тәсілін алғаш рет американлық электротехник Томсон қолданған еді.

**Мұнайды қайта өндеу** XIX ғасырдың соны және XX ғасырдың басында өнеркәсіптің маңызды салаларының бірі – мұнайды қайта өндеу өнеркәсібі жүзеге келді. Ішкі жанар двигательдерінің дамуымен, бензин алу ділгірлігі пайда



**Томас Эдисон**



### **Бірінші автомобиль. 1885 жыл**

жайский, ағылшын конструкторы Г.Филиппс, француз өнертапқышы К.Адерлар үлкен үлес қости. 1903 жылы ағалы-інілі Уилвер мен Орвилл Райттар ұшақта ұшты. Цифрлы есептейтін машиналарды ағылшын Шарльз Бэббиж (Англия), тігін машиналарын бағдарламалауды Жозеф Мари Жаккард (Франция), ұшақтарды автоматты басқаруды Л.Сперри (АҚШ), ракетапланды Н.И.Кибальчик (Ресей) жаратты.

**Радиотелефон** Техника саласында жасалынған ең ұлы жаңалықтардан бірі радионың ойлап табылғаны болды. Неміс ғалымы Г. Герс электромагнит толқындарының таралуын дүниеде бірінші болып тәжірибе жолымен дәлелдеді. Орыс ғалымы А.Попов сымсыз байланыс үшін электромагнит толқындарын шығару және қабылдау әдісін тапты, сондай-ақ, тиісті аспаптарды (беруші және қабылдаушы) жаратты. Солайша радиоға негіз салынды. Ұлы Британияда Г.Маркони сымсыз телеграфты ойлап тапты.



**А. С. Попов.**

боды. Бензинмен істейтін жеңіл двигательдер жасау саласында неміс ғалымы Готлиб Даймлер үлкен жетістіктерге жетті. Ол автомобиль, моторлы қайық, мотоциклге орнатылған двигательдерді жаратты.

1897 жылы П.Дизель жанар май сығылғанда өзінен-өзі от алып кеттін жаңа двигатель жасады. Алғашқы аэропландарды жарату да орыс өнертапқышы А. Ф. Морозов (А.Ф. Морозов) 1903 жылы ағалы-інілі Уилвер мен Орвилл Райттар ұшақта ұшты. Цифрлы есептейтін машиналарды ағылшын Шарльз Бэббиж (Англия), тігін машиналарын бағдарламалауды Жозеф Мари Жаккард (Франция), ұшақтарды автоматты басқаруды Л.Сперри (АҚШ), ракетапланды Н.И.Кибальчик (Ресей) жаратты.

Техника саласында жасалынған ең ұлы жаңалықтардан бірі радионың ойлап табылғаны болды. Неміс ғалымы Г. Герс электромагнит толқындарының таралуын дүниеде бірінші болып тәжірибе жолымен дәлелдеді. Орыс ғалымы А.Попов сымсыз байланыс үшін электромагнит толқындарын шығару және қабылдау әдісін тапты, сондай-ақ, тиісті аспаптарды (беруші және қабылдаушы) жаратты. Солайша радиоға негіз салынды. Ұлы Британияда Г.Маркони сымсыз телеграфты ойлап тапты.

XIX ғасырдың ақырында техниканың жаңа саласы – телефон жедел дамыды. Шотландияда туылып, Америкада жасаған техник А.Белл телефон аппаратына тұнғыш рет қуәлік алды. Телефон басқа көптеген ойлап табылған жаңалықтарға қарағанда дерлік барлық мемлекеттерде тез әдетке енді. Алғашқы қалалық телефон станциясы АҚШ-та іске қосылды. Содан соң Париж бен Берлинде телефон станциялары ашылды.

Т.Эдисон дауыс жазып алу және оны қайтарып естірту аппараты – фонограф жасап шығарды. Фонограф негізінде граммофон мен басқа механикалық тәсілде дауыс жазып алу үшін қолданылатын аспаптар пайда болды.

**Әскери сала** XIX ғасырдың соңынан бастап дүние жүзін қайта бөлу үшін күрес басталуына байланысты әскери сала мен экономика арасындағы байланыс теренеді. Машиналандырылған өнеркәсіп бірталай аса маңызды әскери-техникалық жаңалықтарды жүзеге асыру мүмкіндігін берді.

Бұл дәуірде барлық мемлекеттерде дала әскерлері мен дала артиллериясының саны үздіксіз өсе бастады. Бұл жағдай жаяу және артиллерия әскерлері үшін қару-жарап шығарудың сан және сапа жағынан тез өсуіне себеп болды.

Сол дәуірде оқшантайлы тезатар мылтық ойлап шығарылды. Бірақ тұтінді порох (жарылғыш заттек) қолданылуы бұл мылтықтың жауынгерлік сапаларын төмендететін еді. Оқшантайлы мылтықтан тез-тез ату кезінде тұтіннің тарауына үлгере алмай, атуышыларға нысан жақсы көрінбейтін. Сөйтіп әскери жұмыс қолданысы тұтінсіз порох табу міндеттін қойды.

1884 жылы француз фалымы Вьеле пиroxилинді тұтінсіз порох әзірлеуді ойлап тапты. Ресейде Д. И. Менделеев француздардан дербес түрде тұтінсіз порохтың сырын тапты. Көптеген мемлекеттерде тұтінсіз порох шығару қолға алынды.

Мылтықтың жетілдірілуі және порохтың жақсартылуымен бірге жақсы қаруланған, көп санды әскерлердің қысымына қарсылық көрсететін жауынгер әскерлер жүзеге келді.

Францияда тезатар көшпелі зенбіректердің, сондай-ақ, бөлшектейтін жарылғыш заттектердің пайда болуы жасақтың жауынгерлік сапасын арттырды.

Жана жарылғыш зат дайындау саласында швециялық инженер А. Ноель әлемдік жаңалық ашты. Ол 1888 жылы көпжылдық ізденистері нәтижесінде динамит жаратты.

Бірінші дүние жүзілік соғысы қарсаңда оқатар қарулар мен артиллерия едәуір жетілдірілді. Станокты пулеметпен бірқатарда соғыс барысында женіл қол пулеметтері де шығарылды. Тым ұзакқа ататын зенбіректер пайда болды. Ішкі жанар двигателі орнатылған, шынжырлы, тісті артиллериямен қаруланған танк шайқас үстінде бірінші рет ағылшындар қолданды. Танк үрейлі соғыс құралына айналды.

XX ғасырдың бастарында сафатына 220 км-ге дейін жылдамдықпен ұшатын, ұшу биіктігі 7000 метрге дейін, ал ұшу ұзақтығы 900 км-ге дейін болған ұшақтар құрылды.

Сөйтіп бұл дәуір ғылыми-техниканың жедел өркендеуімен сипатталады.



1. XIX ғасырдың 70-жылдарында дүние жүзінің ірі дамыған мемлекеттерінде техниканың даму дәрежесі нелерге негізделді?
2. Қай мемлекеттерде көлік пен теміржолдар ең маңызды, стратегиялық мәнге ие салалар ретінде қаралды?
3. Ұлы өнертапқыштардан кімдерді білесін? Олар ғылымның дамуына қандай үлес қости?
4. Бірінші ұшақты кім ойладап тапты және тұнғыш ұшақ нешінші жылы аспанға ұшты?
5. Ұзақ қашықтықтарды жақын ету мақсатында телефон аппараттары қашаннан бастап іске түсірілген?
6. Радионы ойладап тапқан өнертапқыш кім? Қазіргі кунде радионың орны қандай?



1. Қазір дүние электрсіз жасай алады ма? Пікір таластыр.
2. Не себептен Өзбекстанда атом электр станциясы құрылып жатқандығын фактілер арқылы негіздел бер.
3. Альфред Нобель туралы реферат өзірле.

### 39-§.

### Анық және жаратылыс ғылымдардың дамуы

#### Табиғат ғылымының дамуы

XIX ғасырдың соны және XX ғасырдың бас кезі – қазіргі заман табиғат ғылымының өркендеуіндегі ең маңызды дәуірлерден бірі.

Табиғат жөніндегі ғылымдардың әр түрлі салаларында төнкерістік жаңалықтар жасалған, әлем жайлы көне түйсіктердің тамырын қырыққан дәуір болып табылады.

Бұл дәуірде табиғат ілімінің өркендеуі кейбір мемлекеттер арасында экономикалық бәсекенің күшеюі мен дүние жүзінің жаңа аумақтарына экономикалық жағынан кіріп баруға ұмтылуымен байланысты болып саналады.

Табиғат жөніндегі анық ғылымдар бұл дәуірде де кең көлемдегі тәжірибе негізінде дамыды және бұл іс жүзіндік тәжірибелі жаңа ғылыми жаңалықтар сәулесімен байытты.

Қарастырып отырған дәуірден ғылым мамандандырыла түсті және ғылымның жана-жана арнайы салалары жүзеге келді. Бұрын бөлек алынған ғылымдар өзара бірікті. Солардың қатарында, физика мен химия шекарасында еркін физика-химия пайда болды. Бұл дәуірде жасалынған жаңалықтар XX ғасырдың екінші жартысындағы ғылым-техника төңкерісіне (FTT) жол ашып берді. Білімдердің жаңа саласы техникалық ғылымдар дүниеге келді. Олар, негізінен, өткен дәуірдің ғылыми жетістіктері негізінде өндірісті жетілдіру ділгірліктерімен айналысадын еді.

Ғылымның өркендеуі өлемнің бірлігі жөніндегі идеяны алға қойды, ал екіншіден, өлем жөніндегі білімдеріміз салыстырмалы, деген қорытындыға алып келді.

### **Математика, химия, физика**

Математика саласындағы ұлы жаңалықтар орыс фалымы Н. И. Лобачевский, итальян фалымы Й.Бельтрами, Австрия математигі Д. Гильберт және басқа фалымдардардың есімдерімен байланысты. Орыс фалымы Н.И.Жуковскийдің 1904 жылы жасаған жаңалығы казіргі заман аэродинамикасының дамуына негіз болды. Бұл қанаттың көтеру күшін анықтау формуласы еді.

Орыс фалымы А.С.Поповтың зерттеулері электромагнит толқындарынан сымсыз байланыс үшін кең көлемде пайдалану мүмкіндігін берді. П.Н.Лебедев ғылыми істерінің нәтижесінде электромагнит толқындарының ортақ шкаласындағы бос жай – әдеттегі радиотолқындар мен инфрақызыл сәулелер арасындағы бостық толтырылды. Лебедев жарықтың электромагнит теориясын дәлелдеді.

1870 жылы ағылшын фалымы У.Куркс сиретілген аудағы катод сәулелерін тапты. 1897 жылы ағылшын фалымы Ж. Томсон катод сәулелері теріс зарядты түйіршіктер – электрондар ағымы екенін тапты.

1888 жылы В.Галване теріс зарядталған металл пластинка доға лампа сәулесімен жарық түсірілгенде өз зарядын жоғатуды дәлелдеді.

Атом түйіршіктерін теренірек зерттеуге орыс фалымы Д.И.Менделеев негіз салды. Ол 1869 жылы-ақ барлық химиялық элементтердің атомдық салмақтары арасында байланыс бар екендігін тапты және өзінің есімімен аталатын тұракты кезеңдік жүйені жасады.

Атомның ішкі құрылышына кіріп ба-  
ру сәулеленуді зерттеумен байланысты  
еді. Француз физигі А.Беккерель бұл құ-  
былысты зерттегендеге, уран атомдары жа-  
қын жерде түрған денелерден өтіп кете-  
тін сәулелерді өзінен шыгаратынын анық-  
тады. Кезектегі жаңалықты Парижде М.Скло-  
довская-Кьюри тапты. Тәжірибелер үде-  
рісінде ол өзінен сәуле шығару тек уран  
атомдарына ғана тән емес, деген қорытын-  
дыға келді. Белгілі атомдардың бұл қаси-  
етін ол радиоактивтік деп атады. Ол  
жұбайы – атақты француз физигі П. Кью-  
римен бірге кейбір радиоактивтік эле-  
менттер уранға қарағанда интенсивті-  
леу сәуле шыгаратынын дәлел деген. Ер-  
лі зайыпты Кьюрилер осындай екі эле-  
ментті айыруға қол жеткізді. Бұл элементтер полоний (М. Скло-  
довская-Кьюри отаны құрметіне, себебі ол Польшадан еді) және  
радий (яғни сәулеленуші) деп аталды.

Фалымдар атом заттың ең кіші бөлшегі еместігіне көз жеткізе  
бастады. XX ғасырдың бас кезінде бірінші микробөлшек – электронды  
тапты. Көп өтпей радиоактивтік элементтер бөлшектенген кезде сол  
электрондар бөлініп шыққандығы белгілі болды. Ағылшын физигі  
Е.Резерфорд барлық атомдар ауыр ядроға ие екендігін дәлелдеді. Ол  
атомның планетарлық моделін жасады, бұл модельде ядро («күн»)  
айналасында электрондар («планетарлар») айналатын еді.

Даниялық физик Н.Бор түзету енгізді, яғни оның моделіндегі  
электрондар бір орбитадан екіншісіне секіріп өтіп мұнда энергия  
порциясын (квант) шығарды. Бұл классик Ньютон физикасымен  
біржола айырылысу еді және классикалық физиканың зандары  
микродүние үшін тұра келмей қалғандығын көрсетеді.

Сонымен қатар кеңістік пен уақыттың өзара шамасы жөніндегі  
ғылыми болжам да өзгеріп отырды. 1905 жылы неміс фалымы А. Эйн-  
штейн салыстыру теориясының негізгі идеяларын жариялады. Денелердің  
үлкендігі мен уақыттың ұзақтығы салыстырмалы, деп дәлелдеді ол,  
кеңістік пен уақыттың ерекшеліктері материалдық объектілердің әрекетіне  
байланысты болып табылады. Жылдамдық жарық жылдамдығына  
жуықтағанда уақыттың өтуі баяулайды, денелердің үлкендігі қысқарады.



Альберт Эйнштейн.

Биологияда да түпкі жылжулар болып жатты. Г.Мендельдің кейбір нәсілдік зандарын табуы жаңа ғылым – генетиканың дамуына негіз салды. Сол дәүірде пікірлеудің материалдық негіздерін білуге деген бастапқы адымдар қойылды. Орыс физиологы И.П.Павлов адамның іс-әрекетінің негізінде бас ми қабығында болатын материалдық физиологиялық үдерістер жатуын дәлелдеді. Себебі пікірлеу үдерісі жоғары дәрежеде құрылған материяның жеке қасиеті болып табылады.

Органикалық синтез саласында орасан зор жетістіктер қолға енгізілді. В. Гринъяр 1900 жылы алуан түрлі органикалық заттарды синтездеу тәсілін тапты. П. Гристің диазоттау реакциясын ойлап табуы азотты бояулар деп аталған бояулардың үлкен бір сыныбын жасауға мүмкіндік берді.

Бояуларды синтездеу саласындағы жұмыстар дәрілер жасап шығарудың дамуына көмегін тигізді. Химиялық үдерістерді тексеруге термодинамиканың енгізілуі нәтижесінде, химиялық термодинамика пайда болды. 1887 жылы швед фалымы С. Аррениус электролитикалық диссоциация теориясын жаратты. Ал 1881 жылы М. Г. Кучеров гидраттану реакциясын ойлап тапты.

**Табиғаттану** Неміс фалымы Т. Шван жасаған барлық ағзалардың жасушалық құрылышы туралы ашқан жаңалықтары табиғаттанудың ғылыми негізін нығайтуға қызмет етті. Ұлы ағылшын табиғаттанушы фалымы Шарль Дарвиннің «Тұрлардің келіп шығуы» еңбегінің басып шығарылуы ғылымда төңкеріс жасады. XIX ғасырдың соңғы ширегін дарвинизмнің таралу және орнау дәуірі деуге болады. Дүние жүзін айналып шыққан бес жылдық саяхат дәуірінде жиналған ботаникалық және зоологиялық мол материалдарын жалпыландыру негізінде Ш.Дарвин бүкіл тірі табиғат, соның ішінде, адам да, эволюциялық (ұзак даму) үдерістің нәтижесі болып табылады, деген қорытындыға келді.

**Микробиология** Микробиология ғылымындағы төңкерістік өзгеріс француз микробиологы және химигі, қазіргі заман микробиология мен иммунология ғылымының негізін салушы Луи Пастер атымен байланысты. Ол ашыту үдерісін зерттеп, вино, пиво және басқа өнімдер өндіру өнеркәсібіне ғылыми негіз салды. Өнімдердің ашу үдерісі микробтар келтіріп шығаратын биологиялық үдеріс екенін дәлелдеді. Пастердің тәжірибелері әр түрлі азық-түлік өнімдерін стерильдеу және пастерлеу тәсілдерін жарату үшін үлкен маңызға ие болды. Ұлы фалым адам, жануар мен құстардың жұқпалы аурулары – күйдіргі, құтыру, тырысқақ, тағы да басқаларды



Вильгельм Рентген.

зерттеп, олардың (әсіресе, құтырудың) алдын алатын емдеу тәсілдерін тапты. Оның ізденулері иммунитет туралы ғылымның жасалуына негіз болды.

Сол дәүірде медицина ғылымы да үлкен жетістіктерге жетті. 1880 жылы неміс ғалымы К. Эбер іштерлеме, 1884 жылы Ф. Лёффлер алқындыруыш микробты тапты. Неміс ғалымы Р. Вирхов қазіргі заманғы патологиялық анатомия негіздерін жасады. 1875 жылы орыс ғалымы Ф. А. Леш амёба дизентериясын тузызатын микробты анықтады.

Физика саласындағы жаңалықтар да медицинаға көмек берді. Максвелдің электромагнит толқындары туралы теориясына негіздел, 1895 жылы неміс физигі Вильгельм Конрад

Рентген әр түрлі бұйым; нәрселерден түрліше өтетін көрінбейтін сөүлелерді тапты. Сөүлелердің келіп шығуы мен қалай пайда болуы ғалымға мәлім емес еді және оларды «Х сөүлелер» деп атады. Сол жаңалыққа негізделген және ғалымның атымен «Рентген» деп аталған аппарат жасалды. Енді дәрігерлер ішкі жарақаттарды, сынған сүйекті көруі мүмкін еді. Бұл жаңалық үшін физиктер арасында бірінші болып Рентгенге Нобель сыйлығы берілді.

Химия саласындағы жаңалықтардан да дәрігерлікте өнімді пайдаланылды. Өнеркәсіпте сабын алу тәсілінің табылуы, одан ауруханаларда, әсіресе, хирургтар пайдаланғанда, операциялар кезінде инфекция қаупін кемейтті.

Жұқпалы ауруларға қарсы құрес ісіне өкпе ауруын тудыратын бациланы тапқан неміс ғалымы Роберт Кох (1843–1910) үлкен үлес қости. Ол эпидемияларға қарсы профилактикалық шарапарды ойлап тапты және дәрі-дәрмектер жасады. Ал орыс ғалымы, Нобель сыйлығының лауреаты И. Мешников ағзаларды микробтардан қорғау туралы жана білім жаратты.



**Лім** (арабша сөз) – адамның оку, үйрену және өмір тәжірибесі арқылы арттырған білімі.

**Ғылым** (арабша сөз) – дұрыстығы іс жүзінде дәлелденген, табиғат және қоғам зандарын ашып беретін және айналады ортаға өсереттін білімдер жүйесі.

**Стерилизация** (латынша – таза) – дәрігерлік және биологияда түрлі заттар, байлау материалдары, азық-тұлік өнімдерін зиянды микроағзалардан толық тазалау.

**Пастерлеу** (автор Пастер атынан алынған) – зиянды микроағзаларды өлтіру үшін сүйықтықты 60°–80°C-қа дейін қыздыру және оларды тез сұту.

**Бацилла** – ауру қоздыруышы және таратушы микроағза (микробтаяқша).

1. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезінде ілім-ғылым дамуына себеп болған ғалымдарды атап өт.
2. Физикағылымында қандай жаңалықтар іске асырылды?
3. Химияғылымы саласындағы жаңалықтарды іске асырган атақты ғалымдардың еңбектері туралы нелерді білесін?
4. XIX ғасырдың соны–XX ғасырдың бас кезінде қайсы жаңа ғылым салаларына негіз салынды?



1. Қоғам тіршілігінде ғылымның қандай манызы бар? Пікір таластырып.
2. Генетика қазір қай жерлерде қолданылып жатыр?
3. Ш.Дарвиннің теориясына қазір қалай қаралады? Эволюция ше?
4. «Дүние жүзі тарихы» оқулығының осы тақырыбында алған мәліметтеріндегі физика, химия және биология оқулықтарыннан алған мәліметтермен толтырып. Сенде пайда болған кейбір ой жүгіртулер мен сұраптар бойынша оқытушыларынан сұра.
5. XIX ғасырдың соны–XX ғасырдың бас кезінде неге елімізден дүниеге әйгілі бір табиғаттанушы ғұлама жетіліп шықпаған?

#### 40-§.

## Халыққа білім беру. Гуманитарлық пәндер. Өнер

### Халыққа білім беру

Техниканың дамуы жоғары деңгейдегі ма-ман мен жұмысшыларға болған талапты күшеттіп жіберді. Дамыған мемлекеттерде 12–13 жасқа дейінгі балаларды жалпы мәжбүри және тегін оқыту енгізілді. Бұл алғышарт халық сауаттылығының артуына алып келді.

Женілдетілген оку орындарының салалары кеңейді. Бірақ халықтың негізгі бөлігі нашар жасағандығы, нашар үй-жай жағдайлары, бала кезінен тіршілік үшін акша табу қажеттілігі мемлекеттерде көп балаларды оқуды соңына жеткізбей мектепті тастап кетуге мәжбүр ететін.

Сонымен қатар, білім беру саласындағы кері жақтарды да көрмеу мүмкін емес еді. Кейбір мемлекеттерде жастарды ұлтшылдық, нәсілшілдік рухында тәрбиелеуге мән берілген еді.

Атап айтқанда, Америка Құрама Штаттарында халық ағарту жүйесі нәсілшілдік рухында еді. Қара тәнділердің балалары үшін бөлек мектептер ашылған, бұл мектептер ак тәнділердің балалары үшін ашылған мектептердегіге қарағанда кем көлемде білім берілетін. Мектептерде болып жатқан нәсілшілдікке қарсы құрес мәселесі Гарриер Бичер-Стоудың «Том ағайдың лашығы» шығармасында айқын көрінген.

Бұл дәуірде Шығыста халыққа білім беру саласында Батыстың жетістіктері насиҳаттала бастады. Еуропа ықпалы күшейді.

ХХ ғасырдың бас кезінде қоғам дамуы үшін қажет болған табиғи пәндердің жедел дамуы, техниканың жылдамдай түсіү діни ескішілдіктен арылған ғылыми көзқарастың беделі нығаюы үшін жағдай туғызды. Гуманитарлық пәндерде, бірінші кезекте, философия, экономика теориясы, әдебиет және социологияда реалистік шындықты бейнелейтін шығармалар жүзеге келді. Көптеген ғалым мен жазушылар адамдардың жақсы жасауы үшін, демократия, тенденкті қамтамасыз ететін қоғам орнату мақсатында соған бағытталған идеяларды сипаттайтын және қадірлейтін шығармаларды жүзеге келтірді. Бірақ қайтіп болса да байлық топтауға өрекет етуді көрсететін шығармалар да пайда болды.

Бұл дәуірде мәдениет, әдебиет және өнердің демократиялық негізде дамуы үшін жағдай жасалды. Әсіреле, бұл нәрсе әдебиетте айқын өз көрінісін тапты. Сол себептен сыншыл реализм және натурализм пайда болды.

### **Философия және отаршылдық идеялары**

Бұл дәуірде философия пәні де дамып, дәүрге сәйкестенді. Бұрын ағартушылық күшті болса, енді адам құқықтарына баса мән берілді. Ғылымның дамуы мен оның қоғамдағы орнын белгілеу, барлық әлеуметтік ділгірліктерді шешуде пәннің онтайлы жағдай екендігін дәлелдеу күшейді.

Сол дәуірдің атақты философтарынан бірі Фридрих Ницше адам жігери мәселесіне үлкен мән берді. Адам болмысында мақлұқтық пен жаратушылық бірігіп кеткенін дәлелдеуге тырысты. Ол зардыштилік ықпалы астында «Зардышт өтініші» шығармасын жазды. Бұл шығармада күшті тұлғаларды тәрбиелеу идеясы алға қойылды.

О.Шпенглер «Еуропацентризмге» қарсы шықты. Әрбір мәдениеттің өзіне тәндігі, бір-бірінен бөлек күйде даму идеясын жетілдірді. Бұл пікірлер оның «Еуропа күнінің батуы» шығармасында өз сипатын тапты.

3. *Фрейд* – психоанализ теориясының негізін салушысы, әлемге әйгілі фалым. Оның шығармалары XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың бас кездерінде Еуропада әдебиет пен өнердің дамуына үлкен әсер етті. Фрейд жасаған ұлы төңкерістің мәні ол Декарттың адам жөніндегі болжамдарын жокқа шығарып, феноменологиялық (төтенше, ерекше) жанасу қомегімен санасыздықты талқылау мүмкіндігін негіздел берді. Психоанализ дәстүрлеріне сәйкес, санасыздық білуге болмайтын үдеріс деп түсіндіріletін.

Тарихи дамудың кезеңдік моделі, дүниедегі діндердің (буддалық, христиандық, исламдық) барлық халықтарды жақындастыруышы және біріктіруші басты алғышарт болатын идеялары алға қойылды.

Сөйтіп, шіркеу ұждан бостандығы, діни нанымдылық бостандығы, барлық діндердің тенденциясындағы қафидаларына тәзімділікпен қөндіге бастады.

Көптеген жазушылар өз шығармаларында теніз бен мұхиттар «қожасы», «күні ешқашан сөнбейтін» империя болмыс Британия империясын көкке көтеріп мақтады. Олар, «ак тәнді адам» басқалардан үстем болады, «түсті» халықтар арасына мәдениет алғып кіруге дайын тұрады, деген қафиданы алға қойды. Сондай идеялар ағылшын жазушысы Р. Киплингнің «Ақ тәнді адамның борыш қасіреті» кітабында да кездеседі.

**Саз өнері** Саз өнерінде реализм мен халықшылдық декаденттер сияқты нәзіктікке және түрі жағынан күрделілікке қарсы құресте дамыды. Бұл дәуірде Мюнхенде австриялық отбасында туылған сазгер Рихард Штраус «Саломея», «Электра», «Гүлдер ғашығы», австриялық симфонист Густав Мальер «Қаза болған балалар туралы ән», «Баланың сикырлы мүйізі» және басқа шығармаларымен даңқы артты.

R. Штраус моцартша операны қайта қалпына келтірді. Оның шығармалары өміршендігі, адамшылығы, сұлулықты шырқауымен ерекшеленіп тұрады. Бетховен дәстүрлерін Г.Мальер дамытты. Мальер саздық шығармалардың әлеуметтік маңызын жогарыға көтерді, күрделі саздық тақырыптар мен қарапайым халық қүйлерін үйлестіре алды.

Ресейлік сазгер А.М.Скрябин саз өнерінде дәуірдің идеясы мен бейнелерін көрсете алды. Сазгер, пианиношы және дирижёр С.В.Рах-

манинов бай күйлер арқылы отан тақырыбын романтикалық пафос және лирикамен ашып берді.

**Бейнелеу өнері** Суретшілікте бірнеше жаңа ағымдар пайда болды.

Бұл жаңа ағымдардың бірі импрессионизм (әсер) еді. Бұл ағымға енген суретшілер шындықты, байқаудан алған әсерлерін таза күйде көрсететін. Эдуард Мане, Клод Моне, Огюст Ренуар және Камил Писсаро импрессионализмнің ең талантты қайраткерлері еді. Олардың нәзік бояулар үйлесімділігі бейнеленген шығармаларында өмірге шексіз сүйіспеншілігі бейнеленген. Олар құннің нұрын, кеңістік пен терендікті көрсетудің жаңа техникалық құралдарын тапты. Бірақ олар адамның ішкі дүниесі, оның әлеуметтік тіршілігіндегі орнын көрсетуді мақсат етіп қоймаған еді.

Суретшілікте ақиқат өмірді бүкіл болмысымен көрсету ағымы да бар еді. Бұл салада Пол Сезанн, Пол Гоген және Винсент Ван Гог еңбекші халықтың арнайы орындардағы суретін көрсете алды. Өйткені олар жұмысшылардың азап-қызыншылықтарынан қатты әсерленген еді.

Атақты қытайлық суретші Жен Боньян жібек матаға сурет салудың қолайлы тәсілін жаратты. Ұлы француз мұсіншісі О.Роденниң «Ойышыл» деген шығармасына қарап ешкім адамның декаденттер сендермекші болғаны сияқты, «жоғары» күштер қолында ойыншық екендігіне нанбайды.

Жалпы, қорыта айтқанда, гуманитарлық ғылымдар, әдебиет пен өнер дәуірдің қажеттілігіне айналды және түрлі идеологияның қалыптасуына қызмет етті.



**Гуманитар** (французша – адамшылық табигат, білімділік) – адам жеке басына, адам құқықы мен мұddeлеріне тиістілікті білдіретін ұғым.

**Гуманитарлық ғылым** – адам және оның өмірін, мәдениетін зерттейтін ғылымдар (мәселен, тарих, философия, тілтану, әдебиет, тарых басқалар).

**Еуропацентризм** – барлық мәдениеттерді европаландыру идеясы.

**Индивид** – жеке адам, тұлға.

**Психоанализ** – австриялық дәрігер және психологияның 3.Фрейд алға қойған жүйке ауруларын емдеу әдісі. Фрейд теориясы бойынша, адамның психологиялық тіршілігі тұма, санасыз бейімдерге байланысты. Адамның әртүрлі рухи бастаң өткендері, іске аспаған тілектері жоғалып кетпейді. Олар сана шенберінен шығып, сана-сыздық күйіне өтеді және адамның рухи өміріне белсенді әсерін тигізеді. Бұл жағдай жүйкенің жұқаруында байқалады. Оны емдеудің негізгі әдісі – бейімділікті табиғильтан өзге жолмен қанағаттандыру

немесе оларды басқа қызмет саласына (мәселен, шығармашылық, саясат, енбек, тағы басқа) көшіру болып табылады.

**Философия** – табиғат, қоғам және түйсік дамуының жалпы зандары туралы ғылым.

- Халыққа білім берудің дамуына ұнамды әсер еткен алғышартты атап бер.
3. Фрейд теориясында қандай идея басым еді?
- Отаршылдықты актаған жазушылар өз пікірлерін қандай идеялармен негіздеген?
- Бейнелеу өнерінің қайраткерлері туралы айтып бер.



- Сол дәуірдегі халыққа білім беру мен қазіргі дәуірдегі халыққа білім беруді салыстыр.
- Неге Шығыста Батыстағы сияқты дәл пәндер дамымады? Бұл салада діннің рөлі қандай? Түсіндір.
- Қазіргі мұсылман әлемінен қандай ұлы адамдар шыққаны туралы мәліметтер жина.

## 41-§.

## Әдебиет

**Сыншыл реализм** XIX ғасырдың соны–XX ғасырдың бас кездерінде Еуропа мемлекеттерінің мәдени өмірінде реалистік ағым мен декаденттік ағым арасында күрес үдеді. Халық декаденттік рухында жазылған шығармаларды қабылдамады. Нәтижеде, тұрмысты жарқын бейнелейтін шығармаларға талап артты. Реалист жазушылар айналасындағы ақықатты батыл және шынайы көрсетуге тырысты. Сондықтан бұл дәуір реализм немесе «сыншыл реализм» атына ие болды. Бұл дәуірде орыс әдебиетінің қайраткерлері *Ф.М.Достоевский*, *Л.Н.Толстой*, *А.П.Чехов* шетелдердегі замандастары үшін реалистік шығармашылықтың жаңа мүмкіндіктерін ашып берді.

*Ги де Монассан* өзінің «Өмір», «Сүйіктім», «Монт-Ориол», тағы басқа шығармаларымен француз көркемдік дүниесінде көптеген әлеуметтік мәселелерді шеберлікпен алуан түрлі түстерде бейнелеген шығармашы болып табылады.

Америка жазушысы *Ж. Лондонның* шығармашылығы радикалдық ұмтылыстарымен ерекшеленеді. Оның «Темір табан» романында адамзат алдында тұрған апат немесе үрейлі азаптар алдын ала айтып берілді. Автобиографиялық сипаттағы «Мартин Иден» романында жазушы адаптациялардың жасанды мәдениетпен қайғылы қақтығысын ашып берді.



**Ф. М. Достоевский.**

Бұл дәуірде сатира үлкен маңызға ие болды. Неміс жазушысы, юморист *Г.Маннның* «Адал азамат» романы және «Империя» трилогиясына енген басқа шығармалары өте үлкен әшкере-леуші күш ретінде көрсетіледі. Оның беттерінде көптеген корольдар мен канцлерлерді, шенеуніктерді, мансапқорларды, халыққа қиянат жасағандарды, сондай-ак, уәлаяттардан шыққан шенеуніктерді, тіпті, император Вильгельм II ні көру мүмкін.

Сол дәуірдегі құрылымды сықақ етудің ірі шебері, атақты француз жазушысы *A. Франц* еді. Оның «Сильвестер Боннардың қылмысы»

шығармасында «Үшінші Республиканың» сарқыттары, басшы топтардың рухани бұзылуы, саясат қайраткерлерінің сатқындығы, монархтардың бұліктепі қатаң, әшкере құлқіге алынды. Атақты американлық сатирик жазушы *M. Твеннің* романдары, әңгімелері, мақалалары ашы және ызалы сатираға бай. «Аламан жасаушы Құрама Штаттар» мақаласының аты немесе «Сенатор тұрмеде отырмаған кездерінде заң шығаруши тұлға», «Халық қызметкерлері – параны бөлу үшін өз лауазымдарына сайланған тұлғалар» атты өткір сипаттамалардың өзі өте бағалы болып табылады.

Үнді гуманист жазушысы Рабиндранат Тагор философиялық тәрендігі және көркем кемелденуімен өзгешеленіп тұратын романдар, пьесалар, әңгіме және өлеңдерімен бүкіл дүниеге әйгілі болды. Оның бүкіл шығармашылығы ұлттық тәуелсіздікке жалынды үndeуден тұратын еді. Әсіресе, «Апат» романы танымалды болды. Қытайлық Лу Синнің шығармашылығы кедейлердің ауыр жағдайына шын жаңашырлық рухымен суарылған еді.

### Демократиялық әдебиет

Демократиялық әдебиет шығармашылары тендік пен әділеттік принциптерінің женіске жетуіне, адамның шығармашылық күштеріне, оның дүниені өзгерте алуына сенетін еді. Оның қайраткерлерінің бірі американлық жазушы *Г.Бичер-Стou* болған. Оның «Том ағайдың лашығы» романы дүние жүзі әдебиетінінің құнды шығармаларынан бол саналады. Романда XIX ғасыр Америка құлдары және құл иеленүшілерінің өмірі, олардың арасындағы қайшылықтар, құлдыққа карсы қара тәнділердің булігі шынайы көрсетілген. Оның «Мен және менің әйелім», «Біз және көршілеріміз» шығармаларында да Америка тұрмысы айқын бейнеленеді.

Жек Лондонның табиғатты бойсұндырған қаһарман туралы «Өмірге құштарлық», жұмысшы және диқандар тұрмысына арналған «Бір кесек ет», «Теніз бөрісі», тағы басқа шығармалары таңымалды.

Ағылшын драматургы Бернард Шоу өз шығармаларында қанаушылықты, мещандық құлықты, екіжүзділікті, жасандылықты қаралаған. «Қариялар үйінде», «Қару және адам», «Шайтанның шәкірті», «Майор Барбара» сияқты шығармаларында қофамдағы кемшіліктерді сынға алушмен бірге, әлеуметтік дамуға, әділеттілікке қызмет ететін құштерді зорлықшылдыққа қарсы қою идеялары алға қойылды.


Француз жазушысы *Виктор Гюго* өзінің «Үрейлі жыл», «Қорланғандар», «Токсан үшінші жыл» сияқты шығармаларында езгіге, надандық пен әділетсіздікке қарсы наразылық, басқыншылыққа ызакек, құрескер халыққа тілектестік білдіреді және қорланған бейнеткеш адамның қайғылы тұрмысы мен құресін бейнелейді.

Француз жазушысы *Жюль Верн* – ғылыми-фантастикалық романшылықтың ірі өкілі. Жазушы «Әуе шарында бес апта», «Жер орталығына саяхат», «Капитан Гранттың балалары», «Он бес жасар капитан» шығармаларының қаһармандары батыр, даужүрек, құрескер адамдар болып сипатталады.

Орыс жазушысы *Л.Н.Толстой* өмірінің соңғы жылдарында патшалық Ресейдің мемлекет, шіркеу, экономикалық және әлеуметтік тәртіпперін, құлықсыз негіздерін сынға алды. *А.П.Чехов* «Үш апасінлілер», «Шие бағы» пьесаларында өте үлкен күш пен әлеуметтік мәселелерді жалпыландыруға әрекет етті.

Бұл дәуірде жапониялық атақты жазушы *Рока Токутомидің* «Куроби», «Жасамаган жақсы», *Наоэ Киноситоның* «Жалынды баған» романдары феодалдық қалдықтарға қарсы, ұлттық құндылықтарды сақтауға, шетелдің рухани ықпалына қарсы бағытталған еді.

**Натурализм** Натурализм әдебиетті көркем жаңалауда төңкеріс жасады. Сол дәуірдегі тіршілікті өткір көркем бояулармен бейнелеген бір топ өнерпаздар өздерін натуралистер деп атады. Олардың ірі кайраткерлерінің бірі француз жазушысы *Эмиль Золя* Франциядағы барлық сыныптар және әлеуметтік топтардың беделін, тұрмыс салтын және психологиясын көрсетуді алдына мақсат етіп қой-



Рабиндранат Тагор

ды. Эмиль Золяның 20 томдық «Ругон-Маккарлар» шығармасы Екінші империя дәуіріндегі бір жанұяның тұрмысы мен өлеуметтік тарихына арналады. «Жерминал» және «Тас-талқан» романдары оның шығармашылығының шыны бол есептеледі.

Италияда натурализм қайраткерлерінен Луиджи Каруана және Жованни Вегаларды көрсету мүмкін. Олар өз шығармаларында Оңтүстік Италиядың кедейлікті, оған қарсы құресушілерді көркем шеберлікпен көрсетті. Америка натуралистерінен Стивен Крейн «Батырлықтың қанды белгісі», Френк Норрис «Тұнғиық» шығармаларында өте ұлкен өлеуметтік мәселелерді көтеріп шықты.

Бұл дәуірде декаденттік ағымы да біршама дамыды. Еуропа мемлекеттерінде халықтар руханиятында тоқырау белгілерін, үмітсіздікті қаламға алған жазушылардың шығармалары пайда болды және тәрбиені жақсарту идеяларын алға қойды. Олардың уәкілдері П. Верлен, А. Релебо, С. Маллорме, тағы басқалар еді.



**Демократиялық әдебиет** – үстем таптардың мүддесіне емес, халық мүдделері мен келешегіне қызмет ететін, адамдарды келешекке наным рухында тәрбиелейтін, ақиқатты шынайы көрсететін әдебиет.

**Мещан** – Ресейде революцияға дейін қала халқының түрлі санаттары – ұсақ саудагерлер, қолөнерші, тағы сол сияқтылар.

**Декаденттік** (латынша – дағдарыс) Еуропа мәдениетіндегі дағдарыс жағдайын жалпы түрде сипаттайтын түсінік. Дағдарыска ұшырау, үмітсіздікке берілу, өмірден безушілікті өзінде көрсететін ағым.

1. Сыншыл реализм әдебиеті қалай жүзеге келді?
2. Демократиялық әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктерін атап бер.
3. Әдебиеттегі натурализм мен декаденттік, сыншыл реализм ағымдарын салыстыр.
4. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кездерінде дүние жүзі әдебиетінің ірі қайраткерлерінің шығармашылығы туралы нелерді білесін?




Жоғарыда аттары аталған жазушылардың қайсы шығармаларын оқығансың? Бұл туралы шығарма жаз.

## Косымшалар


(Карталар кішіретірлген сурет қалпында берілген)



**XIX ғасырдың соны — XX ғасырдың бас кезіндегі Латын Америкасы мемлекеттері.**



### Орыс–Жапон соғысы



## МАЗМҰНЫ

|              |   |
|--------------|---|
| Кіріспе..... | 3 |
|--------------|---|

### *I БӨЛІМ*

#### **XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ – XX ФАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ДУНИЕ ЖУЗІ**

##### *I таралу. ДУНИЕ ЖУЗІНІҢ ӘЛЕУМЕТТИК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ СИПАТЫ*

|  |    |
|--|----|
| 1- §. XIX фасырдың соны – XX фасырдың бас кезіндеңі<br>капитализмнің дамуында болған түпкілікті<br>өзгерістер..... | 4  |
| 2- §. Даму өркениеті.....  | 11 |

### *II БӨЛІМ*

#### **ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРИ**

##### *II таралу. XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ МЕН XX ФАСЫРДЫҢ БАС КЕЗДЕРІНДЕГІ БАТЫС ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРИ*

|   |    |
|---|----|
| 3- §. Франция – Пруссия соғысы және оның<br>корытындылары.....  | 16 |
| 4- §. Франциядағы Үшінші Республика және 1871 жылы<br>18 наурыздағы мемлекет төңкерісі.....                     | 18 |
| 5- §. XIX фасырдың соны – XX фасырдың басында<br>Франциядағы экономикалық және саяси өмір.....                  | 21 |
| 6- §. Францияның ішкі саясаты.....  | 23 |
| 7- §. Францияның сыртқы саясаты.....  | 27 |
| 8- §. XIX фасырдың соны – XX фасырдың бас кезіндеңі<br>Германия. Империяның құрылуы.....                        | 30 |
| 9- §. Империяның ішкі саясаты.....  | 33 |
| 10- §. Империяның сыртқы саясаты.....   | 35 |
| 11- §. XIX фасырдың соны – XX фасырдың бас кезіндеңі<br>Ұлы Британияның саяси және экономикалық<br>жағдайы..... | 39 |
| 12- §. Ұлы Британияның ішкі саясаты.....  | 42 |
| 13- §. Ұлы Британияның сыртқы саясаты.....  | 45 |

*III таралу. XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ – XX ФАСЫРДЫҢ  
БАС КЕЗІНДЕГІ АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРИ*

|  |    |
|--|----|
| 14- §. Америка Құрама Штаттары.....  | 49 |
| 15- § АҚШ-тың ішкі саясаты.....  | 52 |
| 16- §. АҚШ-тың сыртқы саясаты.....   | 55 |
| 17- §. XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың бас<br>кезіндегі Латын Америкасының мемлекеттері..... | 59 |
| 18- §. Латын Америкасының басқа мемлекеттері.....  | 63 |

*IV таралу. XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ – XX ФАСЫРДЫҢ  
БАС КЕЗІНДЕГІ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ, ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ  
ОНДҮСТИК-ШЫФЫС ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРИ*

|   |    |
|---|----|
| 19- §. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі<br>Ресей империясының әлеуметтік-саяси және<br>экономикалық жағдайы..... | 66 |
| 20- §. Ресей империясының сыртқы саясаты.....   | 69 |
| 21- §. Ресейде Мемлекет думасының құрылуы.....  | 73 |
| 22- §. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі<br>Австрия-Венгрия империясы.....  | 76 |
| 23- §. Австрия-Венгрия империясының сыртқы саясаты.....   | 80 |
| 24- §. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас<br>кезіндегі Италия.....   | 83 |
| 25- §. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі<br>Балқан мемлекеттері.....  | 86 |

*III БӨЛІМ*

**АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРИ**

*V таралу. XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ – XX ФАСЫРДЫҢ  
БАС КЕЗІНДЕГІ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРИ*

|   |     |
|---|-----|
| 26- §. XIX ғасырдың соны және XX ғасырдың бас<br>кезіндегі Жапония.....                       | 90  |
| 27- §. XIX ғасырдың сонындағы Қытай.....  | 94  |
| 28- §. XX ғасырдың бас кезіндегі Қытайдың әлеуметтік-<br>экономикалық және саяси жағдайы..... | 97  |
| 29- §. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі<br>Үндістан.....                         | 101 |
| 30- §. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі Иран.....                                | 105 |
| 31- §. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі<br>Ауғанстан.....                        | 108 |
| 32- §. XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың бас кезіндегі<br>Османды мемлекеті.....                | 112 |

**VI таралу. XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ – XX ФАСЫРДЫҢ  
БАС КЕЗІНДЕГІ АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРИ**

|   |     |
|---|-----|
| 33- §. Солтүстік Африка мемлекеттері.....               | 116 |
| 34- §. Тропиктік және Оңтүстік Африка мемлекеттері..... | 120 |

**VII таралу. 1914 – 1918 ЖЫЛДАРДАҒЫ БІРІНШІ  
ДҮНИЕ ЖҰЗІЛІК СОҒЫС**

|   |     |
|---|-----|
| 35- §. Бірінші дүние жұзілік соғыстың басталуы және барысы.....         | 125 |
| 36- §. 1916 – 1917 жылдардағы соғыс.....                                | 130 |
| 37- §. Бірінші дүние жұзілік соғыстың корытындылары мен салдарлары..... | 132 |

*IV БӨЛІМ.*

**ФЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ**

**VIII таралу. XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫ – XX ФАСЫРДЫҢ БАС  
КЕЗІНДЕГІ ФЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ**

|  |     |
|--|-----|
| 38- §. Материалдық өндірісте техника мен фылымның еркендеуі..... | 137 |
| 39- §. Дәл және жаратылыс фылымдарының дамуы.....                | 141 |
| 40- §. Халыққа білім беру. Гуманитарлық пәндер. Өнер.....        | 146 |
| 41- §. Әдебиет.....  | 150 |
| Косымшалар.....  | 154 |

**Лафасов М., тағы басқалар.**

63.3(0)я72  
Ж 35

**Дүние жүзі тарихы. 9:** Жалпы орта білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған оқулық / М.Лафасов, т.б. 4-қайта өндөлген және толықтырылған басылымы. – Ташкент: „O‘qituvchi“ БПШУ, 2019. – 160 б.

ISBN 978-9943-22-397-4

УЎК: 94(100)(075.3)

КБК 63.3(0)я72

**MOYLI FOZILOVICH LAFASOV  
USMON TOSHPO‘LATOVICH JO‘RAYEV  
ESHQOBIL XOLIQOVICH XOLIQOV  
DIJOROM QODIROVA**

## **JAHON TARIXI**

**Ta’lim qozoq tilida olib boriladigan maktablarning  
9-sinfi uchun darslik**

Qayta ishlangan va to‘ldirilgan 4-nashri

„O‘qituvchi“ nashriyot-matbaa ijodiy uyi  
Toshkent – 2019

Аудармашы және редактор Р.Усерова  
Көркемдеуші редакторлар: Ш.Тоштурдиеев, О.Сава  
Техникалық редактор Н.Ниязмұхамедова  
Компьютерде беттеуші М.Ақбарова

Баспа лицензиясы АI №012. 20.07.2018. Оригинал-макеттен  
басуға рұқсат етілді 04.07.2019. Пішімі 70×90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Кеглі 9, 10 шпонды.  
„Таймс“ гарнитурасы. Офсеттік баспа әдісінде басылды. Офсет қағазы.  
Шартты б. т 11,70. Есеп-баспа т. 9,7. Тиражы 5 639 дана.

Тапсырыс №

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы қасындағы  
Акпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің „O‘qituvchi“  
баспа-полиграфия шығармашылық үйі. Ташкент–206, Юнусабад ауданы,  
Янгишахар көшесі, 1-үй. Шарт № 28-19.

## Жалға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

| № | Окүшіның аты, фамилиясы | Оку жылы | Оқулықты алғандағы жағдайы | Сынып жетекшісінің колы | Оқулықты тапсырғандағы жағдайы | Сынып жетекшісінің колы |
|---|-------------------------|----------|----------------------------|-------------------------|--------------------------------|-------------------------|
| 1 |                         |          |                            |                         |                                |                         |
| 2 |                         |          |                            |                         |                                |                         |
| 3 |                         |          |                            |                         |                                |                         |
| 4 |                         |          |                            |                         |                                |                         |
| 5 |                         |          |                            |                         |                                |                         |
| 6 |                         |          |                            |                         |                                |                         |

**Оқулық жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтып алғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалаумен толтырады**

|                 |  |
|-----------------|--|
| Жаңа            | Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгенде жағдайы.  |
| Жақсы           | Мұқабасы бүтін, оқулық негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парактары бар, жыртылмаған, беттерінде жазу-сызу жок.  |
| Қанағаттанарлы  | Мұқабасы езілген, шеттері мұжілген, оқулық негізгі бөлігінен ажыраған, қолдануыш қанағаттанарлық жағдайға келтірген. Жыртылған парактары қалпына келтірілген, кейбір беттері толық емес. |
| Қанағаттанарсыз | Мұқабасы мұжілген, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған және бүтіндей жок. Беттері жыртылған, парактары толық емес, сзылып боялған. Оқулықты қалпына келтіруге болмайды.                |